



№ 3-4 (65-66), 2013

*Шілде-желтоқсан / Temmuz-Aralık*

Журнал халықаралық сараптамалық кеңес арқылы шығарылады.  
Журнал выпускается при участии международного экспертного совета.  
Bu dergi uluslararası hakemli bir dergidir.  
This journal is printed by international expert council.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде  
2005 жылғы 18-акпанда тіркеліп, №5597-Ж қуәлігі берілген.

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап, Париж қаласындағы халықаралық  
ISSN орталығында тіркелген.  
ISSN 1727-060

Bu dergi Paris'te bulunan Uluslararası ISSN Merkezi'ne Mayıs 2003'te kaydedilmiştir.  
Kayıt No: ISSN 1727-060

Түркістан  
2013



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ / УЧРЕДИТЕЛЬ

**Қожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті**

### *Редакция ақжасының төрагасы / редакция /редакционная коллегия*

Хората О. (редакция алқасының құрметті мүшесі); ф.ғ.д., проф. Ахматалиев А. (Бішкек); проф. Айнурал С. (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Бакашова Ж.К. (Бішкек), ф.ғ.д., проф. Баҳадиррова С. (Некіс); (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Ыбыраев Ш. (Астана); т.ғ.д., проф. Бутанаев В. (Абакан); ф.ғ.д., проф. Васильев Д. (Мәскеу); проф. Б.Дениз (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Егоров Н. (Чебоксары); ф.ғ.д., проф. Идельбаев М.Х. (Уфа); ф.ғ.д., проф. Илларионов В. (Якутск); проф. Майылдыз (Түркістан); (ф.ғ.д., проф. М.Жураев (Ташкент); ф.ғ.д., проф. Закиев М. (Қазан); т.ғ.д., проф. Кызласов И. (Мәскеу); ф.ғ.д., проф. Кунагин Г.С. (Уфа); ф.ғ.д., проф. Кенжетаев Д.Т. (Астана); ф.ғ.д., проф. Қайдар Ә. (Алматы); ф.ғ.д., проф. Махиеддин Н. (Алжир); ф.ғ.д., проф. Миннегулов Х. (Қазан); ф.ғ.д., проф. Мусаев К. (Мәскеу); ф.ғ.д., проф. Мырзахметов М. (Алматы); ф.ғ.д., проф. Нуреддин М. (Бейрут), ф.ғ.д., проф. Орусоол С. (Қызыл); ф.ғ.д., проф. Сарыбаев Ш. (Алматы); ф.ғ.д., проф. Тұрғал С. (Анкарa); ф.ғ.д., проф. Тухлиев Б. (Ташкент); ф.ғ.д., проф. Тыбыкова А. (Горно-Алтайск); ф.ғ.д. Улаков М. (Нальчик); ф.ғ.д., проф. Черемисина М. (Новосибирск); ф.ғ.д., проф. Хребицек Л. (Прага); т.ғ.д., проф. Ювалы А. (Кайсері); ф.ғ.д., проф. Щербак А. (Санкт-Петербург); Танауова Ж. (жаянты хатшы).

### *SAHİBİ / OWNER*

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Yayın Danışma Kurulu Başkanı /  
Head of the Editorial Board  
Prof. Dr. Velihan Abdibekov  
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası  
Kazak-Türk Üniversitesi Rektörü

Yayın Danışma Kurulu Üyesi;  
Prof.Dr. Ahmatalyev, A.  
(Bishkek); Prof.Dr. Aynural,S. (Turkistan); Prof.Dr.  
Baksova, J.K. (Bishkek); Prof.Dr. Bahadirova, S. (Nekis);  
Prof.Dr. Ibraev, S. (Astana); Prof.Dr. Butanayev, B.  
(Abakan); Prof.Dr. Vasilyev, D. (Moskova); Prof.Dr.  
Veliev, K. (Bakü); Prof.Dr.Deniz, B. (Turkistan); Prof.Dr.  
Egorov, N. (Ceboksan); Prof.Dr. Idelbayev, M.H. (Ufa);  
Prof.Dr. Illariyonov, V. (Yakutsk); Prof.Dr. Yildiz M.  
Prof.Dr. M.Juraev, (Tashkent); Prof.Dr. Zakyev, M.(Kazan);  
Prof.Dr. Kizlasov, I. (Moskova); Prof.Dr. Kunafin, G.S.  
(Ufa); Prof.Dr.Kenjetaev, D.T. (Astana) Prof.Dr. Kaydar, A.  
(Almat); Prof.Dr. Mahieddin, N. (Aljir); Prof.Dr.  
Minnegulov, H. (Kazan); Prof.Dr. Musayev, K. (Moskova);  
Prof.Dr. Mirzahmetov, M. (Almat); Prof.Dr. Nureddin, M.  
(Beirut); Prof.Dr. Orus-ool, S. (Kizil); Prof.Dr. Sanbaev, S.  
(Almat); Prof.Dr. Tural, S. (Ankara); Prof.Dr. Tuhliev, B.  
(Tashkent); Prof.Dr. Tibikova, A. (Gorno-Altaysk); Prof.Dr.  
Ulakov M. (Naçik); Çeremisina M. (Novosibirsk); Prof.Dr.  
Hrebitsek, L. (Praga); Prof.Dr. Yuvali, A. (Kayseri); Prof.Dr.  
Şerbak, A. (Sankt-Peterburg); Tanauova, J. (Genel  
sekreter).

*Yazı işleni müdüri / journal administrator*

Prof.Dr.Kulbek Ergöbek  
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası  
Kazak-Türk Üniversitesi  
Türkoloji Enstitüsü Müdürü

*Baş Editör / Editor-in-Chief*

Doç. Dr. Bahit Abjet  
Türkoloji Enstitüsü Müdür Yardımcısı

---

## ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

---

ӘОЖ 398.5

А 39

**Кеңесбай АЛЛАМБЕРГЕНОВ**

филология ғылымдарының докторы, профессор

Әжініяз атындағы Некіс мемлекеттік педагогикалық институты

### ЕР ЕДІГЕ, «ЕДІГЕ» ЭПОСЫ, АЛТЫН ОРДА ЖӘНЕ МАУЕРЕННАХР ДӘУІРІ ТАРИХЫ ЖАЙЫНДА БІР-ЕКІ АУЫЗ СӨЗ

«Едіге» дастанының үлттық версияларындағы сюжеттік мотивтер мазмұны мен қаһармандар образдары сипаттамасының тарихи жақтан типологиялық үкісастықтарға ие болуының ғылым үшін маңызы ете үлкен. Мақалада автор «Едіге» дастанының үлттық версияларындағы тәуелсіздік идеяларының тарихи негіздеріне салыстырмалы-типологиялық талдау жасаган.

**Кітт сөздер:** версия, вариант, эпос, сюжет, Едіге, үлттық версия, салыстырмалы-типология.

«Едіге» дастанының үлттық версиялары варианттарының кейбірі өздерінің идеялық-көркемдік дәрежесінің құндылығы бойынша дүние жүзі халықтары классикалық эпостарының ең алдыңғыларының қатарында тұрады. Себебі, бұл версиялар варианттарының көшпілгінде дерлік бір идея – ол да болса XIV-XV ғасырларда Алтын Орда қол астында жасаған түркі тілдес халықтардың еркін және бейбіт Отан құру үшін, тәуелсіз бірлескен бір түркі мемлекетін тұзу үшін монгол басқышыларына қарсы алып барған үздіксіз күрестері айрықша бір шеберлікпен үлкен көтеріцілікте жыр етіледі.

Өзінің тарихилық сипаттарының терендігі және көркемдік дәрежесінің жоғарылығымен ғылымда «ен көркем варианттар» (В.М. Жирмунский) деп тән алынған үлттық версиялар варианттарының қатарында дастанның қарақалашқ версиясының Ерполат жырау, Өтенияз жырау, Жұмабай жырау Базаров варианттарын көрсетуге болады. Соңдықтан да бұл варианттар көп ғасырлардан бері халық арасында кеңінен таралумен бірге, үлкен қызығушылық оятып, көздің қарашының әлшептеп сақталып, айрықша бір сүйіспеншілікпен жырланып және тыңдалып келуде.

Бұл версия варианттары сезілерлік дәрежеде өз үлттық өзгешеліктеріне ие болғанымен, өздерінің басты идеясы және негізгі сюжеттік өзегі бойынша бір нүктеде түйісіш, бір-бірін толықтырып отырады. Аташ айтқанда, бұл варианттар сюжетіне ортақ болған негізгі оқигалар – Алтын Орда ханы Тоқтамыс пен оның бас әмірі Едіге, Мауереннахр әміршісі Әмір Темір арасындағы талас-тартыстар, Әмір Темір мен Едігенің Тоқтамысқа қарсы алып барған соғыстары, бұл соғыста Тоқтамыстың жеңіліш, Едігенің Әмір Темір көмегімен Еділдің жарты жағын бөліп алып, Ноғайлыны өз алдына ел қылып, салтанат құрулары, бұдан кейінгі Едіге-Тоқтамыс арасындағы талас-тартыстар тарихи шындықтың көркем сәулесі сипатында көзге тасталады.

Ұлттық версиялардағы сюжеттік мотивтердің мазмұны мен қаһарман образына берілген сипаттамалардың типологиялық біртекестігі – олардың фольклорлық-тарихи шындыққа сәйкес келуі, яғни фольклорлық-тарихи типология мысалдарымен де дәлелденіп тұрады. Қарақалшақта вариантта - Едіге көптер кебіндегі перілерден туылса, қазақша вариантта су асты патшасының қызы – су періден туылады. Ноғайша вариантта Едігенің анасы албастының қызы деп беріледі. Қазақша, ноғайша сыңарлар бұл қасиетті туылу тарихын Едігенің аргы аталарынан бастайды. Бірақ, Едігенің туылуы, ата-тегінің халық сүйген аруақты адамдар болуы, оның маңғыттардың ақманғыт руынан келіп шыққандығы мотивінің мазмұны көшілік ұлттық версияларда тарихи шындыққа жақын етіп беріледі. В.М.Жирмунскийдің сілтеме жасауына қарағанда, шарсы деректерінде Едіге маңғыт руынан делинсе, белгілі Шығыс тарихшысы Абылғазы еңбектерінде де ол Манғыттардың ақ маңғыт руынан деп анық келтіріледі [8, 364]. Бұл шікір ноғай тарихшылары тараашынан да толық қуаттау табады. Атап айтсақ, М.Г.Сафаргалиев пен Б.А.Б.Кочекаевтар Ноғай-маңғыт мемлекетінің негізін қалаушы Едігенің маңғыт руынан екендігін дәлелдей отырыш, ол түзген мемлекеттің Маңғыт жұрты (Ноғай және қарақалшақ жұрты – А.К.) екендігін айтады [19, 226; 15, 19-20]. «Әне, сол Маңғыт руынан шыққан Балташық (тарихта Балтычак) ұлы Едіге» [18, 7] деп ноғай фольклортанушысы Ашим Шейх-Али ұлы бұл шікірлерді және де айқындаиды. Ал, Ноғай Ордасы бойынша арнайы зергитеу алыш барған тарихшы В.В.Трапавлов осы версияны (Едігені «ақманғыт» руынан деген версияны – А.К.) «ең бір сенімді, анық және халық кеңінен қабыл еткен версия» [20, 63] деп қорытындылайды. Оның бұл шікірін ноғай, қарақалшақ, татар, башқұрт шежірелері мен осы халықтардағы «Едіге» дастанының көшілік вариантары, сондай-ақ Ш.А.Йазди, Кононов, Шамий, Абылғазы, Солоҳиддин Тошқандий [20, 92] сияқты шығыс-батыс тарихшыларының еңбектері де дәлелдеп тұрады.

Бірақ, кейбір тарихи деректерде Едігенің келіп шыққан руының, әкесінің аты-жөні кім болғандығы туралы бірдей шікірлер жоқ. Атап айтсақ, кейбір фольклоршы ғалымдар Едігені Қоңыраттардың маңғытай руынан келіп шыққан деп, өздерін Едігенің тікелей ұрпақтарымыз деп көрсеткісі келсе, кейбір қазіргі заман тарихшылары Едігенің этникалық шығысын «Едіге - өзбек» [17, 10] деп дәлелдеуге пейіл білдіреді. Мұндай субъектив шікірлейтін ғалымдар тарихта екі Едігенің бар екендігін, оның бірі Едіге барлас болса, екіншісі Едіге маңғыт – екендігін жатта тұтуы керек еді. Себебі, мұның біріншісі Әмір Темірдің тапсырмасымен Тоқтамысты өлімнен құтқарған Идику-барлас болса, екіншісі 1405 жылдан кейін 15 жыл бойы бүкіл Алтын Орданың билігін, тізгінін өз қолында ұстап тұрған Ноғай-Маңғыт ұлысының көсемі, соң бүкіл Алтын Орда әміршісі болған Едіге маңғыт - Едіге Балтышақ ұлы екендігін тарих пәні алдақашпан мойындаған.

## Алламбергенов К. Ер Едіге, «Едіге» эпосы, Алтын Орда және...

Сол үшін да В.Д.Греков, А.Ю.Якубовскийлер «Бұл Идигуни (Едіге-барласты-А.К.) Маңғыттар қауымынан шыққан, орыс шежірелерінде Эдигей атымен белгілі болған Едіге-манғытпен адастырмау керек» [5,272] деп, өз уақытында астын сзызыш айтыш кетті. Ал, Ибн Арабшах Едігенің өкесі жайында еш нөрсе айтпаса да, оны Қоңырат руынан келтіріш шығарады [1, 149].

В.М.Жирмунский Едігені қоңырат яки барлас қауымынан дейтін мұндай шікірлермен бірден келіспейтінін білдіріп, оны жақылыс, қате айтылған шікір сипатында қаралац, «бұл (қоңырат руынан деген шікір - А.К.) Едігенің ана тарапынан келіп шығуына байланысты айтылған шікір болса керек» [8,364], – деп шамалайды.

Едігенің маңғыт руынан келіп шыққаңдығынан және сол рудың би сипатында танылғанынан болса керек, ноғайлар мен қарақалшақтар оны өздерінің ата-бабасы сипатында тән алады. Ноғай тарихшыларының көрсетуінше, Едіге Ноғайлы жұртының атасы, маңғыт руының көсемі, ноғайлыштар, соның ішінде қарақалшақтар мен ноғайлар өздерінің ортағасырлардағы мемлекеттік түзілісін Маңғыт жұрты, өздерін маңғытшыз, деп есептеген. Едіге, оның балалары Қази, Нұраттандер сол Маңғыт жұртының алғашқы хандары есептелген [15,19-20].

Қарақалشاқ, ноғай тарихымен шұғылданушы көшілік ғалымдар ноғайлыштардың, соның ішінде ақ маңғыттардың қарақалшақтар этногенезімен тығыз байланысты екендігін айтады [11, 33-35; 9, 127]. Мысалы, ноғай тарихын зерттеушілер Маңғыттардың ақ маңғыт деген руының ноғай халқының ру-қауымдық құрамында жоқ екендігін [21, 63] айтса, қазақ фольклортанушылары Мәшхүр Жусіп, Р.Бердібаев еңбектерінде Едігені тікелей қарақалшақ үрпағына апарып ұштастыру бағыты байқалады [4, 33; 16, 138]. Ал, қарақалшақ тарихшысы, академик С.Камалов Едігені, ол түзген ортағасырлық мемлекеті Маңғыт руынан шыққан [13, 3] «Едігенің хандығында қарақалшақтармен ноғайлардың тұтқан орны үлкен. Ноғайлар да, ноғайлыштар да, яғни қарақалшақтар да бұл мемлекетті (1391 жылы түзілген Маңғыт жұртын – А.К.) өздерінің мемлекеті деп түсіндіреді» [13, 3], – деп бағаласа, орыс ғалымы, академик В.М.Жирмунский, қазақ ғалымы, академик Θ.Х.Марғұландар қарақалшақтардың «Едіге» дастанына өте жақсы баға берумен бірге, бұл дастан негізінен Ноғай-маңғыт тайпа ұлысы дәуірінде пайда болғандығын айтыш кеткен [13, 14]. Қазіргі өзбек археологтарихшысы, профессор Т.Ширинов та бұл шікірлерді қуаттац, Едігенің қарақалшақтардың тарихи тағдырында үлкен қызмет атқарғандығын айтады [22, 27].

Едіге келіп шыққан Маңғыттардың ақ маңғыт руы негізінен қарақалшақ маңғыттарының қара тай тоңтарына жататындығын Т.А.Жданко түзген Қарақалшақ тарихи этнографиялық шежіре кестесі дәлелдейді [9, 49]. Бұл шікірлердің дұрыстығын, яғни маңғыттардың, анығы Едіге шыққан Ақ маңғыт руының қарақалшақтар этногенезінде басым орынды иелейтінін

қазіргі Қарақалшакстан Республикасында үлкен екі елді мекені аймақтың Маңғыт, Ақ Маңғыт аудандары аттарымен аталулары және Маңғытжарған деген жер-су атамалары да дәлелдеп тұрады.

Бұл, демек, дастанның қарақалшақ версиясын атқарушылардың Едігенің генетикалық мотивіне ұлттық колоритін беруі тарихи шындыққа жақын фольклорлық-көркем шындық деген сөз. Тарих ғылыминың көрсетуінше, қарақалшақтар маңғыт-алты ұлы қарақалшақ атымен ногай-маңғыт жұрты құрамында тек XIV-XV ғасырларда ғана емес, мүмкін, одан да бұрын X-XI ғасырларда-ақ өз алдына халық мемлекет сипатында белгілі болған, ал маңғыттар болса оның этникалық құрамындағы үлкен алты рудың бірі есептеледі [14, 10].

Дастан версияларында Едігенің ер жетуі, халық тұрмысына араласуы, үйленуі, әділ төре, ер жүрек батыр болып жетісу мотиві де фольклорлық жоспарда ұпқыр қиял құпші және тарихи, көркем шындық синтезінде көрінеді.

Осындағы тарихи шындық іздерін Едігенің Тоқтамысқа әскербасы болу мотивінен де қарастыруға болады. Едіге орыс жылнамаларында, Орда әкімдерінің ішінде ең кү және жыртқышы [5, 328], – деп келтіріледі. Орыс тарихшыларының Едіге мен Тоқтамыс алғашқы уақыттары бір-бірімен достық қатынаста болған [5, 329] деген шікірлері дастандағы Едігенің Тоқтамыс сарайына қызметке келу мотивінің тарихи шындыққа сай келетінін дәлелдейді. Ибн Арабшах болса, Едігенің Тоқтамыс әскерлерінің сол қанатының бас әскербасы (генералы) екендігін көрсетумен бір қатарда, оның әрқандай шарасыз жағдайлардан да жол тауыш шығып кете алатын терең ақылды адам болғандығы туралы айтады [1, 149]. В.В.Бартольд «Едігенің әкесі» мақаласында оның алғаш Тоқтамысқа, соң Әмір Темірге қызмет еткендігі жайында еске түсіріп өтеді [2, 801-807].

Дастанда жыр етілген көркем фольклорлық шындық пен тарихи шындықтың қосақтасу фактілері Едіге мен Тоқтамыстың араздасуы, Едігенің Сатемірдің (Әмір Темірдің) жұртына саяси баспа на сұрап кетуі мотивтерінде де айқын көзге тасталады.

Дастанның барлық версияларындағы Едіге мен Тоқтамыстың араздасу мотивінің төркіндерін жалшылағ қарасақ, дастан бізге Тоқтамыстың Әмір Темірмен қақтығысулар дәуіріне дейінгі хандық құруының саяси-моралдық келбеті туралы жеткілікті түсініктер беріп тұрады.

Дастанның татар версиясында Шах Темірдің Тоқтамысқа «Сені баққан (ер жеткізген, хан сайлаған – А.К.) мен болсам» [12, 12] деп айтқанында, Тоқтамыс, шындығында да, XIV ғасырдың 70-жылдарының аяғында (1378-жылы) Әмір Темірдің қолдауымен Сығанақ (Ақ Орда) тағына отырады. Бұған дейін ол Орысханның кудалауына ұшырап, 1376 жылы Самарқандқа, Мауереннахр әкімі Әмір Темір қабылдауына келіп паналайды. Бұл уақыттары Орга Азияның кейір жерлерін бір мемлекетке біріктіруге бар

### Алламбергенов К. Ер Едіге, «Едіге» эпосы, Алтын Орда және...

күшімен күресіш жатырган Әмір Темір Алтын Орда хандары тарашынан келетін қауіш-қатерді осы Тоқтамыстың өз қолымен бастырмақшы болады. Сол мақсатта ол Отыrap мен Сауранды, тіпті Сығанақты (Ақ Орда астанасын) Тоқтамысқа альш беруді жоспарлаған [5, 270-271] және оны 1376 жылы Сығанақтың ханы дег жариялаған.

Әмір Темір қашпа қолдаш-куаттаса да, бұл жағдайларды Орысхан және оның балаларының қолынан тартып алу Тоқтамысқа оңайға түскен жоқ. В.В.Бартольдтың көрсетуінше, жоғарыда аты аталған орындарда оған Орысханның балалары жорық жасаған. Алғашқы соғыста Орысханның баласы Құтлық Бұға қазалануына қарамастан, Тоқтамыс жеңіске ерісе алмаған, Әмір Темірден демеу сұрап оның сарайына қайтыш келген. Әмір Темірден қайта құш алып, Сауранға қайтып жорық жасаған Тоқтамысқа бұл рет ханның басқа баласы Тохта-қыя қирата соққы берген. Тоқтамыстың Орыс хан балаларына қарсы соғыстарынан пәтиже шықпағаннан кейін, 1377 жылдың басында Әмір Темірдің өзі бұл соғысқа араласуға мәжбүр болған. Тоқтамыс тек осыдан кейін, 1378 жылы Ақ Орда тағына біржола ие болған.

Жеңістерден рухтанған Тоқтамыс 1378 жылы марта Алтын Орданың батыс бөлегін жаулаш алады. Алтын Орданың шынайы ханы Мамай 1380 жылдың 8-сентябрінде Куликова майданында Дмитрий Донский тарашынан жеңіліске үшірағаннан кейін, Тоқтамыс оны Азов теңізіне жақын жерде (Калька дариясының бойында) біржола қиратады. 1381 жылдан Алтын Орданың жаңа ханы болған Тоқтамыс орыстардың өзіне бағынудан бас тартқанын сезіп, 1382 жылы Россияға қанды соғысқа аттанады. Осы жылдың 26 авгусында ол Москвандың тыш-типшіл қызып тонаш, біржола өзіне бойсұндырады.

Міне, осыдан кейін Россия 100 жылға дейін Монгол амалдарларының езуі астында қалыш қояды [3, 564-565].

Алтын Ордаға хан болыш, өзінің негізгі мақсаттарына жеткен Тоқтамыс енді өзінің қамқоршысы Әмір Темірден де бет бұрыш, Мауереннахр аймақтарына көз тіге бастайды. Осы мақсатта Әмір Темір қол астына өтіп кеткен Хорезмді Алтын Орда күрамына қайтарып алып, онда 1383 жылдан бастап өзінің атымен тенгелер шығаруға кіріседі.

В.Д.Греков, А.Ю.Якубовскийлердің көрсетуінше, «Хорезм істеріне араласу, ол жерде өз атымен ақша шығару - Тоқтамыстың оле-өлгенінші ұмытшауы қажет болған амалдары (Әмір Темір – А.К.) мен ашықтан-апық қатынасты үзуі еді» [5, 281].

Тоқтамыстың Әмір Темірге қарсы ашық дүппашандыққа өтуі оның Табризге, Әзербайжанға жасаған жорықтарынан да айқын көрініш тұрады. Бұл уақытты (1386-1387 жылдары) Әмір Темір бұл аймақтарды – Иранды, өсіресе, Әзербайжанды өзіне бойсұндыру үшін үлкен соғыстар жүргізіп жатыр еді.

В.Б.Бартольдтың көрсетуінше, Әмір Темір осы соғыстармен алаң болғандықтан да Тоқтамыстың бұл дүшпандықтарына онша көңіл бөлмеген. Тіпті Тоқтамыс 1387 жылы Дәрбент арқылы Әзербайжанға жорық жасаған сапарында (Қарабақ түсінда), Миран Шах (Әмір Темірдің баласы) тарашынан үлкен соққыға ұшыраған үақытында да қолға түскен Тоқтамыс әскерлеріне Әмір Темір азаттық беріп жіберген, Тоқтамыстың өзіне бұл істер тағы қайталанса, жақсылық болмайтынын айтып, сөгіс жариялаумен шектелген [3, 565].

Әмір Темірдің Кавказ арқылы Алтын Ордаға түбінде бір зиян келтіретінін сезіп жүрген Тоқтамыс бұдан кейін де Мауереннахр билеушісіне деген дүшпандық әрекеттерін тоқтатпайды. Әмір Темір Персияда соғыста жүрген сапарында (1387 жылдың аяғында) ол Мауереннахр түбекейлі аймақтарын тас-талқан етіп талай бастайды: Әмударияға дейін барыш жетіп, Бұхара айналасындағы аймақтарды сырдай даалаға айналдырады [3, 565-566].

Тоқтамыс мұнымен де шектеліп қалмай, Хорезмдегі Қоңырат руынан шыққан Суфийтар династиясының соғыс өкілі Сулайман Сұмымен тіл біріктіріп, Әмір Темірге қарсы үлкен қозғалыс үйымдастырған.

Кейбір тарихи деректерге қарағанда, Едігенің Әмір Темір жұртына аттануы тек Едіге-Тоқтамыс дүшпандығының нәтижесі болыш қоймай, бұрыннан келе жатырған Едіге-Әмір Темір достығының жемісі сипатында да келіш шыққан. Ибн Арабшахтың көрсетуінше, Әмір Темір Едігенің даңқ-абыройынан бұрыннан хабардар болған, тіпті әлі Мауереннахр әмірі болмай тұрыш-ақ соғыс майданында сыншынан қырық досының бірі болған, әмір болғаннан кейін Әмір Темір оны Керман (Ирандағы осы өлкө оргалығы) әкімі қылыш дайындаған [1, 149].

Дастаның барлық үлттық версиялары Едігенің Сатемірді Тоқтамысқа қарсы соғысқа бастауы, Сатемірдің Тоқтамысқа соғыс жариялауы, соғыснама сапары, соғыста жеңіске жету мотивтері де бір мазмұнда түйіседі. Бұл мотивтерде Сатемір, Едіге образдарындағы ұнамды сипаттар кем-кемнен анығырақ көзге тастала бастайды. Мысалы, осы мотивтерде біз Сатемір мен Едігені түркі халықтардың үлкен қамкоршысы, түркі халықтар достығының ұлы үйітқылары, катализаторлары, бұл мәселелерде бір-біріне жақын дос, шікірлес тарихи тұлғалар сипатында көз алдымызға келтіреміз. Ерполат жырау екі ұлы әскербасының бұл достық, туысқандық бір шікірлестігін: «Елге ел қосылса, елге дәulet-ті» деп халықтық көзқараспен бағалайды.

Шындығында да, 2500 шақырым ұзақтықта жайласқан 500 000 әскерге ие Тоқтамытай күшті дүшпандыға сенімді адамдарсыз (Едігедей достарсыз – А.К.) бірден соғыс бастау Әмір Темір үшін қауішті еді [10,168]. «Үлкен сеніммен орнынан тұр, мен саған бұл істе кепіл боламын. Ешбір қала саған қарсылық білдіре алмайды, ешбір тоқындық жолыца кесе көлденең бола алмайды, ешбір қылыш сені кесе алмайды және ешбір дүшпан

## Алламбергенов К. Ер Едіге, «Едіге» эпосы, Алтын Орда және...

саған тең келе алмайды және ешқандай соғысқұмар сенімен соғысқа кіре алмайды» [1,150] деп Едіге сендергеннен кейін барып, Әмір Темір дастанда суреттелген соғыс дайындығына кіріседі. Солай етіш, Әмір Темір өз әскер қатары, әскербасыларымен және амалдарларының сенімділігін сыйнау мақсатында үлкен құрылтай өткізіп, 1390 жылдың күздінде Мауереннахр жерлеріне көз алартуын қоймаған қанішер Тоқтамысқа қарсы соғыс жариялаш, Алтын Ордаға қарай соғыс жасауға айт етті [10, 166].

Көріп отырганымыздай, дастан да, тарих та Сатемір (Әмір Темір) мен Едігенің Алтын Ордаға қарсы алып барған соғысын біржақты көзқарастан бағалайды: бұл соғыс Сатемір тараҧынан өз мемлекетін Тоқтамыстың басып алу саясатынан қорғау, сыртқы дүшпан қаушиен біржола құтқару, Еділ бойындағы түркі тілдес туысқан достарына (Едіге ұлысына) көмек беру мақсатында жасалған болса, Едіге тараҧынан өз ұлысын, өз елін Тоқтамыстың зұлымдығынан құтқару, сол арқылы өзі де Мауереннахр мемлекеті сияқты өз алдына тәуелсіз ел, ұлыс болып жасау ниетінде амалға асырылады. Бұл мақсаттың іске асусы үшін Мәуереннахр халықтарының достық көмегі керектігін Едіге жақсы түсінетін.

Демек, Сатемір мен Едігенің Тоқтамысқа қарсы аттануы бұл ұнамсыз басып алушылық соғыстары емес, ел-халықты, түркі дүниесін монгол басқыншыларының екі ғасырға жақын езуішлік зұлымдығынан құтқару үшін болған қүрестері, бүкіл түркі дүниесінің басқыншыларға қарсы бірігіш бас көтерулері деп бағалануы керек.

Дастандағы Сатемір мен Едігенің ел-халықтарының бақытын, еркіндігін қорғау, түркі дүниесін тұтас тәуелсіз мемлекетке біріктіру жолындағы бұл ұнамды іс-әрекеттерін, әсіресе Әмір Темір және Едіге образындағы досқа садықтық, уәдеге беріктік сияқты сапалы белгілерді тарихи деректер де бекерлемейді.

В.Л.Егоров Әмір Темірдің 1395 жылғы жорығында бұрынғы Еділ бойы Бұлгарындағы қол қатылмай қалған қалалардан тек екеуін – Жайықтағы Сарайшықты және Алтын Орданың ең алғашқы орталығы Сарай қаласын көрсетеді. Ол бұл қалалардың бұзылмагандығын археологиялық материалдар да дәлелдейтінің, тіпті оның XV ғасырда да сақталыш тұргандығын айтыш, Әмір Темірдің бұл қалаға тимегендігін қыс түсіп қалғандығынан болса керек деш шамалайды [7, 223].

Біздіңше, Әмір Темірдің Сарайшық пен Сарай қаласына қыс түсіп қалуына байланысты жорық жасамауы онша сенімді пікірлер емес. Егер Әмір Темір бұл қалаларды қирату ниетінде болғанда, қыс-жазға қараш отырмаған болар еді. Бұл жерде Әмір Темір Ноғай Ордасын Токтамыстан боліш алып, Едігеге беру жайындағы қарапарына садық қалғандықтан бұл қалаларға қол салмаған болуы мүмкін. Солай екен, Әмір Темірдің Едіге ордасына тимегенін тарих мойындаса, кейбір әдебиетшілер мен тарихшылар Едігенің Әмір Темір

қызметінен өз елшे басқаруға кеткен әрекеттерін «қиянатшылық» деп қаралауға ұмтылуы [1,151] орынсыз.

Біздің шікірімізге жақын шікірлерді В.В.Трапавлов еңбегінен де керуге болады. Оның ойынша, Әмір Темір Едігені осылайша сатқындықта қаралағанда, оның (Едігенің – А.К.) үрпақтарынан Едігеге мұрагерлікке берген Иран қаласы Керманды және сол өлкені әлдеқашан қайтыш алған болар еді [21, 67]. Бұл жерде тарихи деректерден де бөлек дастанның өзі тарихи шындықты бірқанша толық және дұрыс сәулелендіріп береді:

Еділ мен Жайығым,  
Чулман мен Нократым,  
Сендей жұртым болғанда,  
Сені менен айырган,  
Мені сенен айырган,  
Бай жұртымды құл еткен,  
Тоқ жұртымды аш еткен,  
Тоқтамысты шабайын деп,  
Өз жұртымды алайын деп,  
Саған келдім, туған жұрт [12, 133], –

деп Едіге тарихындағы драматизме толы ғүл кезеңдерді дастанның татарша вариантында осылай жырлайды.

Қарақалшақпа варианта Сатемір Тоқтамысты жеңіш, мақсатына жеткеннен кейін, Едігеге Еділдің арғы жағын бөліп беріш, еліне (Самарқандқа) қайтып кетеді. Шындығында, ғүл тарихи шындыққа да сәйкес келеді. Мысалы, Әмір Темір 1376 жылы қышпақтар тағына Тоқтамыстың отыруына қандай көмек берген [10, 123] болса, 1391 жылы Тоқтамыстың жеңілісінен кейінгі Едігенің Еділ жұртқа қайтыш, Ноғай ұлысына (Маңғыт жұртқына) билік етуіне, 1395 жылы Тоқтамыстың соңғы жеңілісінен кейін, Алтын Ордаға Қыйғырчақтың хан болуына, тіпті 1396-98 жылдардағы Алтын Ордадағы көшпілік хан және сұлтандардың, әмірлердің, соның ішінде Нұраддиннің де өкімет басына келуіне соңдай үлес қосқан және белгілі дәрежеде ықпал да жасаган [1,157-158; 6, 209, 215, 219].

Қорыта айтқанда, «Едіге» дастаның ұлттық версияларындағы мұндай сюжеттік мотивтер мазмұны мен қаһармандар образдарының сипаттамасының тарихи жақтан да типологиялық ұқастықтарға ие болуының ғылым үшін маңызы өте үлкен. Ғүл факт, біріншіден, «Едіге» дастаның ұлттық версияларының бір төркіннен, яғни XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың бірінші ширегіндегі Алтын Орда және Ноғай ордасында болып өткен тарихи, саяси-қоғамдық, мәдени оқиғалардың негізінде келіп шыққан бағасыз фольклорлық-көркем естелік екендігін көрсетсе, екіншіден, ғүл версиялардың терен тарихилық сипат иеленетінін де білдіріп тұрады.

## **Алламбергенов К. Ер Едіге, «Едіге» эпосы, Алтын Орда және...**

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Арабшах. Амир Темир тарихи. -Ташкент: «Мехнат», 1992.
2. Бартольд В.В. Сочинения, т. II, М.: изд-во «Наука», 1963.
3. Бартольд В.В. Тохтамыш // Сочинения, т. V. / Работы по истории и филологии тюркских и монгольских / М.: изд-во «Наука», 1968.
4. Бердібай Р., Дүйсенбі А. Едіге туралы қазақ аныздары. «Қарақалпақ халық дастаны «Едигени» үйрениу мәселе» // Халық-қ конференция тезислері. -Некис, 2001.
5. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Олтин Урда ва унинг қулаши. -Ташкент: Уздав. Уқув-педагогика нашриёти, 1956.
6. Греков Б.Д. Восточная Европа и упадок Золотой Орды. -М.: «Наука», 1975.
7. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XII-XIV вв. -М.: «Наука», 1985.
8. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. -М.Л.: «Наука», 1974.
9. Жданко Т.А. очерки исторической этнографии каракалпаков. -М.Л.: «Наука», 1950.
10. Иванин М. Икки буюк саркарда. Ташкент: «Фан», 1994.
11. Иванов П.П. Очерки истории каракалпаков // Материалы по истории каракалпаков / Сборник. Труды Инс-та Востоковедения АН ССР, т.VII. -М.Л.: изд., АН ССР, 1935.
12. Идегәй. -Казан: ТКН, 1988.
13. Камалов С. «Едиге» дастаны және тарих/ Халық-қ конф. тезислері.-Некис, 2001.
14. Камалов С. Қарақалпақтардың халық болып қөлилесниу және оның мемлекетлиги тарихынан. -Некис, 2001.
15. Кочекаев А.Б. Ногайско-русские отношения в XV-XVIII в. Алма-Ата: «Наука», Каз ССР, 1988.
16. Кепеев М.Ж. «Ер Едіге». Едіге батыр. -Алматы, 1996.
17. Мақсетова М. Исторические корни эпоса «Едиге». Автореф на соиск. уч. ст. к. ист. н. -Нукус, 1995.
18. Ногайдын қырк балыри. Эдиге. Ногай халқ дестанлары. -Махачкала, 1991.
19. Сафаргалиев М.Г. Распад Золотой Орды // Учен. Зап. Мордовского гос. Ун.-та.- Саранск, 1960.
20. Тошкандий С. Темурнома. -Т.: «Чулпон», 1991.
21. Трапавлов В.В. История Ногайской Орды. -М.: Изд-ская фирма «Восточная литература» РАН, 2001.
22. Ширинов Т. Амир Темур, Едигей и их время/ Халық-қ конф. тезислері.-Некис, 2001.

### **РЕЗЮМЕ**

*В данной статье даётся сравнительно-типологический анализ идеи национальной независимости, которая находит отражение в национальных версиях эпоса «Едиге».  
(Allambergenov K. Слово об истории «Ер Едіге», эпос «Едиге», эпохи Золотой орды и Маусереннахра)*

### **SUMMARY**

*The article deals with the comparative-typological analysis of the idea of national independence which has been expressed in the national versions of the epos «Edige». (Allambergenov K. Some words about the history of the hero Edige, the epos «Edige» the Golden Horde and Mavterennahr).*

### **ÖZET**

*“Yedige” Destanının milli nüshalarındaki motifleri ve kahramanlar niteliği tarihi yönden tipolojik benzerliklere sahiptir. Yazar destanındaki bağımsızlık düşüncelerini tarihi açıdan değerlendirmektedir.*

*(Allambergenov K. Er Edige, “Edige” destanı, Altın Orda ve Mavterennahr tarihi hakkında).*

**Бақыт ЭБЖЕТ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

**Зейнеп ЙЫЛДЫРЫМ**

магистрант

Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

**«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» ШАМАНДЫҚ НАНЫМНАН ТУҒАН  
ТӨБЕГӨЗ БЕЙНЕСІНІҢ САҚТАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Мақалада «Корқыт Ата кітабында» айтылатын «Басаттың Төбегөзді өлтірген әңгімесінің баяны» дег аталатын жырдағы Төбегөз дәудің шығу тарихы жан-жақты сөз болады. Көне түркілердің мифологиясында ұшырасатын жалғыз көзді адамдар мен дәуулер туралы кейішкердің қазақ ертегісінде, Геродот жазбаларында және Корқыт кітабында кездесетіндігі ғылыми түрғыдан талданады. Бұл персонаждың исламға дейін, шамандық наным негізінде дүниеге келгенінде айтылады.*

**Кілт сөздер:** Төбегөз, әпсана, хикаят, архаикалық жыр, көне эпос.

«Корқыт Ата кітабы» кезінде Сыр бойында өмір сүрген оғыз тайпаларының архаикалық жырлары негізінде құрылған. Әр жырды жырлаушы, оғыз тайпаларының рухани қолдаушысы ретінде көрінетін Корқыт абыз әрбір оқиғаның басы-қасында жүреді. Жаңа туған балаға ат қою, оның келешегін болжай, ақылшы батагей ретінде суреттеледі және бұл күлпі түркі халқында ертеден қалыштасқан үғым. Ерте дәуірлерден бері Корқыт атаның аты күлпі түркі жұртyna белгілі болған, әсіресе балгер-бақсылар оның құдіретіне сыйының, оның кереметтігі жайында түрлі аңыздар айтып, атын өз сарындарына қосқан. Академик С.Қасқабасов: «Сонымен көзіміздің жеткені – қазақ әпсана-хикаяттарындағы Корқыт түтеп келгенде қолынан келмейтіні жоқ зор бақсы (шаман), жасампаз қаһарман екендігі. Оның «мәдени қызметі» жайында ел арасындағы кейір әпсаналар да баяндайды. Мәселең, бір әпсанада Корқыт «Моншақты», ал екінші әпсанада «Домбыралы» аттарын ойлаған табушы болып бейнеленеді. Мұнда Корқыт белгілі бір жердің не себепті солай аталғаны жайлы баяндайтын мекендей әпсананың кейішкери болып көрінеді, бірақ соған қарамастан оның бойынан көне мифтегі жасампаз қаһарман – ілкі атаның қасиетін табуға болады»[1, 674] дег. Корқытты ерте дәуірде пайда болған «көне мифтегі жасампаз қаһарман» қатарына жатқызады. Шындығында да «Корқыт Ата кітабында» Корқыт түркі халқының жебеушісі, рухани ұстазы ретінде көрініп, жыр ішіндегі кейішкерлер қиналған, қысылған тұста немесе шаттыққа бөленіп, той, жиын болған жағдайда Корқыт келіп бата жасап, қобызынан жыр төгіп отырады. Бұл сипаты қаһармандық эпостагы батырды жебейтін Файш Ерен қырық Шілтен, Көміл шір секілді ислам дінін

## Әбжет Б., Йылдырым З. «Қорқыт ата кітабындағы» шамандық...

қабылдаған соң жырлар мен зпостардан орын алған ата-баба рухы, қын сәтте қолтықтан демейтін аруақтар бейнесін елестетеді.

«Қорқыт Ата кітабында» сөз болатын көптеген жырдың оқыбалары тікелей Қорқытқа қатысты, басташқыда Қорқытқа қатысты жекелеген жырлар болған болса керек, кейін тұтастаныш циклдену кезеңінде батырлық жайлы айтылған аныздар мен Қорқыт атанаң жебеуші рухқа айналған бейнесі негізінде хатқа түскен секілденеді. Мысалы, «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны» атты жырдағы Төбекөздің туылуы мен Қорқыттың дүниеге келуінде де ұқастықтар кездеседі. Төбегөздің дүниеге келуін былайша баяндайды: «Бір күні оғыздар жазғы жайлауга көшіп еді. Арудың Коңыр оғыз Қойшы деген малшысы болушы еді. Оғыз елінде одан озыш жайлауға қонатын адам болмаған. Сол жайлауда «Ұзын бұлақ» дейтін өзен бар еді. Оның су перісі болатын. Бір күні сол бұлаққа келген қойлар үркіш шықты. Қойшы қой алдында тұрған қошқарға қараң еді, оның үстінде пері қыздары қанаттасып ұшып жүр екен. Қойшы перінің бірін ұстаң алды. Сұлу қызды көрген соң, көнілі кетіп, шекспенін төсеп, онымен жақындасты, қойлар үркіш қаша жөнелді. Қойшы атына мініп, қашқан қойлардың соңынан кетті пері қызы қанатын қағыш ұшып кетті. Ұшып бара жатып Қойшыға: «Бір жылдан кейін осында келш, мендегі аманатыңды ал. Оғыз еліне сен бүліншілік салатын болдың» - депті» [2, 90-91].

Келер жылы шопан бұлақ басында пыс-пыс етіп жатқан дөңбектей бір нәрсенің ораулы жатқанын көреді. Сақпан тасымен ұрмақшы болады, алайда сиқыр құшімен тас орнынан жылжымайды. Шопан қорықанынан қашып кетеді. Сол кезде Баяндыр хан серуендеп жүрген еді, ол құндақтаулы бір дөңбекті көреді. Бір жігіт барып ағымен тепкенде ораудағы нәрсе ұлғая түседі. Аруз барып тепкенде ісінген нәрсе жарылыш, ішінен кеудесі адамға ұқсайтың, төбесінде жалғыз көзі бар бір бала шығады. Оны Аруз асырап алады. Өсе-келе ауылдың балаларына тыныштық бермеген соң Аруз үйінен қуыш жібереді. Сол кезде пері анасы келіп Төбегөздің саусағына жұзік салады да: «Ұлым, саған оқ өтпесін, тәнінді қызын кеспесін», - дейді. Перінің сиқырлы жұзігімен қаруланған Төбегөз оғыздардың басына қауіп төндіреді. Бұл жері «Шахнама» дастанындағы Рұстем мен Исфандияр соғысына ұқсайды. Фирдоусидің «Шахнама» дастанындағы Зәрдүштің киесімен қаруланған Исфандиярды Рұстем батыр қашпа уақыт соғысса да ала алмайды. Рұстемге Самұрық құс көмекке келеді. Газ атты ағаштың бұтағынан жасалған жебені өкеп береді. Сол оқшеп Рұстем Исфандиярдың көзінен атыш өлтіреді. Басат та Төбегөздің көзіне қызған қанжарды салып алады, пері шешесінің берген жұзігін алған соңғана оны өлтіреді. Екі жырда да тылсым құштер перілер әлемімен, көк аспанмен байланыс бар екендігі аңғарылады.

Қорқыттың дүниеге келуін де табиғаттың құбылуымен байланыстыратындығы турасында қазақтарда жыр жолдары сақталып қалған:

Корқыт тұған кезінде  
Қараспаңды су алған.  
Қара жерді құм алған  
Ол туарда ел қорқып,  
Тұғаннан соң қуанған!

Аңыздың айтуыша, тошан су мен жерді құм басуына себеп болған Корқыттың дүниеге келуі деп түсіндіреді. Табиғаттағы тосын құбылыстың орын алуы арқылы тылсым дүниемен байланысы бар шаманның, үлкен бақсының дүниеге келгендігін түспалдайды.

Корқыттың анасы қышшақ қызы болған деңінсе, енді бір аңызда оны дилодан тұғандығы турасында айтылған. Онда былай дейді: «Корқыт айдын, үлкен көзді диу қызынан дүниеге келіпті. Бойы алшыс аршын, яғни ете ұзын екен. Тірісінде аяғын абайсызда созғанда башмайы Ақтамақтың аяғына тиіп кеткені үшін өлгеннен кейін бұл ұзын аяқ көрдін (мазардың) сыртына шығып жатады-мыс», - деп көрсетеді Ә.А.Сұлтанлы халық аңызына сүйене отырыш» [2, 590].

Әлкей Марғұлан Корқыттың дүниеге келуін байырғы түркі наымына жатқызады, бақсының дүниеге келуі жай ғана құбылыс емес, ол періден тудады, сөуегей де әулие болуы үшін Корқыт жайлы аңыздың барлығында оны ерекше жағдайда дүниеге келгендігі турасында айтады: «Халық мифінде жеңілмейтін жалғыз көзді дәуді (Төбекез) жер астындағы үңгірде туғызып, не көрқаптан шыгарса, Корқытты да көрде туғызып», не көрқаптан шыгарады. Кей аңыздарда қу терісін жамылған перінің қызынан тудырады, не аққудың өзінен туғызады. Корқытты Қуба дилодің қызынан туғызу түрік, әзербайжан иұқаларында да айтылады. Альштарды көрде, көрқапта туғызу исламнан бұрынғы салт-сананы анғартады. Сондай-ақ қазактардың аққуды «Киелі құс» деуі де – исламға дейінгі табиғатқа, тәніріге табыну кезеңінен қалған ұғым» [2, 74].

Фалым өз еңбегінде ХVIII ғасырда өмір сүрген Абылай хан жас батырларының батырлығын сынау үшін ай далада, жапандары қараусыз қалған молаларға жалғыз қалдырып, түнетіп отыргандығын айтады. Батырдың ержүректілігін молаға жатқызып, не ескі үңгірге қалдырып сынау қазақ халқында бұрыннан келе жатқан салт болған. «Қарға батыр» жырында да ел кезіп барымтамен жүрген Қарға батыр ескі молаға жасырынып жатып бір шалдың үрейін ұшырмақшы болғандығы айтылады. Саспақ түгілі көрге тығылыш жатқан Қарғаны суырып алыш сабай бастаған шалдың қайратына батырдың өзі таң қалады [3].

Қазақтың «Едіге» жырында да Баба Тұкті Шашты Өзіз Қаратая маңында Мыңжылқы деген жерде дәрет алыш отырганда аспаннан ұшып келіп көлге қоған үш аққудың ең кіппесінің киімдерін тығып қояды. Осы перінің қызынан Едіге батыр туады [4,15].

## Әбжет Б., Йылдырым З. «Қорқыт ата кітабындағы» шамандық...

Елге әлек салып, зор қайғы туғызып, алшат қынышылыққа әкелетін Төбегөз секілді алып дәуді өлтіретін батыр да ерекше жағдайда дүниеге келуі тиіс. Ел ішінен шықкан жай ғана батырлар Төбегөзбен барыш соғыс жүргізгенімен оны жеңе алмайды. Оған күші жетпейді немесе атқан оғы өтпейді, шашқан қылышы кеспейді. Қашпа батыр болса да сиқыры бар алып дәудің алдында дәрменсіздікке душар болады. Сондықтан да оны өлтіру үшін тек елден жырақта жыртқыштар арасында ескең, арыстанның шикі сүтін емген ерекше қайратты да қайсар, оның үстіне тылсым күштер қолдаш тұратын немесе тотемдік киeler қолдаш жүретін батыр болуы тиіс. Төбегөзді өлтіретін Бисат батыр сондай адам. Тылсым дүниеден пайда болған альпты жену үшін тылсым күшпен қаңдайда бір байланысы бар батыр ғана шығуы қажеттігі турасында академик В.Жирмунский де айтып өтеді: «Такой же архаический и сказочный характер имеют два вступительных эпизода, дополняющих в «Депе-Гёзе» основной сюжет: рассказ о младенчестве Бисата и о чудесном рождении одноглазого великана.

Биография Бисата, вскормленного львом, примыкает к многочисленной группе тотемических по своему происхождению сказаний о богатырях, вскормленных или вспоенных молоком дикого зверя и унаследовавших отсюда необходимые качества мужества и физической силы. Миф о звериных (тотемистических) предках героя, лежащий в основе подобных сказаний, дается в биографии Бисата в ослабленной и рационализированной форме, главным образом для того, чтобы мотивировать последующий подвиг героя, его победу над страшным и неуязвимым врагом, перед которым должен был отступить даже «глава витязей» Казан» [2, 547].

Қазақтың «Шерқуат», «Мұңлық-Зарлық» дастандарында жас баланы асырап алған жолбарыс, киік секілді аңдар жас баланы асырайды, ер жеткен соң мықты батырға айналады. Жалпы көне эпостарда батырдың аты оның алғашқы көрсеткен ерлігіне қатысты болғандығы аңғарылып тұрады. Шерқуат арыстанды еміш өскендіктен аталса, Зарлық далада, киқтер арасында өскендіктен сондай ат қойылғандығы байқалады. «Қаһарманға ат қою ежелгі салт бойынша үлкен оқиғамен байланысты. Көне эпостарда кейішкер өсе келе алғашқы ерлік жасағаннан кейін ғана оған рудың ақсақалдары, я болмаса желең-жебеуші шрлері ат қойған. Бұл салт «Қорқыт ата кітабында» да толық сақталған, мәселен, майданда бұқаны өлтіргені үшін жас батырға Бұқашп деген ат қойған» [5, 78].

Көне архаикалық жырларда, қаһармандық эпостарда батыр ерекше жағдайда дүниеге келеді дедік. Ислам дінін қабылдағанға дейінгі шамандық наным бойынша оларды тотем киelerі қолдаш тұратындығы жайлы ғалым Ә.Қоңыратбаев та айтып өтеді: «Рум ергегілерінде Ромул мен Реманы қашпық қасқыр асырайды. Рұстемді жолбарыс емізіп, Самұрық тәрбиелейді. Бұл аңыз түркі тайпаларында сонау хұн заманынан бері бар. Суга тасталған баланы Бөрте Шине (қасқыр) асыраш, содан ашина түріктері тараңты

делінеді. Мұңлық пен Зарлықты киік, тәжік батыры Гургулиды жылқы асырайды. Бұл сияқты тотемдік-этногенездік аңыз Алтайға батыстан барды деу қын. Тотемдік ұғымдар көшшелілерге тән. Грек, Рум тарихшылары ол кезде сақ тайпалары жайында аныз-ертегілерді көп жинаған. Тотемдік мифтерді Э.Тейлор ру обшинасы кезінде туған дейді. Бізде тотемдік образдар (мысалы, Оғызханды бастайтын көкжал қасқыр) X ғасырга дейін сақталған» [6, 435-436].

«Қорқыт ата кітабындағы» Төбөгөз дәудің бейнесі де X ғасырга дейінгі түркі халықтарының атасында кеңінен тараған мифтік әңгімелер негізінде қалыштасқан кейішкер екендігін аңғарамыз. Жалшы Оргалық Азия аймағында көшшелі өмір сүрген түркі тайпалары арасында жалғыз көзді дәулдер жайлы хикаялар ете көп болған. Жалғыз көзді жалмауыз тұрасында айтылатын ертегілер әлі де қазақтар арасында молынан ұшырасады. «Аушар хан», «Жайық пен Еділ», «Жалғыз көзді дәу», «Жерден шықкан Желім батыр» секілді ертегілерде жалғыз көзді дәу бейнесі көрініс берген.

Көшшелі халықтар арасындағы жалғыз көзді дәулер туралы айтылатын аңыздар сонау ерте дәуірлердің өзінде-ақ Еуропа мен Азияның бірқатар халықтарына мәлім болғанға ұқсайды. Тарих жайлы кітап жазған атақты Геродоттың жазбаларынан мынадай деректі табуға болады: «Итак, об исседонах у нас есть еще свидения. Выше исседонов по их собственным рассказам, живут одноглазые люди и стерегущие золото грифы. Скифы передают об этом со слов исседонов, а мы прочие узнаем от скифов «завем их по-скифски аримаспами, «арима» у скифов значит «единица», а «спу» - «глаз» [7, 245].

Сақ, скиф тайпаларының шындық деп айтқан жалғыз көзді адамдар тұрасындағы әңгімесіне Геродот сенбейтіндігін де ашық жазады. Біздің дәуірімізге дейінгі өмір сүрген сақ тайпаларының мифологиясында жер бетін мекен ететін, тоғай, су, дала секілді мекендердің иесі болыш саналатын жартылай құдайлар қатарына жататын жалғыз көзді дәулер жайында сақталған шамандық нанымдар бертінгі кездерге шейін келген. Оғыз-қышпақ конфедерациясы тұсында да байырғы түркілік мифтер әлі жоғалып кетпеген. Ислам діні күшешіп, бұрынғы наным-сенімдерді ығыстыра бастағанға шейін яғни XV ғасырларға дейін сақталғандығы байқалады. «Қорқыт ата кітабы» ислам діні әбден мойындалып, бұрынғы нанымдар ұмытыла бастаған кезде хатқа түскендігіне қарамастан, байырғы түркілік наым-сенімдер жақсы сақталып қалғандығының күәсі боламыз.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос /Орыс тілінен ауд. Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 бет.
2. «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинақ: /Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы – 1999 ж.

## Әбжет Б., Йылдырым З. «Қорқыт ата кітабындағы» шамандық...

3. Қазыналы Оңтүстік. - Алматы: «Нұрлы Әлем», 2012. – Сер: Түкістан кітапханасы. 5-кітап. Қазақ жырлары. – 304 бет.
4. Қазақтың батырлық эпосы /Кұрастырган С.Дәуітов. – Алматы: Рауан, 1992. – 104 бет.
5. Іібыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Фылым, 1993. – 296 б.
6. Қоңыратбаев Ә.Қ. Көп томдық шығармалар жинағы.-Алматы: «МерСал» Баспа үйі, 2004. Т.1. Фольклорғану мәселелері. – 2004. – 554 бет.
7. Геродот. История/Пер. С греч. И комм. Г.А.Стратановского. Вступ. Статья И.Е.Сурикова. – М.: ОЛМА-ПРЕСС инвест, 2004. – 640 с.

### РЕЗЮМЕ

*В статье широко рассматривается история появления великана (дау) Тобегоз, о котором упоминается в песне (жыр) под названием «Повествование об убийстве Тобегоза Басатом» в книге Коркыт Ата». Проводится научный анализ того, что герой одноглазых людей и великанов (дау), встречающихся в древне тюркских мифологиях имеют место и в казахских сказках, писаниях Геродота и в книге Коркыт. Говорится о том, что данный персонаж возник до ислама и на основе верований шаманизма.*

*(Абжет Б., Йылдырым З. Отличительные черты образа Тобегоза в «Книге Коркыт Ата»)*

### SUMMARY

*The article examines the history of the emergence of widely giant (day) Tobegoz, which is mentioned in the song (zhyr) entitled "The story of Kill Tobegoz by Basat" in "book of Korkyt Ata." Research carried out an analysis of what the characters one-eyed men and giants (day), had meetings in the ancient Turkic mythology take place in Kazakh fairy-tales, the writings in the book of Herodot and in the book of Korkyt. Says that this character originated before Islam and beliefs based on shamanism.*

*(Abjet B., Iyldyrym Z. Distinctive features of the way Tobegoz in "Book of Korkyt Ata")*

### ÖZET

*Makalede "Korkut Ata" kitabındaki "Basat'in Töbegözü öldürme hikayesi" üzerine inceleme yapılmıştır. Eski türk mitolojisindeki tek gözlü insanların Kazak masallarında, Herodot yazılarında ve Korkut Ata kitabındaki gibi ilti açıdan araştırılmışmaktadır. Bu kahramanların İslamiyetten önceki şaman inancına has olduğu görüşü hakimdir.*

*(Abjet B. - Yıldırım Z. "Korkut Ata kitabındaki" şamanizmden gelen Töbegöz karakteri)*

**Д.А.ИСЛАМ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

**ТҮРІК ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ АҚЫЛШЫ БЕЙНЕЛЕРИНІҢ КӨРКЕМДІК  
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ, ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Мақалада көне түрік фольклоры мен жазба әдебиетіндегі ақылшы-көңесші бейнелерінің идеялық-көркемдік маңыздылығы, «Мендік» белгі сипаттары, қазақ батырлық жырлары мен ортағасырлық дидактикалық әдебиет, жыраулық поэзия мен көркемдік дәстүр сабактастығы дәйектеледі. Түрік дастандарындағы ақылшы-көңесші бейнелерінің поэтикалық құрылымы жан-жақты талдана отырып, батырлық жырлардағы көмексілекшілік себептері туғызлады.*

*Кітп қөздер:* Тонықек жырау, Ұлық Түрік, Бөрте Шене, ақылшы, көңесші, жырау, абыз.

Рухани мұра өз заманының үнін, ақыл-ойының сипатын, дәуірінің шынайы бейнесін саралайды. Соңдықтан да, сез өнерінің бүгінге жеткен құндылықтарын өткен уақыттың тарихи ағымынан ажыратып қарай қоймаймыз. Өз кезеңін сыр-сипаты түрлі қырынан суреттелуі де табиғи. Ең бастысы мұндай шығармалардың өз кезеңінде сипатын бойына жүқтүріп, тарихын бейнелеуімен бірге бүгінгі рухани ой биғінің қажеттілігін қанағаттандыра алушында. Тіпті өз кезеңінде тарихи шежіресін суреттей отырып кейінгі құндылықтардың негізі ретінде дәстүрлі сілемдерді қалыптастырып кетеді. «Біздің заманымыз – өткен заманың баласы, келер заманың атасы» [1, 213], – деген аталы сөзді қай заманың да алдына қойып, адамзат баласының дәуір алдындағы жауапкершілік міндеттерін терең ұғынуға болады. Үл – ұлттық әдеби дәстүрлеріміздің тарихи кезеңдерден өткен көркемдік даму тарихындағы, жалғастығындағы табиғи заңдылық екендігін де айқындастырып тәмсіл. Ендеше, бүгінгі рухани байлығымыздың кеңістігін толтыруши материалдар ұлттық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіміздің тегі фольклорлық бастауларда жатқандығынан, көркемдік дәстүр сабактастығы түрғысынан қарастыру маңызды болмақ. «Болған талай ауылыңыз, тайпаңыз, Енді соңың ізін тауыш байқаңыз» [2, 198], – дейді, Жүсіп Хас Қажыб бір бәйітінде. Шайыр айтыш отырган ізді рухани құндылықтарымыздан табуға «жан» сұранысын, қажетін беру үшін де бүгінгі ұршақ мұдделі. Жаңа ізденістер жүргізу талғамы өскен жұрттымыздың биік талаптарына жауап беру үшін де керек. Ұлттық діліміздің ұстыны болып, ежелгі дәуірден бері келе жатқан рухани құндылықтар тізбегі халықтың болмысымыздың көрсеткіштері. Ұлттық болмысымызды өзгеден даралаң, оқшаулаш тұратын құндылықтарымыздың өзегі дәстүрлі түркілік дүниетаным

## Ислам Д.А. Түрік дастандарындағы ақылшы бейнелерінің...

болса, оның үйлесімділігі көркемдік ойлау жүйесімен де ерекшеленеді. Көркемдік ойлау жүйесінің бастапқы арналары – фольклор мен сөз өнері. Мәдени мұраларымызды танып білуімізге мүмкіндік туыш отырган тұста фольклорымыздың даму жолдары тарихи тұрғыдан қарастырылды [3]. Кеңестік фольклортану жүйесінде қалыптасқан тарихи-генетикалық, тарихи мәдени, тарихи-типологиялық үқастықтар тиши назарға алышып, «эпостың ішіндегі түрлі дәуірдің нышандарын да стадиялық тұрғыдан анықтаған» [4] еңбектер келді. Орхон жазбалары дең аталағын «Құлтегін», «Білге қаған», «Тонықөк» жырлары ғылым тарихында біршама зерттелді. Зерттеу тақырыбымызға қатысы көбірек болыш отырган «Тонықөк» жырындағы Тонықөк тұлғасының ортақ эпикалық мұралардағы бейнелермен етепе жақындығы, ақылшы, кеңесші бейнелерінің қазақ аудыз әдебиетімен көркемдік дәстүр жалғастығы арнағы зерттеу нысанына алына қоймады. Осындай іздешістер аудыз әдебиеті мен жазба әдебиет туындылары арасындағы сабактастықты тақырыш, идея, оқиға композициясы, тіл мен бейнелеу тәсілдері арқылы танып, көркемдік құбылыстарды айқындауға жетелейді. Орхон ескерткіштері мен қазақтың батырлық жырларындағы тарихи-генетикалық туыстықты көркемдік дәстүр поэтикасымен шешу де қажет-ақ. Бұл алдыңғы кезекте түрлі тарихи дәуірлердегі шығармалардың даму арналарын, ықпалдастығын, ішкі идеялық тақырыптың үндестіктерін, көріктеу құралдары ортақтастығын арпыш талдауға үйіткі болар еді. Осы негізде қазақтың батырлық жырлары мен «Тонықөк», «Оғыз Қаған», «Қорқыт ата кітабы» дастанының арасындағы ақылшы, кеңесші бейнелерінің үндестігі мазмұндық, шіліндік, стильдік тұтастықта танытылуына жол ашылмақ. «Құлтегін», «Білге қаған», «Тонықөк» секілді тарихи ерлік жырларынан бері жырланыш келе жатқан азаттық идеясының жыраулар поэзиясында да метафоралық ойлау жүйесін қалыптастырганы белгілі. Тәңірлік нағым-сенім ұстындарымен өркен жайған түркілік дәстүрлі дүниетаным философиясы түрік дастандары мен фольклорында ар, нағыс, адамгершілік, өлім, өмір, ақиқат, махабbat пен ерік-жігер секілді универсалдық категорияларды мазмұндық тұрғыдан жаңғыртты. «Тонықөк» жырындағы Тонықөк атынан баяндалатын арнау сөз ұлғілеріндегі мақал-мәтелдік құрылымдар да Түрік елін имандылыққа, ізгілік пен ерлікке шақырыш, кейінгі туындыларға кешіп. жауынгерлік рухты оятты. Қоне түркілер кезеңдегі дидактиканың орта ғасырда өркенде жыраулық поэзияда дәстүрлі сүрлеудің қаншалықты дамытылғаны әңгіме алаңына айналуы тиіс. Жазба әдебиет ұлғісі ретінде танытылып жүрген «Тонықөк» жырындағы фольклорлық белгі, сипаттардың ерекшелігін саралау ақылшы, кеңесші бейнесінің алғашқы «әдеби портретінің» кейінгі эпикалық мұраларымыздары дәстүрлі көркемдік таным байланыстарын жүйелеуде соны үлгі іспетті. Демек, әдебиет пен фольклордың өзара байланысы жайлы әдебиеттану ғылымында жазылған еңбектер жетерлік десек те, сондайлық

әдебиет шен фольклор арасындағы байланысты зерттеудің езіндік қынқабаттары бар екендігін де ұмытпағанымыз жөн. «Орыс фольклоршыларының еңбектерінде шептімін тапқан осы және басқа көптеген теориялық мәселелерді... ұтымды пайдалануға ғалымдарымыздың алдында түрған уәзиша» [4, 5].

Орхон жазба ескерткіштері ішінде «Тоныкек» жыры – Түрік мемлекетінің қаған кеңесшісі, ақылшысы атынан ел тарихы шежіреленетін елдік, ерлік баяны. «Құлтегін», «Білге қаған», «Тоныкек» жырлары Түрік қағанатының мемлекет құру жолындағы тарихи кезеңдерін, ел қорғаудағы әскери тәжірибелерін, қанды жорықтардағы жауынгерлік рухты, елдің ішкі-сыртқы саясатын, болашағын тарихи мәліметтермен баяндауда деректік материалдары көркемдік құралдармен көмкерілген поэтикалық туындылар. Тарихи дастандардың бәрі де бір-бірімен деректік және көркемдік байланыста бола отырып, Түрік мемлекеті шежіресінің кезеңдерін тұтастықта суреттеуімен ерекшеленеді. Түрік қағанаты дәуірі түсіндағы жазба ескерткіштердің құпия сырын ашып, жанрлық-поэтикалық табиғатын тануға ұмтылғанымызға бір ғасырдан астам уақыт өтішті. Жазба ескерткіштердің фольклорлық тұрақты жанрлық ерекшеліктерімен сіздің әдеби шығарманың архаикалық түр-сипатын танытуымен де ішкі қатпарларын зерттеуде күрделілік танытып келеді. Фылым тарихында аз зерттеле қоймады мен де тарихи дастандардың көпқырлығы әлі қаншама зерттеулердің нысанына айналмақ. Орхон ескерткіштері жазба әдебиеттің бастауы болғанда, оған дейінгі фольклорлық туындылардың деректік көздері аз болуына байланысты түрік қағанаты дәуіріндегі фольклорлық мұралар поэтикасы әлі де ішкі мазмұнына бой алдыра қоймады. Қадым дәуірдегі әдебиет үлгілері ретінде «Шу батыр», «Ергенекон», «Алыш Ер Тоңа», «Атилла», т.б. дастандарғының жүйелілікпен талданып, танытылғанымен фольклорлық аспектіде қарастыруды қажетсінетін көміл. Фольклорлық ғылыми аспектіде қарастыру арқылы жазба ескерткіштердің поэтикасына тың жаңалықтар да қосыла берері сөзсіз. Зерттеу тақырыбымызға арқау болып отырған ақылшы, кеңесші бейнесі түрік дастандары ішінде «Тоныкек» жырынан «Мен» - тұлғасымен дараланады. Егер түркілік дүниетаным негіздерімен қарар болсақ ақылшы, кеңесші бейнесінің көркемдік проекциялары қадым дәуір мұраларынан да байқалады. Шу батырды да Тәңіріңің қолдағаны, күні бұрын болжау айтуды, Оғыз қағанның өсіет сөзі, ақылды, кеменгер Бөрте Шене бейнесінің Тоныкекке ұқсасы т.б. Алғашқы түрік мемлекетінің көсемі Апина да «Кек бөрі» дастанында ақылды әрі ержүрек бейнесінде көрінеді. Ал «Тоныкек» дастанындағы Тоныкек тұлғасы эпикалық мұраларымыздың ішіндегі ақылшы, кеңесші бейнесін тарихи деректе де, көркемдік шындықта да нақтылықпен бейнелеуімен ерекшеленеді. Ақылшы, кеңесші бейнесінің әдеби шығармаға түсінгендеректенуі де осы «Тоныкек» дастанында жүзеге асырылғандықтан, біз бұл бейненің түрік дастандарындағы тұлғалану және

## Ислам Д.А. Түрік дастандарындағы ақылшы бейнелерінің...

көркемдік дәстүр жалғастығымен бірліктे даму табиғатына да зер саламыз. «Оғыз қаған» дастанындағы Оғыз қағанның аян айтатын жырауы Улуғ Түрік бейнесі, ел ағасы, алысты болжаган дана қарт Қорқыт ата бейнесі, Шыңғысхан заманындағы Ұлық жыршы, ортақ қаһармандық жырлардағы батагей қариялар бейнесі, ортағасырлық дидактикалық-философиялық туындылардағы «автор-кейішкер-тыңдаушы» үйлесімділігіндегі поэтикалық «Мен», қазақ әдебиеті тарихындағы «Абыз», «Жырау» бейнелері араларындағы дәстүрлі сабактастық мәселелері ғылыми бағыттарда толыққанды зерттеле қоймады. Түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелері өзінің дәстүрлі даму жолдарында, ортағасырлық дидактикалық өлеңдер құрылымдарында автордың Тоныкөктей жалышы қарата сөз тастаң, тыңдаушылармен поэтикалық сұхбатқа түсүі, ақылшы, кеңесші бейнелерінің «Мен» дәрежесіндегі үлгілері болуы бек мүмкін. Ақылшы, кеңесші бейнелерінің қазақ батырлық жырларында да көркемдік атрибуттары сақталғандығын айтуға болады. Қазақ эпостарындағы батагей қариялардың сипатталуымен қатар біршама ару, әйел бейнелері ақылшы, кеңесші бейнелерін алмастыратындығын мотив-әрекеттен көрсек болады. Эйел бейнесінің сомдалыщ, кеңес айтуы «Қорқыт ата кітабының» бірінші жыры «(Дерсеканұлы Бұқаш туралы жырда)» кездеседі. Ақылшы, кеңесші бейнесі болмысына сай мінездемелік сипаттар әйел бейнесінде Хан қызы, Дерсеканың әйелі кеңесінде жақсы айтылыщ, батырлық жырының бір үрдісіне айналған болуы керек. Эйелі кеңесін тыңдаған Дерсе хан садақ беріш, ата-баба әруағына сыйыныщ, Тәңірінен бала тілейді. Тілегі қабыл болады. Эйел кеңесін тыңдау кейінгі эшикалық мұраларымызға тән көркемдік желілер күрайды. «Қобыланды батырдағы» Құртқа ақылымен болжап, Алшагырды алдаң, Қобыландының алдынан шығыш, Алшагыр қорғанын бұзуға кеңес береді. Қарлыға Қобыландының елін азат етіседі. Ақжұніс те Тарғынға ілесіп кете барады. Тарғынның белі сауыгуына Ақжұніс ақылы себеп болады. Түрік дастанында орнықкан ақылшы, кеңесші бейнесі батырлық жырлармен қатар қазақтың тарихи шындығын суреттеген халықтық «Тұкібай-Шолшан» дастанында да Шолшан бейнесімен жалғасады. Шолшанның Тұкібайға кеңес беріш, Доржыға төрг түрлі шарг қоюы – халықтың амандығын жеке басынан биік қоюы. Түрік жазба ескерткіштері мен фольклорынан бастау алатын ақылшы, кеңесші бейнелері халық ауыз әдебиеті тарихында көркемдік дәстүр жалғастығын жоғалтқан жоқ. Түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелері (Тоныкөк, Ұлық Түрік, Қорқыт т.б.) тұра атауында емес, батырлық жырларымыздың бейнелері мотив-әрекет үстінде танылыш отырады. Тура мағынасындағы ақылшы, кеңесші бейнелері кейішкер мінездемелеріне көшкен сыңайлыш. Ақылшы, кеңесші бейнелерінің халық ауыз әдебиетіндегі көркемдік дәстүр сабактастығын саралау тақырыш өзектілігін айқындаі түседі. Ақылшы, кеңесші бейнесін дәл беретін «Тоныкөк» жырымен қатар әуелде ауызша

жасалған «Оғыз қаған» дастаны. Ақылшы, кеңесші бейнелерінің түркітің тарихи дастандарында жеке көзқарастағы концептілік адам, тұлға дәрежесінде «Тонықөк», «Оғыз қаған» жырлары мен «Қорқыт ата кітабы» арқылы түп-тұлғасы (тектика) көрініс береді. «Ергедегі әдебиет нұсқалары» хрестоматиясы отаршыл империя саясатынан қорықшай әдебиет тарихымыздың бастауларына жол салған Б.Кенжебаев еңбегі көсіз батырылған. Профессор Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиеті тарихына қатысты концепциясы шәкірттері тараудын Тәуелсіздікке дейін де, Егемендік алған тұста да дамытылып көркемдік сыры бой алдыра қоймаған, құшиясын бойына бүккен түрік ескерткіштері тереңінен зерттеліп келеді. Орхон ескерткіштерінің фольклорлық белгілерін әпостық жырлармен үйлестіретіндігін Э.Марғұлан мен М.Әуезов аңдатты. Б.Кенжебаев шәкірті М.Жолдасбековке Орхон ескерткіштерінің қазақ әдебиетіне қатысын, М.Мағаунинге жыраулар поэзиясын, Х.Сүйіншөлиевке УШ ғасырдағы жазба ескерткіштердің тақырып етіп беріп, ғылыми зерттеу жұмысына жетекшілік жасады. Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиетінің тарихын дәүірлеу концепциясы «...қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы азаматтық тарихының ізімен жасалуы тиіс... түрік ру-тайшаларымен бірге жасаған ортақ әдебиет»[5]-деген тұжырымдамалары шәкірттері еңбектерімен жүзеге асты. Кеңестік түркология саласына бағыт көрсеткен М.Әуезовтің «...Сол жазуларда әпостық ақыздардың шағын да ықшам фабулалық желісі барғой» [6,143] - деген шікірі кейінгі зерттеушілердің тың жаңалықтар ашуына себеші болды. Орхон ескерткіштерін зерттеуде М.Әуезов көзқарасы Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, С.Аманжолов, Ф.Мұсабаев, Ф.Айдаров, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Өмірәлиев, Х.Сүйіншөлиев, Н.Келімбетов, Т.Тебегенов, М.Мырзахметұлы, Н.Базылхан зерттеулерінде ескеріліп отырғандығы байқалады. Орхон ескерткіштері қазақ тілінде сөйлем жариялануына М.Жолдасбеков, Ф.Айдаров, Қ.Өмірәлиев, Қ.Сартқожаұлы, А.Қыраубайқызы, ақын Қадыр Мырза Әлілер атсалысты. Ақылшы, кеңесші бейнесі түркі әдебиетінде Тонықөк бейнесімен толықтанды көркемделетін Орхон ескерткіштері оның ішінде «Тонықөк» жырына, «Оғыз қаған» дастаны, «Қорқыт ата кітабына» қатысты ғалымдар шікірлері Тонықөк бейнесіне орай айтылған ой-тұжырымдарымен бірлікте қарастырылып отырады. Сонымен қатар батырлық жырларымызағы ақылшы, кеңесші бейнелерін мінездейтін кейішкерлерге қатысты шікірлер де ескерілмек. «Тонықөк» жырындағы Тонықөк жайындағы ғылыми шікір 1935 жылы басталып жазылған 1967 жылы «Көне түрктер» деген атпен жарияланған Л.Н.Гумилев кітабында беріледі. «Әбден қартайғандықтан дана Тонықөк енді түрік жасақтарын басқара алмайтын болды» [8, 312], - деп Тонықөктің даналығы мен жас мөлшерін айттып өтеді. Белгілі түркістанушы Л.Базен: «Мудрый Тоныкук является крупным военным и политическим деятелем в Тюркском каганате (в Монголии) в конце VII - начале VIII вв. пройходивший из китайзированной

## Ислам Д.А. Түрік дастандарындағы ақылшы бейнелерінің...

тюркской «Мандаринской» семьи, большой знаток китайской культуры одновременно тюркской письменности» [9, 372], - деп Тоныкөк бейнесі мен түрік мемлекетіне қытай империясының саяси ықпалы жайлы дерек келтіреді. Профессор Н.Келімбетов «Тоныкөк - қағанның кеңесшісі, ел қамын ойлаған ақылгөй, дана қарт. Соңдықтан оның монологында пернелеп, астарлап айтылған нақыл-өситет сөздер жиі-жій қайталаныш отырады:

Жұқаны бүктеу – оңай,  
Жіңішкені ұзу – оңай.  
Жұқа қалыңдаса,  
(Оны тек) алыш бүктейді.  
Жіңішке жуаңдаса  
(Оны тек) алыш үзеді.

Білге қаған мен Құлтегін батырдың кеңесшісі болған Тоныкөк» [10.79], - деп баға береді. Тоныкөк бейнесінің Бұхар жыраумен шектесетінін меңзейді. Асан қайғының Жәнібек ханға толғауы, Шалқиіз жыраудың Битемірге, Жиembет жыраудың Есім ханға, Бұхар жыраудың Абылайға қарата айтқан толғауларында дәстүрдің сақталғандығын назарға іліктіреді. Эшикалық дастандардан есетін асқақ сөйлеу дәстүрі «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Алшамыс» жырларында да көрініс беретінін ескертеді. Зерттеуші Н.Келімбетов Тоныкөктің ақылшы, кеңесші екендігін жыр мәтіні арқылы түсіндіріш, талдаң отырганы белгілі. Ең бастысы зерттеуші Тоныкөк бейнесі ақылшы, кеңесші бейнесіндегі тарихи тұлға екендігіне назар аудартады. Әдебиеттанушы А.Қыраубайқызы Тоныкөк бейнесі Бұхар жырауды, Қорқыт атанды, Ұлық Түрікті еске түсіреді дей келе «Тоңықұты жыраулар қатарына қосу себебіміз: «Тұркі Білге қағанның еліне арнап жаздырдым, Мен білге Тоңықұқ» деуіне қарағанда, біз әңгімелеп отырган жырларды шығарупы адам осы Тоңықұқ болуы керек. Ежелден ұлы жыраулар ханның қасында отырыш, ақылшы-кеңесші болған. Жорыққа бірге шыққан, әрі жауынгер, әрі білікті сөз ұстаған адамдар еді. Тарихтағы Бұхар жырау, Қазтуған, Доспамбеттер де дәл осындағы тұлғалар. Тоңықұқта Елтеріс, Қапаған, Білге – үш ханның тұсында ақылшы болды» [7, 21], - деген тұшымды шікір білдіреді. Профессор Т.Еңсегенұлы көне түркі шығармаларындағы дәстүр жалғастығын сарапай келе Тоныкөк пен «Манас» жырындағы Алмамбет, «Оғызнама» шығармасындағы Ұлық Түрік бейнелерінің ұқсастықтарына тоқталады. «Бірақ, осы зерттеу жасап отырган Құлтегін жазба ескерткішінде түркі қағандығының саясаткері Тоныкөк жөнінде бір ауыз сөз айттылмайды. Солай болғанымен, Құлтегін жазба ескерткішінде баяндалған атақты жорықтарға, қанды шайқастарға Тоныкөк тікелей қатысып, әскерді жеңіске бастағаны рас. Зерттеу нәтижесінде танылғандай, Құлтегін ескерткішінде тек Ашын тұқымынан тараған түркі қағандығын орнатушы дақты тұлғалардың ерен ерліктері жайлы ғана жазылған. Сонымен, түркі қағандығын орнатушылардың бірі Тоныкөк

көңесші-батырдың болмысы «Манас» жыр дастанындағы Алмамбет қолбасшының бейнесіне ете ұксас» [11, 32]. Бүгінде «Манас» жыр дастанының да түрік халықтарына ортақ мұра екендігі дәлелденіп жүр. Тонықөктің, Құлтегің, Білге қағандардың ақылшы, көңесшісі болыш жеңіске жеткізетіні секілді «Манас» жырындағы Алмамбет те елді әрдайым жеңіске жеткізуші көңесші сипатында бейнеленеді. Белгілі фольклортанушы Р.Бердібай Қытайдан келіп, мұсылман болыш Манастың досына айналған Алмамбет хикаясын эпостарға оқшау, мәнді құбылыс деп санайды. «Бұл кезге дейін біз дін аталған жерден бойды қашық ұстап келдік. Біздің мұндай жалтақтығымыз тарихи шындықты түсінуге көмектеспейді. Шындығында ертеде өткен соғыстардың көбінде діни астар белгілі дәрежеде орын алған... «Алмамбеттің оқиғасы» деген тараудан да көп жері қазақ жағдайына арналған. Бұл тұста Қекше аса маңызды іс атқарады, ол Қытайдан кетіп, дала кезіп келе жатқан Алмамбет батырға ислам шарттарын ұғындырып, мұсылман жолына түсіреді. Кейіннен Алмамбет Манастың бас батыры дәрежесіне көтеріліп, қыргыз қосындарын талай рет жеңіске жеткізеді... Осындағы ерекшелігін тұжырымдай келе «Манасты» түрік бірлігін жырлаған ұлы эпос деп қараймыз [12, 329-332]. Фалымның бұл айқындауларынан Тонықөк пен Алмамбет бейнелері бір адамның тағдырын беретіндігін байқаймыз. Тонықөк те Қытайдан келгендердің ескерсек, «Манасты» жырлаушылар тарашынан Алмамбет болыш аты өзгеріліп берілген болуы мүмкін.

Тонықөк пен Алмамбет бейнелері бір адам екендігін және ол Тонықөк тұлғасынан таратылғанын «Тонықөк» дастанының жазылу мерзімінің «Манас» жыр дастанынан әлдеқайда бүрын екендігімен де дәлелдеуге болады. Оның үстіне «Тонықөк» жазба әдебиет нұсқасы да, ал «Манас» жыры аңыз, әпсаналардан қариялар сөзінің негізінде жасалғанын жыршылар білгір баяндаған. «...Ал бұл оқиғалар қыргыз халқының арасында тікелей өтпегендіктен, Истемій-Семетей есімі «Манас» жырында сақталыш қалған, бірақ оқиғалары ежелгі тарихи оқиғалардан ортағасырлық оқиғаларға ауысқан» [13, 211]. «Оғыз қағаң» жырындағы ақылшы Ұлық Түрік бейнесі «Тағы да тысқары қалмасын, белгілі болсын. Оғуз қағанының жанында ақ сақалды, мұз шапты шексіз өнерлі бір қарт кісі бар еді. Ақылы тұра бір ер еді. Тұсімел еді. Оның аты Түрік еді» [14,75], - деп сипатталады. Қараш отырсақ, Ұлық Түрік бейнесін жас мөлшерімен сипаттау және оның тұс көруі секілді ерекше қабілеттері Тонықөк бейнесіне жақын келетіндігімен ерекшеленеді. Тонықөк пен Ұлық Түрік бейнелерінің қартаған және ақ сақалды болыш портреттелуі тегін емес. Халқымыздың сеніміндегі дала кезіп кезіккен адамына бақ қонағын, жолы оғарылатын Қыдыр атамызды еске түсіретіндей. «Оғыздың ақылшысы Ұлық Түрік – Қорқыт атага, Тонұқұққа жақын бейнене. Ол ақ сақалды, ақ шапты, шексіз өнерлі кісі, әрі тұсімел, яғни тұс жорушы, сөуегей. Ол қазақ жырауларын еске түсіреді» [7, 55]. Кезінде

«Оғыз қаған» жырын шығарушы автор Ұлық Түрік екендігі жайлыш болжам айтылған еді [15]. Осы жырды жырлаушы шынында да ақылшы Ұлық Түрік болуы мүмкін дегенді қазақ ғалымдары да қосптайды. «Әбілғазының «Түрікмен шежіресінде» соның бәрін автор тарихшы ретінде ғана емес, көркем сөз зергері ретінде де шебер бейнелеп әңгімелеп береді»[16]. Зерттеуші тұжырымдарына сүйене отырыш жырды шығарушы Ұлық Түріктің өзі болуы мүмкін деген шілдесінде қосылуға болады. Ақылшы, кеңесші бейнесін толыққанды ашатын тарихи тұлғаның бірі Қорқыт. Қорқыт жайындағы аңыз жырлар, деректер зерттеушілерді де терең сырына қарай жетелейді. Түркиялықтардың атақты «Китаби деде Қорқыт» жырында Қорқыт бабамыз болжағыш дана қарт, ел ағасы, халықтың дана ақылшысы ретінде суреттеледі. Абулғазының «Түрікпендер шежіресінде»: «Қорқыт Инал-Йавы хан басқарған қалы мен салорлардың тайшалық одағында тұрыш Инал-Йавының ақылшысы болған адам болыш көрсетіледі» [4, 207]. Осы еңбекте В.Жирмунскийдің жазғандары талдана келіш, Қорқыт билігі сакралды болғаны, Қорқыт абыз болғаны айтылады. Автор А.Боровковтың «Қорқыт» сөзінің шығу тегіне байланысты ойларын бере келе «ақыл айтушы», «насихат айтушы», «емші» мағынасында екендігін жеткізеді. Соңдай-ақ армян фольклорының түрік халқының ықпалымен дамығаны ескеріліш «ата», «деде» фольклорлық дәстүрде кейішкерлер есіміне айналған «насихат айтушы жырау» мәнін беретіндігі алға тартылады. Э.Марғұлан, Э.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков «Қорқыт ата кітабын» - жыр үлгісі деп санайды. Олай болса Қорқыт та Тоныкөк, Ұлық Түрік, Сызыра жыраулардай жырау әрі ойшыл. «...Тәңірі зердесіне салған соң, оның барлық болжамдары қатесіз болған... Оғыз тайшаларында Қорқыт ата ең қын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қын іс болмасын, Қорқыт кеңесін алмай ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсietін бүлжытшай орындаған дей келіш, Қорқыт дананың ел аузында қалған нақыл сөздерін келтіреді. Бір таң қаларлығы осы нақыл сөздер қазақ мақал-мәтедерінде бүгінге дейін айтуды» [7, 30]. Тоныкөк, Ұлық Түрік, Қорқыт, Сызыра т.б. жырауларға ғалымдардың «жырау» деп қарауы және сол жырларды өздері шығарған деп болжакуы, олардың ақылшы, кеңесшілік жасауы осы «жырау» атағына келіш тірелетін секілді. «Ерте кезде «жырау» деген сөздің мағынасы көшкірлы болатын. Ақындықты жауынгерлікпен үштастырып, ел қамқоры, мемлекет, халық мұддесін ойлайтын, халқына қысылғанда жол тауып, ақыл беретін беделді жандар ғана мұндай атақта лайық келген» [12, 320]. Жыраулық сөз өнерінің байырғы түрлеріне жатады. Жыраулар өз заманының мұнын жырлауына қатысты дидактикалық мазмұнды ашатыны белгілі. Тарихымыздан белгілі жыраулар ханның айналасында ғұмыр кешіш, халық атынан сейлең, ақыл-кеңес айтыш, елшілік те қызмет атқарады. Жыраулар жайында Ш.Уәлиханов, Ә.Дербісалин, М.Жармұхамедов, Қ.Сыдықов, Б.Жусіпов т.б. ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Жырау ретінде де танылатын Қорқыт атаны түрік

халықтары өз аңыз-жырларында даналық т.б. қасиеттеріне жаңа сипат қосып айтатыны да бар. Түркімендер «Жаңбыр иесі» деп табынса, осман түріктегі Қыдыр ата секілді сиынған. «Қорқыт алғашқы қобызды жасап ән-күй, өлең-жыр шығарушы, дарынды құйші, данышпан ақын, ел басқарған хандардың, қол бастаған батырлардың ақылшысы, бұхара халықтың қамқоры делинеді» [4, 96]. Жырау деп таныған Тонықек, Ұлық Түрік, Қорқыт бейнелерінен даналықпен қатар жауынгерлікті де, түрлі өнер иелері, бақсы, балгер, сөугей т.б. ерекше қасиеттері бар екендігін ұғынамыз. Осыған қараганда жыраулардың жаратылышында да көдуілгі адамнан бөлек Алладан берілген ерен қасиеттердің болатындығы. Жыраулар деп таныған ақылшы, кеңесші бейнелерінің қай-қайсысын алсаңы да Жаратушымен байланыста екендігін көреміз. Бұл бейнелердің бәріне ортақ өнер жыраулық болса, Жаратушымен байланыс дерегі болжамшы, сөугейліктері секілді қасиеттері. Орхон жазбалары кейінгі ауыз әдебиеті мұраларына жаңрлық жағынан ықпалдасуы жайлы зерттеушілер тарағынан айтылып келеді. Бұл бағытта Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Т.Еңсегенұлы, Т.Қоңыратбай, С.Садырбаев, Е.Тұрсынов т.б. ғалымдар еңбектері бар. Орхон ескерткіштерін поэзиямен туыс ететін белгілері жоқтау, арнау, мақал-мәтедер. Түрік қағанатындағы тарихи дастандардың фольклорлық сипатын зерттеу тәуелсіздік кезеңінде көбірек қолға алынды. Профессор Т.Қоңыратбай «VI-VIII ғасырлардағы түркі-жазба ескерткіштері-қазақ фольклорындағы батырлық ертегі, қаһармандық эпос жырларының көне үлгісі» [17, 20], - деп ақылшы, кеңесші бейнелерінің кейінгі эпостық жырларындағы көркемдік сабактастығын апудың маңыздылығына ой салғандай болады. Осы орайда Орхон ескерткіштері түбекейлі зерттелді деп айта алмаймыз. Оған ғалымдарымыздың мына шікірлері де дәлел бола алады. «Бір ғана Тайқарчулу жартасында отызға жуық байыргы түркі жазуы бар. Бұл жартас байырғы түріктегі Әмір шежіресі тәрізді...» [18], алайда көшірілігі өшіріліп кеткен. «1975-1990 жж. аралығында Құлтегін, Білге қаған, Тонұқұқ, Күүлі-чор... үлкен ұстындардың жазуымен қатар, 31 жердегі 65 жазудың байырғы түркі мәтіндері көшіріліш, олар тексеріліш, бұрынғы қателері» жөндөлгөнін жеткізеді [18, 235]. Кейінгі жылдары табылыш жатқан басқа да ескерткіштер таңбалары зерттелініпғыны айналымға енгізілуі қажет. Мұндай жаңаңықтармен бірге ауыз әдебиетіміздегі дәстүрлі жырлардың тілдік құрылымдық ерекшеліктері кеңеje түсетіндігі мәлім. Бұл жайында кезінде мынадай шікір айтылған еді «Тексты Кюль-тегина и Могилян хана представляют собой в части стилистической довольно живой и увлекательной рассказ, носящий, однако, черты некоторого стандарта в отдельных выражениях. ...Это говорит об известной выработке стиля официального повествования, равно как стиля эпиграфии» [19, 37-38]. Мұндай ізденистер бәлкім ақылшы, кеңесші деп мәтіндерден алынған бейнелердің жырау атағына тағы да қосып берер тосын қырларын әкелуі

мүмкін. Ақылшы, кеңесші бейнелерінің батырлық жырларымызбен көркемдік дәстүр сабактастығы арнайы зерттелмеген мәселе. Бірақ осы қадамға Тәуелсіздікке дейінгі есімдері аталған ғалымдардың еңбектерінде келелі бағыт-бағдарлар кездесетіндігін зерттеу барысындағы ғалымдардың тұжырымдамаларымен негіздел өттік. Ал, Тәуелсіздіктен кейін ұлттық құндылықтарымызды қайта тану бағытында біздің тақырыбымызға жақындық танытатын іргелі зерттеулер жүргізіле бастады. Солардың бірі «Түркі халықтары жырларындағы ортақ эпикалық дәстүр» («Алшамыс», «Қобыланұды», «Жаныш, Байыш», «Әр Табылды», «Баттал Фази», «Данишменд Фази» жырлары негізінде) тақырыбында жазылған диссертациялық еңбек [20]. Аталған еңбектің түрік дастандарында бастау салатын ақылшы, кеңесші бейнелерінің қаһармандық жырларымызындағы дәстүр сабактастығын саралауымызға бағыт ұсынатындығын баса айтқымыз келеді. «Қобыланұды батыр» жырындағы тұтқынға түскен Қобыланұды мен Қараманды Көбіктінің қызы Қарлығаның босатуын диссертацияда билайша талдайды. Зерттеуші Қарлыға әрекетін шешесі мұсылман қызы болғандығымен, өлерінде «Мұсылман етегін ұста» деп өсiet еткенін айта отырыш, Қарлығаның іс-әрекетке көшпер алдындағы ақылды кейшін баса танытады. Қарлыға қос батырды сынағанда Қобыланұды кек алмай кетпейтінін айтады. Қарлыға мен Қараман жалынса да көнбей қояды. Батырдың жанқиярлық ерліктерге баруы туыскандарының ғана емес бүкіл елінің бақытына бағытталғандығын байқатудың жырдағы тәсілі ел адамдарының (батагөй қариялардың, малшылардың, батырды тұтқынға алған жат жүргітта құлдықта жүрген адамдардың, жау қыздарының және т.б.) бас қаһарманға деген ерекше ықыласын білдіретін эпизодтарда беріледі [20, 112]. Мұны «Алшамыс батыр» жырындағы елге оралған кезіндегі Ұлтан құлдың бекке айналған сәттеріндегі ел жағдайымен, «Қобыланұды батыр» жырындағы Қобыланұдының Құртқамен тілдесуінен де көруімізге болады. Ақылшы, кеңесші бейнелерінде кеңесспілігімен жақын келетін кейішкерлерді түркі халықтары (қыргыз) жырларынан да кездестіреміз. «Жаныш, Байыш» жырындағы Ер Табылдының ақылшысы – Ұста қария да кеңесші бейнелерінің сұлбасын көрсетеді. Батырлар жырындағы ақылшы бейнелерінің батырлардың өз бойларынан да көрініс тауыш жатуы. Әрине бұл үрдіс, сонау Құлтегін, Білге қаған т.б. түрік қағанаты дәуірлеріндегі батырлар бойында да бар қасиеттер. Дегенмен батырлар жырындағы батырдың терецинен ойлаш шешім қабылдауы оның ақылды жан екендігін өзге қырынан айқынданай түсегіндей. Өзге жырлардың қаһармандарынан бөлек Қобыланұды өзге елден әкелген қызға бірден үйленіп той жасамайды. Оған Қарлыға да іштей наразы болып, тіпті ашық қарсылық та көрсетеді. Соңда Қобыланұдының берген жауабын «Қарлығамен сегіз жылдан кейін ғана үйленуінің себебін Қобыланұды: «Өзінің еліне, ең жақын деген туыстарына опасызындағы қылған кімге опалы болады?» - деген қысынмен түсіндіреді» [20,

132]. Осы сөбектен ақылшы, кеңесші бейнесінің батыр жаңындаған емес жау-жағының батырлары қасында да ақылшыларының болатындығы айтылады. Соңдай-ақ жау-жағының ақылшысы болғанымен де батырларымызды түрлі зұлымдықтардан қорғап жүруп бабалары мен шірлері жеңіске жеткізуши күштер екендігі де ескертіледі. Орхон жазба ескерткіштері мен батырлық жырларды байланыстырушы эпикалық дәстүрлердің көркемдік ұстындарының бірі ақылшы, кеңесші бейнелерінің кейінгі аузы әдебиет ұлгілеріндегі көрінісі арнайы зерттеле қойған жоқ. Осы орайда Орхон ескерткіштері мен фольклор арасындағы байланыс, тарихи дастандардың фольклорлық дәстүрмен сабактастық мәселелері де көп арпышла қоймаған. Түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелері кейінгі фольклорлық туындыларда, қазақтың батырлық эпостарында, ортағасырылық дидактикалық әдебиет пен жыраулық поэзия ұлгілерінде көрініс беретіндігін саралау беймәлім құбылыстар сырын ашуға мүмкіндік жасар жол. «Тонықек» жырындағы Тонықек бейнесінің ел алдындағы мотив-әрекеттері эпикалық көне дәстүр арқылы тұрақтылықты, тұлғалықты танытса бұл бейненің кейінгі көрінісін саралау жыраулық кезеңге дейін ұласатындығын баса айтқымыз келеді. Тонықек, Ұлық Түрік, Қорқыт бейнелері жыраулар тұсында басташқы түп-тегіне, негізіне жақын белгілермен үйлесімділік танытуы себебі де бар сияқты. Түрік қағанаты кезеңімен жыраулар тұсында, яғни қазақ хандығында ел тағдыры қыл үстінде тұрды. Мұндай қын қыстау шактарда хандармен бірдейлік дәрежеге көтерілуі жыраулар бейнесінің, тұлғасының тарих алдындағы жауашкершілігі жоғары болғандығын дәлелдейді. Ақылшы, кеңесші бейнелері ел идеологтары ретінде халық дінінің беріктігін де жіті назарға алушы тұлғалардан. Олардың бойындағы мұсылмандық сенім ертедегі тәңірлік нағым мен ислам діні тұсында да елді дін жолына бастаушылар қатарынан етті. Өздерінің жаратылышында да ерекше қасиеттердің болуы түркілік дүниетаным ұстындарының негізі аталар теориясының исламнан бұрынғы мәдени қабаттарындағы тілдік, ділдік ойлау құндылықтарымен астасады. Ақылшы, кеңесші бейнелерінің Аталақ болмыстарында (Тонықек, Ұлық Түрік, Қорқыт) дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам құндылықтары үйлесіп халық мәдениеті мен салт-дәстүрі, ғұрпы сақталып келгендейгіне діни сенімнің беріктігі әсер еткен. Ақылшы, кеңесші бейнелеріне әулиелік, сәуегейлік т.б. қасиеттер беруші де әуелі халықтың діні, сенімі болса керек. Ақылшы, кеңесші бейнелерінің түркілік культтеріне әсер етуші түркілік дүниетаным құндылықтары екендігін де ескеру керек. Түрік дастандарынан бастау алған ақылшы, кеңесші бейнелері қаһармандық жырларымызда көркемдік дәстүр жалғастығымен көрініс беруін ауыз әдебиеті мұраларында кейде басташқы болмыс-бітімді сақтарап отыrsa, кейде эпизодтық кейішкерлермен, кейде әйел бейнелерімен әргүрлі деңгейде сомдалатынын ашып көрсеттік. Ал басташқы (Аталақ бейнелер) ақылшы, кеңесші бейнелері

## Ислам Дағыларов. Түрік дастандарындағы ақылшы бейнелерінің...

жыраулық кезеңде қайта тұлғаланатының да ерекшелігін таныту мақсатымызға айналды. Түрік дастандарындағы ақылшы, кеңесші бейнелерінің қазақ қаһармандық жырларында, фольклорлық жанрларда, жыраулық поэзияда т.б. ауыз әдебиеті үлгілерінде көркемдік дәстүр жалғастығымен көрініс беруін ғылыми негізде дәйектеген дұрыс.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. - А: Жалын, 1991.-464б.
2. Жұсіп Баласағұн. Павлодар: «ЭКО» ФФ, 2003.-208б.
3. Қасқабасов С.Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы/ Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: Тұран, 2009.-376б.
4. Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: Тұран, 2009.-376б.
5. Түрік қағанатынан бүгінге дейін.(Құраст, алғысөз жазған Қ.Ергөбек) - Алматы: Ана тілі, 2004. -344 6.
6. Өуесзов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы: Қазмемкөркем әдебиет, 1962. -426.
7. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. Астана: Елорда, 2001. -224б.
8. Гумилев Көне түрікттер. Ғұндар. - Алматы: Білім, 1994. - 480 б.
9. Базен Л. «Концепция возрасти у древних тюркских народов»: Зарубежная тюркология. Выпуск-I. М: изд. Наука, 1986,381 с.
10. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. - А., Ана тілі, 1998.-256б;
11. Еңсегенұлы Т. Көне түркі шығармаларындағы дәстүр жалғастығы//Түркология №6 (62), 2012.
12. Бердібай Р. Ел боламыз десек...А:Қазақстан,2000,-400б.
13. Бекжан О.Құлтегін жазба ескерткішіндегі Істемі жабғының және Боджман қаған үлдарының түркі текті есімдері//V.Халықаралық түркология конгресі.-Түркістан, 2013.-925б.
14. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. - А: Ана тілі, 1991. -280 6.
15. Қашқари М. Түрік сөздігі. - Алматы: Хант, 1998. - 3-том. - 501 б.
16. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. - Алматы: Білім, 2001. - 332 б.
17. Қоңыратбай Т. Түркі қағанаты кезіндегі фольклор (VI- VIII ғ.ғ.) // Түркология. - 2004. - № 4. - Б. 44-46.
18. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. - Астана: Құлтегін, 2003. - 392 б.
19. Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхено-енисейских тюрок VI-VIII вв. - Москва, Ленинград, Известия АН СССР. 1946. - 207 с.
20. Шабан А. «Түркі халықтары жырларындағы ортақ эпикалық дәстүр» («Алпамыс», «Қобыланды», «Жаныш, Байыш», «Эр Табылды», «Баттал Фази», «Данишменд Фази» жырлары негізінде) Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 2010. – 146 б.

### РЕЗЮМЕ

*В статье рассматривается идеально-художественное своеобразие образов мудрецов в древнетюркском фольклоре и письменных памятниках литературы, а также прослеживается преемственность художественных традиций казахских геройических эпосов, средневековой дидактической литературы и поэзий жырау. Автор проводит всесторонний анализ поэтического содержания образов мудрецов в тюркских преданиях и легендах и объясняются причины утративания значения образов мудрецов в казахских геройических эпосах. Автор особое внимание уделяет*

*изучению близости и личностных качеств образа мудрецов в древних жанрах и их роль в развитии истории литературы.*

*(Ислам Да. Пресмытвенность традиций и художественное своеобразие образов мудрецов в тюркских преданиях и легендах)*

#### **SUMMARY**

*The work deals with the old Turkish folklore and literal importance of images of wisecounceles in written literature, the distinctions of the sign "me", Kazakh heroism jyr and medieval didactic literature, the sequence medieval didactic literature, the sequence between jyr poetry and literal tradition.*

*(Islam D.A. literal importance of adviser's images and traditional sequence in the Turkish dastans)*

#### **ÖZET**

*Bu makalede, eski Türk folkloru ve yazılık edebiyatındaki danışman tiplerin edebi önemi, "Ben'li" işaret türleri, Kazak kabramanlık destanları ve orta asır didaktik edebiyat, halk nazımigik edebi gelenek ilişkisi açıklanır.*

*Türk destanlarındaki danışman tiplerinin poetik yapısı tablil edilerek kabraman destanlarındaki eskirmesinin nedenleri açıklanıyor.*

*Yazar danışman tiplerin edebiyat tarihi eski destanlarındaki edebikişiliğinin ortaklıkları ve özellikleri açıkça ifade etmektedir.*

*(Islam D. Türk destanlarındaki danışman tiplerinin edebi önemi, gelenek ilişkisi)*

## **Adilbekova E. Tatar Türklerinin destanları hakkındaki çalışmalar.**

---

ӘОЖ 398.5  
A 25

**Elmira ADİLBEKOVA**  
Doç. Dr.

### **TATAR TÜRKLERİNİN DESTANLARI HAKKINDAKİ ÇALIŞMALAR**

*Bu makalede Tatar Türklerinin destanları hakkında bilgi verilmektedir. Bu makalenin amacı tatar Türklerinin halk edebiyatında destanların nasıl meydana geldiğini açıklamak ve tarihin destanlar üzerindeki etkisini göstermektedir. Makalede Tatar kahramanlık destanlarına örnek verilmiştir. Tanımı yapılmış Tatar kahramanlık destanlarının yapı bakımından incelenmesi ele alınmıştır.*

**Anahtar kelimeler:** Destan, Tatar Türkleri, Kahramanlık destanları, İbn-ul Fadlan, Kadir Ali Bek.

Tatar halkın zengin halk edebiyatı mahsülleri içinde destanlarının ayrı bir yeri vardır. Destan, masal, rivayet ve efsanelerle yoğun olarak edebi bir şekil alan, nesir ve nazım karışık, makamlı veya makamsız icra edilen bir türdür. Destan türünün esas özelliği, halkın hayatını geniş epik planda tasvir etmektir.

Tatar destanlarının çoğu umumi Türk destan geleneğini muhafaza etmiş ve aynı zamanda dünya halklarının edebiyatı, özellikle de Doğu'da yaygın olan edebi konularla zenginleşmiştir. Bir zamanlar halktan derlenmiş olan destanlar, kitap haline getirilerek yeniden halka dönmüş ve bugün hayatlarını kitap içinde sürdürmektedirler.

“Destan” kelimesi Tatarlarda hem hacimli şiir tipindeki yazılı eserler için, hem de folklor eserleri için kullanılmaktadır. İlave olarak şunu da söylemek gerekir ki, destanlarda şiirin nesirle anlatılan kısımlarının aralarına serpiştirilmiş olarak da bulunmaktadır.

Tatar folklor biliminde destan için “dönemin halk tarihinin şiir şeklinde yazılmış vakayinamesi” fikri de yaygındır. Destan kelimesinin “tarih anlatımı” manası da çok bulunmaktadır. Ünlü Tatar tarihçisi Şehabeddin Mercanî eserlerinde destanı bu anlamı ile sık kullanılanlardan biridir.

Aynı şekilde, malum olduğu üzere, “destan” sözü tarihi hikayeyi de ifade etmektedir. Mesela, Kadir Ali Bek'in 1602 yılında yazılmış “Vakayinameler kitabı” Cengiz soyundan olanlar (“Destan-i Toktamış Han”, “Destan-i Urus Han” v.b.) ve Altın Ordu muvakkati Edigey (“Destan-i İdige Bi”)larındaki dokuz destandan oluşmuştur. Prof.Dr. Mirkasım Usmanov da “destan” terimini bu anlamda kullanmıştır [1, 25].

Gerek belli bir kaynağa dayalı, gerek tarihi eserlerde, tarih ve destanların karışması, Doğu'da sık sık karşılaştığımız bir durumdur. Dolayısıyla, mesela, meşhur “Şehname” ve “Moğolların Gizli Tarihi”nde epik planda bilinen tarihi şahısları canlandırması yanında, İbn-ul Fadlan, Ebu Hamid El-Girnati, İbn-Arabşah ve başkalarının çalışmaları da destanı öğrenmek için kıymetli ve güvenilir kaynaklardanlardır. Bu da göstermektedir ki, tarih ile edebiyat, özellikle de halk

edebiyatı ve destanlar iç içedir. Tarihçi Ş. Muhammedyarov Edigey Destanı'nın oluşmasında tarihi ve folklorik kaynaklarının çok önemli bir yerinin olduğunu ifade eder. Mirkasım Usmanov da “halk şiirinin katmanlarını bir yana iterek” tarihi kaynaklarını araştırmaktadır.

Belirtmek gereklidir ki destanlarda tarihi olayları görme isteği oldukça geniş bir araştırcı kitlesi tarafından kabul görmektedir. Halbulki Tatarlarda olduğu gibi, Özbek ve diğer Türk boylarının folklorunda “destan” sözcü manzum veya nesirle karışık hacimli epik hikaye etme anlamında yerleşmiştir. Yalnız, bundan 30 sene önce Tatar folklor biliminde destan sadece ilk anlamı olan “Edigey” üzerinde çalışan araştırcılarda bazen eserin halk varyantlarını değiştirerek, Edigey Destanı'nda sadece belli tarihi olayları aramışlardır.

Tatar folklorunda destanların en eski türü olan kahramanlık destanlarının örnekleri epik eserler de muhafaza edilmiştir. “Edigey”, “Gayse Ulı Ahmet”, “Cik Mergen”, “Cura Batır” bu tür epik eserlerdir. Bu destanlarda Canibek, Birdibek, Cura (Cura), Toklamış, Edigey gibi tarihi şahısların tipleri sergilenmektedir. Aynı şekilde bazı tarihi olaylar da çeşitli oranlarda bu eserlerde yansıtılır.

Malum olduğu üzere, epik eserler, özellikle kahramanlık destanları, tüm halkın geçmişinin epik hikaye edilmesi olarak, daha büyük tarihi devirlerde ortaya çıkmıştır. Bu yüzden kahramanlık destanında şekillenmiş başlıca konulan; aile kurma ve aileyi koruma, boylar arasındaki savaşlar, ülkeyi yabancı istilacılardan koruma olarak sırayalabiliriz. Epik eserlerin çoğunun, halkların, devletlerin kendi mukadderatını kendileri tayin etme döneminde oluşması hayret edilecek bir durum değildir. Bu fikirleri birleştiren temel konu; kahramanı terennüm ve methetmedir. Kahramansız kahramanlık destan olamaz. Türün kendine özgü vasfları; Geniş epik fon, muazzam üslüp, kendine has şiir, ortak yerler v.b. tamamıyla esas kahramanları ve epik olayları olaganüstü kılmak için kullanılmıştır. Daha önce de zikrettiğimiz gibi epik epizotlar tarihe olup biten belli devirlere veya bazı tarihi şahısların faaliyetlerine bağlamak pek doğru değildir. Destanda “tarihin yerel olayları değil, halkın içtimai hayatının gelişmesinin uzun süreci yansıtılmaktadır ve Vladimir Propp'un belirttiği gibi, “Herhangi bir destan tek on yıla değil, oluşu, yaşadığı, mükemmelleştiği süredeki tüm yüzyıllara aittir” [2, 25].

Dolayısıyla destanlarını ilk örneklerinin eski mitlerden ve bahadırlar (kahramanlar) hakkındaki masallardan alındığı düşünülebilir. “Tülek Bilen Susilov” ile “Yir Tüslük” destanlar araştıclar tarafından arkaik dönemlere, “Kırk Kız”, “Alpamşa”, “Ak küübik” v.b. klâsik kahramanlık destanları içinde gösterilmektedir. Fakat, ister mitolojik dönemin destanı olsun, ister klâssik kahramanlık, ya da yakın tarihi olaylardan kaynaklanan kahramanlı destanları olsun, bunların hepsinde Tatar halkın yüzüllandır süregelen sosyo-kültürel hayatının, dünya görüşünün, inancının ortak motifleri vasıtasyyla yansıtıldığı da bir gerçekktir. Çünkü, destanlarda tarihte olup biten olaylar doğrudan doğruya aktarılmaz. Destan estetiğine has bir şekil, üslûp ve gelenek içinde anlatıcı-

## **Adilbekova E. Tatar Türklerinin destanları hakkında çalışmalar.**

dinleyici ilişkisi çerçevesinde zenginleştirilerek anlatılmaktadır.

Türkçe konuşan halkların temelde ortak kaynağa dayanan zengin bir sözlü geleneği vardır. Günümüzde oldukça değişik özellikler arz eden bu sözlü gelenekte mevcut olan yaratmalardan bir kısmı oldukça geniş bir alana yayılmıştır. Bu geniş bir alana yayılma veya dar bir çevrede kalma onların fikir ve sanat içeriğine, şekil mükemmelliğine bağlı bir özelligidir. Bunlara ömek olarak kökleri VIII-IX. yüzyıllara dayalı olan Alpamış Destanı'rı pek fazla yaygın olmasa da çeşitli boyalar tarafından bilinen eski 'Ak Kübik' 'Yır Tuşluk' 'Altayın Sayın Sume' 'Tülek hakkındaki hikaye' gibi eserleri sayabiliriz [3, 119-130].

Tatar halk eposunda esas yeri, eski kahramanlık destanları, yani yiğitler destanı tutar. Meseleye bu açıdan bakınca, şu şekilde söylelenebilir: Destanlarımız arasında Orta Asya ve Altay halklarında çok yaygın olan Alpamış konusu ilk yeri tutar. Fakat meselenin diğer bir yönü de unutmamalıdır; bizim fölkörümüzde bu destanı konu aslında eski, hatta çok eski kahramanlık masalları şeklinde saklanmıştır. Buna rağmen kendi zamanında B.M. Jirmunskiy'in doğru biçimde gösterdiği gibi, Alpamış Destanının Tatar ve Başkurt halklarındaki varyantlarında onun eski özellikleri görülür. Bu destanda Alpamış'ın istilacı düşman, hükümdar Kiltap ile mücadeleşi anlatılır. Söylendiği gibi, eserde eski konular da hemen hemen tam olarak işlenir. Buların ilki "yigit kendi kadının düğününde" konusudur. Kaynaklardaki açıklamalara göre, bu konu halk destanının en eski eserlerine aittir[4, 50].

Tatar halk destanının ilk kez Pehlivân Kız Sanduğuş imajına önem verilir. O, gerçekten de kahramanlar gibi hareket eder. Derin uykuya dalan eri Alpamışı uyandırmaz Kiltap padişahın askerlerine karşı kendisi savaşır.

Tatar halk destanlarının en güzel örneklerinden birisi ve hiç şüphesiz gerçek anlamda kahramanlık destanı olan «Ak Kübik»tir. Bu destanda da yine halk kahramanının hanla olan mücadeleşi anlatılır.

Tatar Türklerinin halk destanlarındaki başka güzel örnekleri, Orta asırlardan kalan "Kür Ugli ve Cik mergen" destanlarıdır.

Türk boyalarının ortak epik eserleri arasında birçok milli versiyon ve varyantları olan Edigey Destanı'rı da koymak gereklidir. Onu Tatarlardan başka (Sibirya dil boyu ve Kirim Tatarları) Altay Kazak Özbek Türkmen Nogay Karakalpak ve Başkurtlar arasında girmek mümkündür. Onu Türk Destanlarının klâsik kompozisyonunu ve derinlerde ki geleneksel şiir şeklini koruyan destancılık geleneğinin ve destan çağının son döneneminde oluşmuş bir destan olarak düşününe biliriz. Edigey destanı epeyce karmaşık yapıda görünümle birlikte, Kirim, Hazar Denizi kıyıları ve İdil boyundan Güney Sibirya, Kazakistan ve Orta Asya, İran, Irak'a kadar olan geniş bir coğrafyada meydana gelmiş bazen bir biriyle çelişen gergin ve oldukça iç içe girmiş tarihi olaylar destanın önemini arttırmış bir eserin daha geniş bir alana yayılmasına sebep olmuştur. Tasvir edilen olayın tarihi ve sosyal boyutu vatan millet kaderini tain eden dönüm noktalarının beyanı ciddi ve

can alıcı çarpışmışlar üzerine kurulmuş maceralı olaylar dizisi destanındaki önemli kahramanların kimliği üzerindeki anlatım zenginliği destanın dünyaca meşhur lirik eserler arasında yer almamasına sebep olmuştur.

Bu, vaktiyle yarı dünyaya hakim olan altın ordunun genişlemeye yüz tuttuğu devirdir. O yıllarada Altın Orda Devletine epeyce güçlü fakat gereğinden fazla mağrur kendi gücünü ve imakanları bilmeyen Toktamış hanlık etmektedir. Altın orda tahtında oturmak için çok güç sarfeden Aksak Timur'a karşı bağlılığını kazanmak onunla uzun süre savaşlar yapar ve hepsinde de yenilir. Hatta sadece yenilmez tarumar olur. Toktamış han'ın bu siyasetinin yanlış olduğunu bilen emir Edigey onunla mücadeleye girişir ve Toktamış han'ı Altın Ordu tahtından kovar. Destanın asıl konusu baştan sona kadar bu iki tarihi şahsin karşılıklı mücadesinin savaşlarını tasvir eder. Fakat destan Toktamış han'ı da Edigey'i de kötülemez onları sadece iyi veya sadece kötü olarak tasvir etmez. Bu açıdan destan gerekli bir seviyeli sanata sahiptir. Esasen bu tarihi şahısların ikisini de objektif ve doğru bir değer verir [5, 66].

Destan üslübündaki baş özellik, pek çok tavşır sıfatı ve benzetmeler kullanılmış olmasıdır. Kahramanlar, şehirler ve ırımkalar anılırken, birçok ünvanlar sıralanır. Bunların çoğu halkın icat ettiği töre sıfatlarıdır.

Destan üslûbumun önemli bir özelliği de ihtişamlı kelime ve cümlelerle kurulmuş olmasıdır. Bayağı söz ve deyimler uyuşuk, durgun, ve sönlük bir ifade destanla bağdaşmaz. Çünkü destan, insanoğlunun asıl duygular, şanlı maceralar, geniş hayaller telkini için yapılmıştır.

Belirli kültür döneminde bulunan milletlerin sözlü olarak yarattıkları destanlar incelediğinde, asıl destanlarda, samimilik, meydana geldiği çağın fikir, duyu ve ülkemlerini yansittığı gözlenmiştir. Sonradan bazı şair ve yazarlar, kendi milletlerini tarihinden çıkarılmış heyecanlı ve büyük vakaları birtakım hayal unsurları ile karıştırarak hikaye eden destanlar yazmışlardır.

Asıl destanlar, halkın toplu vicdanından fişkirmiş ortaklaşa eserler oldukları halde bu yapma destanlar kişisel eserlerdir. Bir kimsenin hayal gücü ne kadar geniş olursa olsun, şüphesiz bir milletinki ile yarışamaz. Sonra asıl destanlar, şairlerin bütün halka birlikte efsane ve mücizeye inandıkları bir zamanda gelmiştir.

#### EDEBİYATLAR

1. Usmanov, Mirkasım, Tatarskiye istoriçeskiye İstoçniki XVII-XIII Vekov, T.K.N., Kazan, 1972.
2. Propp, Vladimir, Russkiy Geroiçeskiy Epos, Leningrad, 1955, s. 25.
3. Tekin Talat, Altay Dilleri Teorisi, Türk Düntası El kitabı, Ankara s. 119-130.
4. Tahir, Mahmut-Nadir Devlet, Kazan Türklerinde Musiki, Kazan Dergisi, İstanbul, 1972, s. 50.
5. Ahmetova Flora, Tatar Halık Destanları, T.K.N., Kazan, 1984, s. 66.

## **Adilbekova E. Tatar Türklerinin destanları hakkında çalışmalar.**

---

### **ТҮЙИНДЕМЕ**

Бұл мақалада татар халық батырлық жырларының өзіндік зерттеулері жөнінде қысқаша мәлімет беріледі. Мақалада татар батырлық жырларында бірнеше ерлік ісімен көзге түскен және жауып женип шыққан батырлар жайында айтылады. Татар батырлық жырларында халықтың бас бостандығымен басқыншы жауға қарсы құресі, әлеуметтік теңсіздікке наразылығы туралы тақырыптары, ру, үй іші тақырыбымен қосылып күрделі сюжетке айналуы сез етіледі.

(Әділбекова Э. Татар халқының батырлық жырлары жөніндегі зерттеулер)

### **РЕЗЮМЕ**

В этой статье дается сведение о героическом эпосе, а также об отдельных исследованиях героических эпосов татарского народа. В статье говорится о победах и подвигах героев, которые отличались своей храбростью и побеждали врагов. В статье говорится о том, что в татарских героических эпосах были затронуты такие темы, как свобода народа, борьба народа против натиска врагов, возмущение народа к социальному неравенству, род, быт простого народа.

(Адилбекова Э. Исследования героических эпосов татарского народа)

### **SUMMARY**

*This article provides information about the heroic epics, as well as individual research heroic epics of the Tatar people. The article refers to the victories and deeds of heroes, who were notable for their courage and defeated enemies. The article says Otomi that Tatar heroic epics covered such topics as the freedom of the people, the struggle of the people against the onslaught of enemies, to the indignation of the people social inequality, gender, life of ordinary people.*

(Adilbekova E. Scientific research of heroic eposes of the Tatar people)

**Гулбахар ТОҚЫМБЕТОВА**

Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті

**БЕРДАҚ АҚЫННЫҢ ӨЗІНДІК ІЗДЕНИСТЕРИ**

*Бұл мақалада XIX ғасырдағы қарақалпақ халқының ұлы ақыны Бердақ шығармашылығының өзіндік ерекшеліктеріне ғылыми талдау жасалған.*

**Кілт сөздер:** поэтика, дидактика, поэтикалық дәстүр, лирикалық толғаныс

Ақынның өзіндік ізденістері ұлттық негіз – халық ауызекі шығармашылығының поэтикалық дәстүрлеріне бейілдік біршама күшті.

Себебі, көркем дидактика (түсіндіру біздікі - Г.Т) халық психологиясына, менталитетіне тән нәзік бақылау әрі жанды пікірлеулерді қамтып алады. Міне, осы суреттеудің тұрмыстық қамту дәрежесінің кеңдігі ақынның поэтикалық өзіндігін көрсететін негізгі әдеби көрсеткіш есептеледі:

Шайыр едім, көзим көргенин жаздым,  
Кеулим сезип, билгенин жаздым.  
Заман қысметинен саргайдым, аздым.  
Болар ма деп жақсы күндер халық ушын.

Автор өлең һәм ақындық хақында пікір жүргізе отырып, ақиқатты байқау әрі байқатудың негізгі өлшем дәрежесіне көтереді. Ақын енді жетіліп келе жатқан сезім толғаныстарын, сырлы әлем қарсысында пайда болған тұрмыстың қарама-қарсылықтарына қарсы қояды. Қыншылықтар құрсауында өздігін тауыш жататын, жақсы-жаманды ажыратып жатқан, құбылысты өз көзқарасымен бағалап жүретін адам портретін жасап береді. Тұрмыстық ақиқаттарды байқап отыратын лирикалық қаһарманның тілегі рухани жетіктікке жетісуге, рухани дамуға қарай бағдарланған.

Лирикалық толғаныстың көркем динамизмі сезімдік жағдайды суреттеулерден азықтанады (қоректенеді). Эйтсе де, «жарық күндер» логикалық түсіндіруі артында өкініш-арман жүті үстемдік етсе де, келешекке сенім-сезімі өлеңнің көркем өрнектерін әрекеттеге келтіріп тұрады. Оқиғалардың басымдығы һәм философиялық-психологиялық суреттеу синкретизмі негізіне құрылған қатарларда сезімдік көріністің жалғасуы назарға ілінеді.

Бердақ Қарғабайұлының қай шығармасын алып қарасақ та халықтың дидактикаға тән пікірлеу, ой қорытындысы дамытылады. Әлеуметтік тұрмысты, қоғамдық қабаттардың ара қатынастарын, жеке адамның қоғамдағы әрі өмірдегі орны ақын шығармаларының негізін құрайды, «Кашан рәхатланадурсаң» өлеңіндегі:

## Тоқымбетова Г. Бердақ ақынның өзіндік ізденістері.

Илми ғайыптан сөзлеме,  
Мийнетсиз дүнья излеме.

Жанды отқа жағадурсаң [1], –

деген жолдарда халықтың «Еңбек тұбі рахат», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» [2] деген халық мақалының мазмұны сөүлеленген. Ақын халықтық дидактикағы бұл афоризмдерді тұра қолданбастан, оған әлеуметтік мағына береді. Бұл өлеңінде автор адамның өмірдегі орны, қоғамдағы орнын табуға, жеке тұлғаның адамгершілігі еңбегімен бақытқа жетісуге үндейді. Ақындар халық мақал-мәтелдерін тікелей қолданбай, оны лирикалық қаһарманнның көңіл толғаныстарынан өткериң, сол арқылы өз көзқарасын білдіріп отырады...

Сондай-ақ халықтық дидактикағы идеялардан рухани азық алған Бердақтың «Халық үшін», «Жақсырақ», «Қашан рахатланадурсаң» өлеңдерінің лирикалық қаһармандары бүтін халықты бақытқа жетелеудің, рухани әрі физикалық жақтан да кәмелетке жеткерудің нышаны адал еңбек деген идеяны алға ұсынады. Бұл идеялар Бердақтың «Жақсырақ», «Халық үшін» өлеңдерінде белайша суреттеледі:

Жұмыс исле тууылған соң ел ушын  
Жаныңды аяма елде ер ушын,  
Киндиңтен қан тамып туған жер ушын,  
Өлип кеткениңше хызмет жақсырақ.

Тұргелип ертеден жұмысқа шығып,  
Қолыңды қабартып белинди бутип,  
Дизенди сызлатып мийнетин шегип,  
Жеген бир зағараң палдан жақсырақ [3, 82-83].

Мийнет пенен жанды қыйнап,  
Көрмей бир күн қонақ сыйласп,  
Ишпей-жемей малды жыйнап  
Қашан рәхәтланадурсаң [3, 88].

Бердақтың дидактикалық ой-пікірлерді ең бірінші кезекте өздері жасап тұрған орталықтың, конкрет тұрмыстың талаптарынан, өзгешеліктерінен келіп шығады. Осы ақындар жасаған XIX ғасырдың орталары және екінші жарымында Хиua хандығында саяси, қоғамдық тұрмыс тұрақты болмады. Халықтың басым көпшілігі кедейлікте күн кешірді. Сонымен бірге, ірі феодалдар материалдық байлықтың үлкен бөлігін өз қолдарына ұстады (жер, су, өндіріс құралдары, малдар, жайлайлар ж.т.б.). Нәтижеде үлкен әлеуметтік айырмашылықтар, осы негізде әлеуметтік әділетсіздіктер орын алды. Ирі жермүлік иелерінде, амалдарларда байлыққа көсіз ұмытылу, ашкөздік, әлеуметтік мәселелерге көңіл бөлмеу жағдайлары болып тұрды [4].

Бердақ өлеңдерінде мақал-мәтедер біріншіден, көркемдік дерек сипатында, екіншіден автордың халықшыл идеяларын сәулелендіруде маңызды орын атқарады.

Бердақтың лирикасында халық ауызекі шығармашылығындағы символикалық образдар қолданылады. «Гүл», «бұлбұл» символикалық образдарына Бердақ ақын жаңа мазмұн береді.

Гүл ашылып жайнамады,  
Қазаным бир қайнамады.  
Бұлбил еркин сайрамады  
Жауды пәлектиң гәрдиши [4, 51] («Гәрдиши»).

Гүл болдым гүл жайнамадым,  
Бұлбил болдым сайрамадым [4] («Болған емес»).

Шенгелге қонған бұлбілдин  
Шымшық құрлым сәни болмас  
Ышқысында қызыл гүлдин,  
Сайраса дәрманы болмас

Күнлер өтер әрман менен,  
Жұтиң ктер кәрүан менен,  
Аты бұлбил болған менен,  
Торғайдай дәўраны болмас

Бердимурат хақтың қулы,  
Сахраның Сары бұлбили,  
Бес күн мийман Адам улы,  
Әрмансыз бир күни болмас [4, 47-48] («Бұлбіл»).

Халық ауызекі шығармашылығында «гүл» әрі «бұлбұл» символикалық образдарында ғашықтар образы беріледі. Ал Бердақ шығармаларында «бұлбұл» еркіндікті аңсайтын, еркіндікті жырлайтын ақын символы, ал гүл болса, ақын арман еткен жақсы дәурен, бақытты заман» [5, 52] образында беріледі.

Сондай-ақ автор лирикалық қаһарман аңсаған бақытты заманды «Жаз» символикалық образында да береді. Бұл «Жаз келер ме» өлеңінде өз сәулесін тапқан.

Дауыл болды, үргин урды,  
Қосымның қамысын тұрди,  
Думан басты аспан, жерди,  
Пуқараға жаз келер ме?

## **Тоқымбетова Г. Бердақ ақынның өзіндік ізденістері.**

Жанымды алды сыран сууық,  
Суұықтан жарылды уұық...

Теңиз ашысы, суў сорлық дуз,  
Қостың иши болып тур муз,  
Қатты ғәзеп етип тур қыс,  
Қыслар етип жаз келер ме? [6, 56-57]

Ақын өзі жасаған дәүір келбетін ашуда «дауыл», «үргин», «думан», «сууық», «қыс», «муз» атрибутикасын қолданады. Лирикалық қаһарманның бақытты заманға жетісү жөніндегі арзу-армандарына, жақты құндерге ерісуге сенімін беруде риторикалық сұрау формасы маңызды рөл атқарады. Шайыр шығармашылығы осындаи оптимисттік рухымен өз құндылығына, өзіндік ерекшелігіне ие.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Бердақ. Таңламалы шығармаларының жыйнағы. Некис: Қарақалпақстан, 1977. 120-б.
2. Қарақалпақ фольклоры. Көп томдық IV том. Қарақалпақ халық нақыл-мақаллары. Некис: Қарақалпақстан, 1978. 102 б.
3. Бердақ таңламалы шығармалары. Некис: Қарақалпақстан, 1987, 82-83-б.
4. Жәримбетов Қ. Бердақтың нәсиятлары - бизиң руүхý ғәзийнемиз. Некис: Руүхý мәденият ҳәм ағартыў орвый. 1998, 5-б.
5. Жәримбетов Қ. XIX әсир лирикасының жанрлық қәсийеттери ҳәм раўажланыў тарихы Некис, «Билим» 2004, 52-бет.
6. Бердақ. Таңламалы шығармалары. Некис: Қарақалпақстан, 1977, Б., 56-57.

### **РЕЗЮМЕ**

Прагматизм мен иедологиялық бөлікті біріктіру – Еуразиялық стратегияны кең жүзеге асыру жолындағы маңызды кезең болған. ЕурАЗЭҚ (Еуразиялық Экономикалық қауымдастық) табысы мен бәсекеге қабілеттілігінің кешілі. Қауымдастықтағы интеграцияның нормативтік-құқықтық негіздері көп ретте Еуропалық одақты құру мен дамыту тәжірибесінің тікелей көрінісі болып табылады. Алайда ЕурАЗЭҚ-ты қалыптастыру және дамыту стратегиясында еуропалық тәжірибе сол күйінде көшіріле салмай еуразиялық аймақтық ерекшелігі ескеріліп, тереңнен ойластырылып барып жасалады. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев бұл жөнінде: «ЕурАЗЭҚ құрылымының диалогтық негіздерін дамытудың стратегиялық бағыттары мен ынтымақтастық қарқыны, бәлкім, ЕС үлгісін еске түсіретін болар. Дегенмен, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүші мемлекеттердің тарихи, мәдени менталитеттік ұқсастығы олардың байланыстарын мейлінше тығыз және қамтитындей ете түседі» [4].

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған Еуразиялық интеграция идеясының жүзеге асуының негізі 1995 жылғы 20 қаңтарда Беларус Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы кедендей одақ туралы қол қойылған Келісімде қаланған болатын. Бұл қадам құрылтайшы елдер үшін негізгі мақсат емес, керісінше еуразиялық аймақтағы мейлінше терещ интеграцияны қалыптастыру сияқты мәселені шешудің амалы еді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап айтқандай, «Біздің елдеріміз бен халықтарымыздың іс жүзінде жүзеге асыратын интеграциялық әрекеттері рыноктық және демократиялық реформаларды табысты жүргізуге ықпал етеді. Экономикалық интеграция мәселелерін шешіп алмай, саяси жақындасуға үміт арту екіталай, ал оған тауарлар мен қызмет көрсетудің, капитал және жұмыс орындарының ортақ рыногын жасау арқылы жетуге болады» [5]. Кедендей одақ құру арқылы Еуропалық интеграцияны дамыту посткеңестік республикалардың алдында тұрған сауда-экономикалық ынтымақтасты, бірлестікке мүші мемлекеттер арасындағы ықпалдастықты тереңдету, өзара сауда операцияларындағы шектеулерді жою, ұлттық экономикаларды тиімді реформалау сияқты басым міндеттерді іс жүзінде шешуге бағытталған.

Осы арада айта кететін бір жайт, Түркі Кеңесі мен Еуразиялық Экономикалық одаққа Қазақстанның бір уақытта белсене қатысуы қарама-қайшылық туғызбай ма деген орынды сауал тууы заңдылық. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқында» еңбегінде: «Мениң ойымша, мұндай ықпалдастық құрылымдардың есігі түркі халықтарына, тіпті

түркі емес халықтарға да әркашан ашық болуы тиіс. Өйткені өзгелерден іргені аулақ салу мәдени томага-тұйықтыққа және тоқырауға ұрындырмай қоймайды. Әрбір мәдениет өркенисттердің бір-бірімен жанасып, ортақ тіл тауыш араласуы арқасындаған өзінің дербес тұтастығы мен ұқсастығына қол жеткізе алады. Өзінің бұрынғы бастауларына оралады...

Түркі әлемі барлық уақыттарда да әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің бір-бірімен байланыстыратын дәнекер буын болып келді» [6], – деп Түркі халықтарының барлық халықтармен әруақытта мәдени байланыста болғанын ескертеді.

Сондықтан мемлекетіміз қандай саяси немесе экономикалық одаққа енбесін, бірінші кезекте ұлттық экономикалық және мәдени мұдделерімізге қайта бойлауы шарт. Сондай-ақ аталмыш ұғымдарды құру туралы ұсыныстардың Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа тиісті екенін ұмытшаганымыз аздал.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ресей Президенті Б.Н.Ельцинге жазған хатында: «Қазақстан интеграцияның аса тығыз формаларына да дайын болатын... Бұған Қазақстан тараҧы жасаған төрг мемлекеттің Келісімі шенбериңдегі ортақ экономикалық кеңістік құру туралы Келісім шарттың жобасы дәлел бола алатын еді» [5], – дейді.

Кедендей Одақ туралы Келісім 1997 жылы Кедендей Одақтың қалыптастырылған кездегі тарифтік емес реттеудің ортақ шаралары Келісім-шарт және Кедендей одақ құру келісіміне қатысушы мемлекеттердің Дүниежүзілік сауда үйімінен енү кезіндегі Халықаралық сауда келіссөздері жайындағы Хаттамамен толықты. Бұл құжаттар тараҧтардың әртүрлі экономикалық салалардағы қызметтері мен міндеттемелерінің ортақ принциптерін айқында берді.

Кедендей Одақ шенбериңде тауарлар мен қызмет көрсетудің еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Президенті қазіргі кезде қолданылып отырған тарифтік шектеулерді алып тастауды не елеулі түрде қысқартуды, сандық шектеулерді және өзара саудадағы тарифтік емес реттеудің өзге де шараларын жоюды, тараҧтардың кедендей территорияларындағы тауарлар транзитіне шектеуді алып тастауды ұсынды.

Отын-энергетикалық салада Н.Ә.Назарбаев жаңа сапалық біріккен энергожүйені құру, қуат көздерін екі жақты тасымалдау мәселелерін шешеу қажеттігін атап көрсетті [5].

Посткеңестік кеңістіктегі экономикалық ықпалдастықты терендегу мен оның қозғалысын қүштейту қажеттігі алдыңғы кезекке шықты.

Айқын белгіленген функционалдық құрылымы мен тиімді қызмет ету механизмдері және алға қойған нақты да анық мақсаттары бар, толыққанды мемлекетаралық үйімді құру Еуразиялық интеграцияның жаңа кезеңі болды. Бұл үйім Еур Аз ЭҚ (Еуразиялық Экономикалық қауымдастық) болатын.

## **Мәмбетова М. Түркілдес мемлекеттердің интеграциясы.**

Елбасы бұл жобаның күндылығын былай дәлелдейді: «Еуразиялық Одақты құру моделінің негізіне алынған базалық жәйттер, дөлірек айтқанда, экономикалық мақсатқа, қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негізделген көп деңгейлігі және әр қылыштықтың интеграция – міне, осының бәрі бүтінде жұмыс істеп тұрган интеграциялық бірлестіктің көрініс ташқан» [7].

Еуразиялық интеграцияның мейлінше көтерілуіне Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің рөлі айрықша. Еуразиялық Экономикалық қауымдастық құру туралы Келісім-шартқа Қазақстан, Ресей, Беларуссия, Қыргызстан, Тәжікстан президенттері 2000 жылғы 10 қазанды Астанада қол қойды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев бір газетке берген сұхбатында: «Қазақстан ЕурАз ЭК-тың мүшесі ғана емес, оның бастамашысы және бұл бірлестіктің шын мәнініңде «отаны» болыш табылады» [4], – деген болатын.

Еуразиялық интеграцияны ілтері жылжыту мен дамытуда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөлі орасан зор.

Түркі мемлекеттерінің интеграциясы тәуелсіздігіне қол жеткізген үлкенді-кішілі мемлекеттердің бірлігі мен дамуына, мәдени экономикасының артуына мол мүмкіндігін туғызады. Түркі дүниетанымында бірлік идеясы әр уақытта болған. Түркі әлемінің бірлесуі қажеттілікten туған дүние. Әлем саясаткерлерінің пайымдауышы, XXI ғасырдың екінші ширегінен бастап дүниежүзіндегі геосаяси құштердің салмағы Азия құрлығының Орталық және Шығыс бөлігіне түсіу ықтимал. Американың «Үлкен таяу Шығыс» жобасы, Қазақстан аймағында Қытайдың салмағы мен қысымы, Ресей, Еуропа одағы, Иран және Үндістан сияқты державалардың Орталық Азияға қатысты саясиэкономикалық жоспарларының болуы, Түркі мемлекеттерінің бірлесуіне негізгі себеп болады.

Түркі мемлекеттерінің қайта бірлесуі Еуразия Кеңістігіндегі құштердің тере-теңдігін сақтайды. Түркі Кеңесі Қазақстанның Еуразиялық Одаққа тәуелді болып келуінен сақтайды. Тәуелсіздігіне енді ғана қолы жеткен түркі мемлекеттері жаһандану сияқты қауіш-қатерлерге бірлесіп жауап беруге мүдделі. Түркі интеграциясының мақсаты - өзге мәдени, этностық тоштарға құш көрсету емес, керісінше өзінің түркілік болмысын, мәдениетін, тілін сакташ, ортақ мәдени-ақпараттық кеңістік құру, саудасаттықты, шаруашылықты нығайту, өзара тиімді экономикалық жобаларды іске асыру.

Бұғынгі таңда іс жүзіне асырылып жатқан жұмыстар түркі елдері интеграциялық дамуына мол мүмкіндік туғызады. Қазақстан, Түркіменстан, Әзірбайжанның табиғи энергетикалық байлығы, Түркияның, Өзбекстанның біллекті жұмыс күпі, Қазақстан мен Түркияның халықаралық беделі мен геоэкономикалық жағдайы, Каспийдің энергетикалық қорларын Түркия арқылы Еуропага жеткізуін мүмкіндігі, Түркия мен Еуропаның сапалы

сауарларын «Жібек жолы» жобасы арқылы Қытайға жеткізудің мүмкіндігі, Түркия мен Еуропаның нарығына шығу сияқты экономикалық факторлар интеграцияның тиімділігін арттырады. Тұркітілдес елдер тығызыңтымақтастықта болғандағанда үлкен мүмкіндіктеге қол жеткізе алады.

**ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Тұймебаев Ж. Тұбі бір Түркия: тоғысқан 20 жыл // Егемен Қазақстан. 22 мамыр 2012 ж. 1-2-б.
2. Момынқұлов Ж. Тұркітілдес мемлекеттер интеграциясы // Егемен Қазақстан. 10 қаңтар 2013 ж. 4-б.
3. Тайыр Мансуров. Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірде жүзеге асқан Еуразиялық жобасы. –М., Реал-Пресс, 2012. –320 с.
4. Интервью Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева журналу «Caspian Energy» октябрь, 2005 г. //www.akorda.kz
5. Переписка Президентов Российской Федерации Бориса Николаевича Ельцина с главами государств и правительств. 1996-1999: в 2 т. Т. 1. М.: БРЭ 2011. С. 398.
6. Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999. –296 б.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Еуразиялық интеграция...» Халықаралық форумында сөйлеген сөзінен. Астана, 18-19 маусым 2004. // www.akorda.kz

**РЕЗЮМЕ**

*Интеграция тюркских государств зарождает много возможностей усилению культурной экономики, единства и развития больших и малых государств взявшим независимость. В статье речь идет о предпосылках выявляющих цель тюркской интеграции.*  
*(Мамбетова М. Интеграция тюркских государств)*

**SUMMARY**

*Integration of the Turkic states engenders many opportunities strengthening cultural economy, unity and development of large and small states have taken independence. The article focuses on the premises which revealed Turkic integration goal.*  
*(Mambetova M. Integration of Turkic states)*

**ÖZET**

*Türk devletlerinin entegrasyonu bağımsızlığa kavuşan büyük-küçük devletlerin birliği ile gelişimini, kültür ve iktisadi olumlu etkilemezmiş. Makalede türk entegrasyonunun aracını belirleyen ön şartlardan söz edilmektedir.*  
*(Mambetova M. Türk devletlerinin entegrasyonu)*

---

---

## ЭТНОМӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҮЛПТЫҚ ТАНЫМ

---

ӘОЖ 305.8  
Ә 19

### Сайран ӘБУШӘРШ

философия ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

### ТІРШІЛІКТІҢ, ТҮРЛЕРДІҢ, НӘСІЛДЕРДІҢ, ЭТНОСТАРДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

*Мақалада жалпы алғандағы тіршіліктің, түрлердің, нәсілдердің, этностардың эволюциясы сөз болады. Сондай-ақ бір-бірінен айқын айырмашылықтары – белгілері бар нәсілдер мен этностар өкілдерінің қандық тән тұргысынан араласуының олардың психологиялық көңіл-күйі мен генетикалық жағдайына әсері қарастырылады. Онда рулық қауымдастықтың, әсіресе нордикалық деп аталатын нәсілдің пайда болуы мен таралу жерлері көрсетіледі.*

*Кілт сөздер: тіршілік, түр, нәсіл, этнос, эволюция, психикалық-генетикалық жағдай, нордикалық нәсіл.*

Ерте заманнан бастап күні бүгінге дейін тіршіліктің пайда болуы туралы шекіз көп жорамалдар, шікірлер айтылып келеді. Олардың ішіндегі негізгілері мыналар: 1. Жер бетіндегі тіршілікті аса құдыретті ерекше күш жаратты деп түсіндіретін креационизм теориясы. 2. Тіршілік елі денелерден өздігінен пайда болады деген шікірді қуалайтын теория. Алайда бұл шікірге қарсы шыққан Ф. Реди (1688), Л. Спалланцани (1765) және Л. Пастер (1860) кез келген ағза тек өзіндегі тіршілікке деген түстің үшіншінде болады деп дәлелдеді. 3. Тіршілік Жер бетіне басқа жақтан (ғарыштан) келіп түсті деген болжаку ұсынған панспермия теориясы және бар. Бұл теорияны дәйектегендегі басқа ғаламшардан Жерге өсімдіктің тозацы, тіпті ұсақ ағзалар да келіп түседі деген ойда болды. 4. Ақырында тіршілік жер бетінде химиялық және физикалық заңдылықтарға сай жүретін әрекеттер нәтижесінде қалыптасты деген тұжырымдайтын биохимиялық эволюция теориясы [1, 217].

Галымдар Жердің жасы 4,5-5 млрд. жыл деп есептейді. Жердің өз ішіндегі радиоактивті заттардың ыдырауы нәтижесінде біртіндең қыза бастайды. Жер қойнауының температурасы 1000°C-дан артқан кезде ондағы қатты жыныстар балқып бір-бірімен реакцияға түсे бастады. Температура 100°C-дан төмендеген кезде атмосферадағы газ күйіндегі органикалық заттар жаңбыр суында еріп, ерітінді күйге көшті. Алғашқы мұхиттар тұзілді. Алғашқы атмосфера да оттегі мен озон болмағандықтан, сөулелер жер бетіне молынан түсіп тұрды. Нәтижесінде алғашқы мұхитта көмірсулар, аминқышқылдары, азотты қосылыстар молая бастады. Олардан қарашайым акуыздар, нуклеин қышқылдары, липидтер, т.б. түзіле бастады. Бұл тіршіліктің пайда болу жолындағы бірінші қадам еді. Яғни сутегі молекуласы

Жердегі тіршіліктің кез келген түрінің құрылуы үшін негіз болды. Тіршіліктің құрылымындағы келесі кезең өзін-өзі ұдайы өсіп-өндіруге қабілетті молекулалардың қалыптасуы болды. Ондай молекулалар ақуыздар мен нуклеин қышқылдары еді. Тіршіліктің пайда болу жолындағы аса бір ірі қадам – ағзалардың бейорганикалық заттардан органикалық заттарды түзуге көшуі. Сөйтіп, бертін келе фотосинтездеуші ағзалар пайда болды. Яғни күн сөулесінің өсерімен өсімдіктер пайда болды. Олар күн сөулесінің энергиясын қоректік заттар жасауға пайдаланады. Бұл фотосинтез құбылысы.

Өлі табиғат (мысалы, кристалдар) сыртқы қабатына жаңа заттар косу арқылы өссе, тірі ағзалар қоректік заттардың есебінен өседі. Тіршілік құрылымы нуклеин қышқылдары, ақуыз (белок) сияқты макромолекулалардан басталып жасушалар (клетка), ұла, мұше, ағзаға дейін күделенеді. Жасуша – барлық тірі ағзалардың ең кіші негізгі өлшемі. Әр түрлі ағза жасушаларының құрылымы, химиялық құрамы, зат алмасуы және тіршілік әрекеттері ұқсас. Жасушалар бастапқы (аналық) жасушаларының бөлінуі арқылы пайда болады. Жасуша ядроның оның генетикалық ақпараты – ДНК болады. Хромосомалар – ДНК-ның ақуызben қосылған жінішке жішшелерінен тұратын ядроның маңызды бөлігі. Әр белгіні қалыптастыратын ақуызды синтездейтін ДНК-ның бөлігі ген деп аталады. Вирустар – тіршіліктің жасушасыз ерекшілікіні.

Жасуша теориясы жануарлар мен өсімдіктер жасушаларының өзара ұқсас екенін толық дәлелдейді. Бұл ұқсастық бүкіл тірі ағзалардың шығу тегінің бір екенін айқындаі туследі. Табиғатта кездесетін 105 химиялық элементтің 80-ге жуығы тірі ағза жасушаларының құрамында болады. Негізгі элементтердің жасуша құрамындағы үлесі 99 %; ион түрінде кездесетін элементтердің мөлшері 1% шамасында, өте аз мөлшерде кездесетін (0,01%-тен кем) микроэлементтер – 0,01%-тен кем. Егер тағамның құрамында йод жетіспесе, бала бойының өсуі тежеледі. Егер тағамның құрамында мыстың мөлшері жетіспесе, мал жашай ауруға ұшырайды. Тірі ағза жасушаларында кездесетін сутегі, оттегі, көміртегі және азоттың үлесі 99%-ке дейін жетеді. Осылардың ұшевінің (сутегі, көміртегі, азот) жер бетіндегі үлесі 1%-тен кем болады. Адам ағзасында болатын он элементтің сегізі теңіз суында кездеседі.

Өсімдіктердің тіршілік әрекетінің нәтижесінде атмосфераға оттегі бөлініш шығып, ағзалардың тыныс алуына мүмкіндік туды. Оттегінің біразы зиянды ультракүлгін және иондауны сөүлені сіңіріп, ұсташ қалатын озонға айналды. Мұның өзі тіршіліктің судан құрлыққа шығып, бүкіл жер бетіне таралуына жол ашты. Ед алғаш абиогендік жолмен пайда болған тірі ағзалар енді одан әрі өздеріне ұқсас ағзалардан тек биогендік жолмен дамыды. Фотосинтездің пайда болуы қоректену және зат алмасу әдістері бойынша барлық тірі ағзаларды екіге: автотрофтылар (жасыл өсімдіктер) және гетеротрофтыларға (жануарларға) болуға бастама берді. Алғашқыда Жер бетінде температура әлі де болса жоғары болғандықтан (оның өз ішіндегі

## Әбушәріп С. Тіршіліктің, түрлердің, нәсілдердің, этностардың...

радиоактивті заттардың ыдырауы нәтижесінде біртіндеп кыза бастады), тіршілік тек суда ғана жүріп жатты (Протерозой заманында). Бұл заманың соңына таман жануарлар типтерінің басым көшпілігінің өкілдері пайда болды [1, 221].

Палеозой заманының Кембрий кезеңінде өсімдіктер құрлықта шықты. Жануарлар әлемінде буынақтылар т.б. көп болды. Алғашқы құрлықтың жәндік - өрмекшілер болды. Одан кейін қосmekендер күрлықта шықты. Тас көмір кезеңінде соңына таман нағыз құрлықтың жануарлар – жорғалаушылар пайда болды. Ендігі жерде ұрықтың дамуы суда емес, құрлықта жүретін болды, тыныс алу тек өкпе арқылы жүзеге асырылды. Одан соң жабықтуқымды өсімдіктер мен алғашқы қарапайым сұтқоректілер шықты. Юра кезеңінде жорғалаушылардан ұшуға бейімделген бунақденекоректі түрлері – құстар шықты. Мезозой заманының соңында ауаны, жер бетін, суды мекен еткен алыш жорғалаушылар органың қолайсыздығынан жойылып, олардың орнына жоғары омыртқалылар – құстар мен сұтқоректілер келіп шықты. Кайнозой заманында қазіргі кездегі флора мен фаунаның қалыштасу процесі жүрді. Климат салқындаш кетті. Мәңгі жасыл ормандар жойылып, қыста жашырағын түсіретін ағаштармен алмасты. Бірте-бірте шөптекті өсімдіктер, өсіреле астық тұқымдас өсімдіктер таралған аптық далалы жерлер пайда болды. Міне, осы кезде бунақденекоректі сұтқоректілерден приматтар (маймылдар және маймыл тәріздес) отряды белініп шығып, одан әрі адам тәрізді маймылдар мен адамның қалыштасуына жағдайлар туда бастады. Ұштік дәуірдің соңында аптық далаларды және орманды мекендеген маймыллардан адам пайда болды. Бұл дәуірдің соңында мұз басудың нәтижесінде бірқатар ірі сұтқоректілер жашай жойла бастады. Ұсақ жануарлардың көшпілігі сұқташ інге тығылу арқылы сақталып қалды [1, 223].

Адам мен омыртқалы жануарлардың ұрықтарының дамуында көп ұқастықтар бар. Адамның дамуы да жатыр ішінде ұрықтанған жұмыртқадан басталады. Жұмыртқаның бөлшектенуі арқылы ұшалар түзіледі де, олардан бірте-бірте дәне мүшелері қалыштасты. Адам ұрығындағы мидың дамуы да алғашында балықтың миына ұқсас бес ми көшіршіктерінен тұрады. Одан бірте-бірте ұлken mi сынарлары бірнеше бөліктерге бөлінеді, дами келе ұлken mi сынарларының қыртысында мидың беттік көлемін ұлғайтатын иірімдер мен жүлгелер пайда болады.

Тән танымдық құрылымы және физиологиялық ерекшеліктері жөнінен адамға басқа жануарлардан ғөрі адам тәрізді маймылдар өте ұқсас келеді. Олардың қабыргаларының саны – 12-15 жұп, 5-6 омыртқаның бірігүйнен сегізкөз пайда болған, тістері де адамның тістеріне ұқсас күректіс, сойдақтіс, азутіс деп жіктеледі. Адам мен шимпанзе гендерінің 99 % -і ұқсас. Биохимиялық зерттеулер негізінде адам мен шимпанзе және горилла денесіндегі акуыз бен нуклеин қышқылдарының құрамында да ұқастықтың

бар екені анықталды. Жалшы алғанда, приматтар эволюциясында ДНК молекуласының құрылышы онша өзгеріске үшірамағандығы анықталды. Осы ұқсастықтардың бәрі де адам мен адамтәрізді маймылдардың арасындағы туыстықты дәлелдей түседі деп тұжырымдайтын авторлар бар. Бірақ та мына жайтты да инабатқа атуымыз керек: Адам миының көлемі 1400-1600 см, яғни шимпанзе мен горилла миынан 4 есе үлкен. Адамның көмекейінде сөйлеуге байланысты ерекше дыбыстық бұлшық ет пайда болған. Адамдар қоғамдасып өмір сүреді, соңдықтан әлеуметтік заңдылықтарға бағынады және үнемі бір-бірімен қарым-қатынаста болады. Олардың дамуы қоғамның дамуына тікелей байланысты. Қазіргі кезде адамға биологиялық әсерлерден гөрі әлеуметтік әсерлер көбірек ықпал жасайды. Миының сапасы этникалық, өрjениеттік, мәдениеттік мән-мазмұнмен байланысты. Ендеше, адамға пайдалырақ болатын әлеуметтік жағдайларды дамытуға күш салу керек (білім-ғылым, технология және әлеуметтік әділдік пен гуманизмді орнықтыру кү и тәртібінен туспек емес) [1, 228].

Бұл ретте мына бір сұрақ туындаиды: адам мен маймыл сияқты бір-бірінен айқын ажыратылатын ерекше белгілері бар екі типтің бірінен бірінің пайда болуы мүмкін бе? Мүмкін болса, оның ғылыми негізі бар ма? Тұқым қуалаушылық заңдылықтарына сәйкестенеді ме?

Чех ғалымы Г. Мендель 1865 ж. тұқым қуалау бастамалары ата-аналарынан ұрпағына жеке бөлшектер түрінде берілетінін дәлелдеді. «Өсімдік будандарында жүргізілген тәжірибелер» деген мақаласында тұқым қуалаушылықтың негізгі заңдылықтарын жариялады. 1909 ж. дания ботанигі ол бөлшектерді ген деп атаса, америкалық генетик Морган 1912 ж. олардың хромосомаларда орналасқанын дәлелдеді. Қазіргі кезде ген хромосомадағы ДНК молекуласының кесіндісі екені және онда тірі жасушадағы акуыздың бірінің құрылышы жайлы ақпарат жазылатыны анықталды. Ламарктің шікірінше, орта жағдайларына байланыста өзгеріске үшіраган кейір мүшелер жақсы жұмыс істең, жаттыға келе дамыш жетіледі, ал басқалары көп қолданылмағандықтан, керісінше жаттықтайда да, біргіндеп жойылады. Тіршілік барысында пайда болып, қажетті бағытқа толық сәйкестелген белгілер міндетті түрде тұқым қуалайды. Сұтқоректілер тістерінің жойылып кетуі, олардың ата тектерінің қоректік заттарды шайнамай жұтуының салдарынан болса, жер астында тіршілік ететін жануарлардың көздері пайдаланбағандықтан қажетсіз мүшін ретінде жойылады [1, 169].

Тұрлар тұрақты болмай, әр түрлі жағдайларға байланысты үнемі өзгеріп отырғаны дәлелденді. Тұр құрделі генетикалық жүйе болыш табылады. Тұрге – тіршілік ету және құрылыш ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі тармақтары мен популяция тоштары енеді. Ол тоptың екілдері өзара шағылышың, өсімтал ұрпақ қалдыра алады. Тұр деп морфо-физиологиялық ерекшеліктері ұқсас, бір-бірімен еркін шағылыша алатын және жалшы ареалы бар популяциялар жүйесін құрайтын даралар жиынтығын айтады [1, 197].

## Әбушәріп С. Тіршіліктің, тұрлердің, нәсілдердің, этностардың...

Тұрге бірнеше критерий тән. Морфологиялық критерий – бұл тұрге жататын даралардың ішкі және сыртқы белгілерінің үқсастығын көрсетеді. Бірақ табиғатта бір-бірінен оқшауланған және өзара шағылыспайтын тұрлер морфологиялық жағынан үқсас болыш келеді. Физиологиялық-биохимиялық критерий: тұрлердің алуан тұрлі болуы олардың химиялық құрылымдарының әр тұрлі болуынан. Өйткені, әр тұрдің жеке тоштарында өздеріне ғана тән жоғары молекулалық органикалық қосылыстар синтезделеді.

Тұрге тән негізгі критерий оның генетикалық біртұастығы болыш табылады. Тұрдің біртұастығы шағылысу нәтижесінде популяциялардағы айырмашылықтарды жоюға негізделген. Жеке популяциялар мен тұр тармақтары бір-бірінен қашалықты оқшауланғанымен де олардың арасында әрдайым генетикалық ақпарат ағымы болыш тұрады. Өйткені, бір тұрдің әр түрлі популяциясындағы даралар өзара шағылысып, өсімтал үршак берे алады. Соның нәтижесінде гендер бір популяциядан (популяция дегеніміз – эволюциялық ұзақ уақыт бойы ареалдың – территорияның белгілі бір бөлігінде тіршілік етіп, өз алдына дербес генетикалық жүйе құра алатын, еркін шағылысып, өсімтал үршак беретін бір тұр дараларының шағын тобы). Популяция даралары оқшаулануға байланысты көршілес популяциямен салыстырғанда барлық қасиеттері мен белгілері бойынша өте үқсас болыш келеді) екінші популяцияға өтіш, жаңа үйлесімдер түзеді. Бірақ әрқылы тосқауылдың болуы себепті гендердің бір тұрдан екінші тұрге өтуі мүмкін емес. Өте сирек, қандай да бір жағдайларға байланысты тұрааралық шағылысу бола қалса, одан тіршілік ете алатын үршак алынбайды. Ендеше, тұр - өз алдына біртұас генетикалық жүйе [1, 198]. Дарвин аралықтағы (екі ортадағы) тармақтар ұзақ өмір сүре алмайды, олар өлімге дұшпар етіліп, тез арада жоқ болыш кетеді деген тезисті алға тартқан [2, 248].

Табиғатта тұр ішілік құрылымдар да болады, олар жануарларда – тұр тармақтары делінеді. Тіршілік жағдайлары өзгерсе, бейімділік белгілері де өзгереді. Бір тұрге жататын даралар арасында тығыз байланыстар болыш жатады және сол арқылы тұр тұастығы үнемі сақталады. Мұндай байланыстар атальқтары мен аналықтары арасында ата-енелері мен үршактары арасында, үйрдегі, табындағы жеке даралар арасында да болады. Осындағы көп тұрлі байланыстардың нәтижесінде тұр тұастығы сақталып, олардың тіршілік жағдайы қамтамасыз етіледі. Эволюция барысында әрбір тұр дараларының арасында өзара бір-біріне бейімделушілік қалыптасады. Мысалы, көптеген жануарлардың ата-енелерінің үршактарына қамқорлық жасауы, даралардың әр түрлі хабар беру арқылы өзара қарым-қатынас жасауы (жұп құруы, көбеюі) жауларынан бірлесіп қорғануы немесе қорегін тоштаныш жүріп үстаяуы, т.б. сияқты байланыстарды атауға болады. Сондықтан да бір тұр басқа тұрлерден оқшауланады да, өз алдына біртұас жүйе құрады. Тіпті бір тұрге жататын даралардың хромосомаларының саны мен шіліні де бір-біріне сәйкес, әрі үқсас болатыны белгілі. Сондай-ақ, әр

түрге жататын даралар арасында будандасу не шағылысу өтө сирек кездеседі. Мысалы, қасқыр мен шибөрі бір туысқа жатқанымен, бір бірімен ешуакытта шағылыспайды. Олар морфологиялық, экологиялық және басқа белгілері бойынша да ажыратылады. Табигатта сирек болса да, әр түрге, кейде бір туысқа жататын түрлер арасында будандасу немесе шағылысу жағдайы байқалады. Мұндай жағдайда ондай түрлер арасынан шыққан гибрид тіршілік ете алмайды. Немесе олар өз алдына үрпақ бермейді. Мысалы, жылқы мен есек бір туысқа жататын түрлер, ал олардан шыққан қашыр өз алдына үрпақ бере алмайды. Кейде түрдің бейімделуі сол түрге жататын кейбір «артық» даралардың жойылуына әсер еткенімен, сол түр үшін пайдалы болып саналады. Сондай-ақ құстардың кейбір түрлері үя тар болғанда балашандарының біразын үядан түсіріш тастанады, ал қалғандары ширак болып өседі, әрі тіршілікке бейім болып жетіледі. Демек, табигатта кездесетін мұндай «қажетсіз» бейімделу тұтасымен алғанда сол түрдің өз пайдасына шешіледі. Еврейлердің қырылуын ұйымдастырган еврей элитасының әрекеті де бұған мысал бола алады.

Дарвиннің шікірінше, анық ажырататын белгілері бар түрлердің шағылысының нәтижесінде өсімталдық мүлдем тоқтайты немесе аз үрпақ бергіштігімен ерекшелінеді. Әрі қарай келесісінде түрлер үрпақтарының өсімталдығы зиян шекпейді [2, 58]. Гибридтердің өсімталдық құрылышы жетілген болса да, олардың органдары өзінің өсімталдық функциясын атқара алмайды. Мұны атаптық элементтерінің жағдайынан (электрондық микроскоп арқылы) білуге болады [2, 411]. Бұл жайтті этностардың араласуынан да байқауға болады. Олар бірінші үрпағында-ақ құрыш кетуге тиісті. Ал таза гомогендік этностардағы гибридтік кірігу нәтижелі аяқталуы мүмкін. Мысалы, ғылымға европеоидтықтар мен австралоидтық аборигендердің арасындағы аралас некеден туылған өкілдерінің аман қалғандығы мәлім емес. Ал мұндай жағдайда европеоидтық (ерек заты) пен азияттықтың (әйел заты) үрпақтары көбінесе «кесерова сечение» арқылы алынады немесе олар ауруларға душар болып, генетикалық және психикалық ауытқупыштықпен туылады екен. Сонымен бірге Дарвин мұны абсолюттендіріп жіберуге де болмайтынын айтады [2, 686].

Дарвин жекеленген жақсы-жағымды айырмашылықтар мен өзгерістердің сакталуы және зияндыларының жойылуын мен Табиги сұрыштау дең атадым, дейді (Дарвин Ч. Происхождение видов. – М.-Л., 1937. – С. 128). Менің шікірінше, тармақтар – құралу үдерісіндегі түрлер ғана немесе мен оларды пайда болып келе жатқан түрлер дең атар едім [2, 167-168]. Арзымаған айырмашылықтар, оларды орнықтыру арқылы максимальдық түрді қалыптастыру жағдайында ғана жаңа түрлер шайда болады. Егер тармақ есе келе басташқы тұқымдық түрдің саны артып кетсе, ол түр бола алады, ал түр тармаққа айналып қалар еді немесе екеуі де бір уақытта өмір сүре отырып, дербес түрлер болып есептелінер еді [2, 95]. Өзгерістер сөзін Дарвин жай ғана

### Әбушәріп С. Тіршіліктің, тұрлердің, нәсілдердің, этностардың...

жекеленген айырмашылықтар ретінде түсінеді. Құрылымы және жалпы складтағы болмашы айырмашылықтар тармақтардың құрылуындағы бірінші қадамдар болып табылады. Табигат өзінің заңына жат саналатын гибридтік өулеттің орнықтырылмауы үшін олардың ұрпақтарын бірінші ұрпақта-ақ жойып жібереді.

Бір-бірінен айқын айыратын өзгерістері бар жануарлардың шағылсыуының толығымен өсімталдығын дөл анықтаған бірде-бір жағдай табыла қояр ма екен? Таза тұрлердің ұдайы өндіруге қабілетті органдары, әрине, жетілген жағдайда болады, бірақ шағылсықанда бұл тұрлер аз өулет береді немесе мүлдем оны бермей қояды. Сонымен бірге өсімдіктер мен жануарлар гибридтерінің өндіретін, яғни ұрпақ әкелуге тиісті органдары өзінің функциясын атқаруға қабілетсіз, мұны олардың аталақ элементтерінің жай-күйінен микроскоп арқылы анық біліп алуға болады [2, 411].

Егер бұл биологиялық шындықтан келіп шығатын болсақ, араласқан этностар мен екіншілік нәсілдер ұдайы ең таяудағы ұрпақтарының күрш бітіш, қашан да болса өмір сүрмеуі керек еді. Ал аралас некелер арқылы пайда болған гомогендік («таза») этностарғы гибридтік (будан) қоспалар немесе ұрықсыз болады (өнім бермейтін) немесе таза этностиң өкілдерімен әрі қарай аралас некелесуіне байланысты ассимиляцияға түсіп (сіңісп кетіш) ақырында жат белгілірінен толық құтылыш, содан соң жұтылыш кетуі керек. Мысалы, метистер мен мұлаттардың ұрықсыздығын айғақтайтын көптеген жағдайлар белгілі. Дарвин еңбегінің бір жерінде ескертеді: тұрлер бірінші будандаусында ұрықсыз болғанымен, олардың тармақтары будандақсанда әрқашанда дерлік өсімтал тұқымды беруімен ажыралыш тұрады (2, с. 686). Будандасу нәтижелері тұқымның сөзсіз напарлауына алып келеді, дейді Дарвин. Олардың жақсаруына тұрлі тектердің шағылсыуы арқылы еш уақытта қол жеткізуге болмайды: барлық тәжірибелі малшылар бұл әдіске үзілді-кесілді қарсы, оны тек жақын, туыстас тұқымдар тұрлеріне ғана қолдануға болатынын раставайды. Сондыктan биязылықты, сыйайылықты, төзімділікти насиҳатташ, - деп жазады А.Н. Севастьянов, - демократияны ту етіш жүргендердің нәсіл және этностиң араласу аса сұлу және дарынды ұрпақтардың пайда болуына әкеледі-міс еген көкезулепулері надандардың жауапсыз, зердесіз, нақұрыстық шашағы. Пушкиннің тамырында 65 % орыс қаны ағып жатыр, төрт буыннандағы 8 ата-бабасының бесіншісі таза орыс адамдары және екеуі европалық халықтар өкілдері. Ол сирек кездесетін ерекше феномен. Егер ақ тұсті адамдарға тұрлі тұстілер келіп қосылса, мұндай араласудан бүтінгі Американың әр бүрышында данышшандар мен ақындар тұрған болар еді [3, 45].

Нәсіл жойылады ма? Нәсіл мен этностиң өзін-өзі тазалануы мүмкін бе? Бұған жауапты нағыз эмпирик, шынайы жаратылыстанушының еңбегінен табуға болады. Табигаттағы мүмкіндіксіз нәсілдегі өзгерістер болмайды. Өйткені, адам сұрыштау арқылы тек әлсіз ауытқуларына ғана әсер ете алады.

Өзіне назар аудартқан қалыштан тыс жемсауы бар көгершінді көрмегендे барылдақ көгершінді сұрыпташ алу адамның миына кіріп те шықпас еді. Адам табигат берген бағытта әрекет еткен, сөйтіп күтілген нәтижеге қол жеткізді.

Дарвин ақ пен қара поляктік (Barb) көгершіндерді будандастырган. Нәтижесінде қара, қоңыр және теңблі түсті гибридтер шайда болған. Эрі қарай ол қара поляктікі (Barb) ала шегненмен (Spot) будандастырган т. тағылар. Ақырында жабайы жартасты көгершіндер келіп шықты. Демек, барлық үй тұқымдары жартасты көгершіннен шайда болған [2, 57].

Осы сияқты некеге тегі орыс-неміс-украин т.б. отырса, олардың ұрпақтары кроманьондық типтің барлық бітімін қалпына келтіреді. Сонымен бірге орыс типінің біршама антропологиялық шашыранқылығы да жақсы нышан, ейткені Дарвин бойынша, бір түрдің ұрпақтарының құрылымы түрлі бол келсе, сапалы болады [2, 174]. Біздің Оргалық Азия түркілерінің араласуының нәтижесінде, алғашқы тұрандық түріктік тип толық қалпына келер еді. Бұдан тысқары, алғашқы нәсіл ұрпақтары мыңдаған жылдар бедерінде өзгеріссіз сақталып қалуы да мүмкін (мысалы, қазіргі басқілер, берберлер).

Сонымен, геологиялық, климаттық және басқа табиғи факторлардың әсерінен, көп-қонның қажеттілігі, сондай-ақ нәсіларалық қатынастар (негізінен соғыстар) бір заманда бірыңғай нәсілдердің этностарға бөлшектенуіне әкелип соқтыруды. Мұнда бір нәсіл шенберіндегі биологиялық ерекшеліктер этногенездер негізін қалац, этнодиагностикалық маркелер этностарды ажыратушы рөл ойнайды (бір отбасындағы аға-інілердің физикалық жағынан ұқсастығы аз болуы мүмкін, бірақ отбасылық бірліктің ерекшеліктерін сақтай отырып, олардың ұрпақтарының оқшауланыш өмір сүрген жағдайында бір замандары бірге-бірге жеке бір дербес қауымның негізін қалауы мүмкін болатын жайт. Біргіндеп биологиялық бұл айырушы белгілер тілдер мен мәдениеттердің, құлті ментальдықтың белең алыш бара жатқан ажыралу процесстерін қамтамасыз етті.

Авторлар табиғи-бірге қауымдастып өмір сүрген тіршілік иелері ретінде өзірге дәл анықталмаған, бірақ әлеуметтік тұрғыдан салыстырмалы түрде бажайлауға болатын институтты – алғашқы қауымдық үйірлік топты (стадо) көрсетуге болады деп біледі. Нақты мәліметтердің жоқтығынан мұның сол замандағы әлеуметтік-этникалық динамикасын дөп басып пайымдау қызын, әрине. Бұл интервалдың негізгі бағыты – өзінің тобынан тысқарыдағылармен жыныстық қатынастардың белең алуы мен түрлі ұрпақтарға жататын тіршілік иелерінің арасындағы некелерді мүлдем болдырмау, ана мен оның балаларының арасындағы тұрақты және ұзак мерзімді туыстық байланыстардың нығаюы, олардың арасындағы биологиялық байланыстардың туысқандықты ұғынуымен қоса жүруі [4, 284]. В.П. Алексеевтің шікірінше, адамның арғы тегі – австралопитектер дамыған ментальдыққа ие емес еді, бірақ тас және сүйектерден дөрекі құралдарды

## Әбушәріп С. Тіршіліктің, тұрлердің, нәсілдердің, этностардың...

жасай білген, терімшілік-аңшылықпен айналысқан [4, 286]. Архантроптар (питекантроптар, синантроптар) – ең ежелгі адамдар болыш есептелінеді, оларда диалогтік тіл, ұғымдық ойдың нышандары болған, ірі аңдарды зорықтыра жүріп айдаш аулаған, табиғи мүмкіндіктеріне қарай әлеуметтік рөлі айқындалған. Алғашқықауымдық үйірлік топ эволюциясының бұл фазасы қаңdas туыстық қауымдастықтар қалыштасуының басталуы еді.

Сонымен рулық қоғам жоғарғы палеолитте пайда болады. Тұрлі үршактар өкілдерінің арасындағы некеге тиым салу рулық құрылымдағы әлеуметтік-этникалық қатынастардың қозғаупы күші болыш табылады. ә) балалардың ана тәңірегінде тоғтасуы; б) ішкі тоғтық некелік қатынастарға тиым салу. Экзогамия руладың өзара байланыстарын күштейтті, бұдан барып олардың тайшага бірлесуін тездедті. Жоғарғы палеолит пен мезолитте өмір сүруді қамтамасыз ету табиғат заттарын тікелей тұтыну – иемдену шаруашылығы арқылы жүзеге асты. Неолит пен қола дәүірлерінде егіншілік пен мал шаруашылығы түріндегі өндіруші шаруашылықтың бастамасы қалыштасады. Ру біртінде страттық тоғтарға – кішігірім отбасыларға бөлініп, олардың жалғыз өздері үдайы өндірістік үдерістерді атқара алу жағынан шамасы келмейтіндіктен және экзогамияның нәтижесінде көршілестік қауымдарға бірігеді. Тұрлі руладың бір-біріне жақын араға қоныстанған патриархалдық отбасыларының (үйшаруашылықтарының) бір территорияда үдайы өндіріспен айналысуының нәтижесінде көршілестік (территориялдық) қауым пайда болды. Бұл қаңdas-рулас тоғтар бірлігі тайшага орайласады: тегі бір тайшалас-аталастар ортақ өмір сұру мекен-жайы, тілі, бірдей өзіндік сана-сезімі және өзіндік атауы негізінде бірлеседі. Сөйтіп этностиқ түрге ие болады: белгілі бір географиялық таралу аймағы – қаңdas туысқаңдық, ұжымдық құндылықтар, бірыңғай тағдыр және дәстүр негізінде біріккен адамдық қауымды этнос деп атауға болады.

Рулық қауым ұжымдылықтың барлық әлеуметтік функцияларын атқарушы университеттік институт болыш табылады. Ал, көршілестік қауым отбасылық шаруашылықтардың ұйысуының нәтижесінде пайда болады. Өзара әсерлесудің өзегі – тікелей өндіріс, оның тәртіпке келтірілуі территориялық қауым кезеңін басталады. Ру-тайшалық құрылыш, әдетте қаңdas туыстық пен антропогенотикалықтың бірлігі еді: а) өзінің территориясын игерген шаруашылық ұжым этникалық жағынан гомогендік сипаттас еді. Мұнда география, шаруашылық, қан негіздері ажырамас бірлікті құрайды. Ал территориялық қауым бұл бірлікті бұзады – ендігі жерде шаруашылық ұжым қоршаған ортаға деген өзінің этностиқ өкілдігін бірте-бірте жоғалтады. Басты назар шаруашылықты жүргізуі табиғаттың бір бөлігін тайшалық әдістермен өңдеудің, дәстүрлі технологияны қолдана берудің орына географиялық ортаға ұстемдік етуге деген ұмтылыс арқылы жүзеге асатын болады. Мұның өзі табиғатты дөрекі тұтынушылықтан

дамудың жоғары сатысына өтуге, қандас туыстық тіркемелердің орнын территориялдық тұрмыстың стандарттарының басуына мүмкіндік береді.

Дамыған егіншілік шаруашылығына, малды қорада бағу мен отарлы мал шаруашылығына өту өндірістің күрделенуіне, тамақты тұрақты тұрде таба алу мен азық-тұлғы қорын жинақтауға себепші болды. Мұның өзі шаруашылық ұжымды оның мекен еткен жеріне тікелей тәуелді болудан құтқарды.

Мезолиттің ақырында және неолит дәуірінде тұтынушылықтан өндіруші шаруашылыққа өтудің маңызы зор болды: ру-тайшалық өндірістің дөкір, қатыш қалған тәртібін бұздады, тайшалардың араласуына септеседі, қосымша өнімдер жинақталады, соның нәтижесінде мұліктік жіктелу келіш пығады, әлеуметтік құрылым күрделенеді, тұргындар страттанады және иерархияланады, мемлекеттілік негізі қалана бастайды.

Неолиттің атмосферасынан цивильдік өсіп пығады, қоғамдық тұрмыс кристалданады (белгілі бір тұрде құрылады), ұжымдық авто-эктожаңауруға деген қабілет қалыптасың, шыңдалады. Бұлардың алдынғысы мәдениеттің рухани, екіншісі мәдениеттің практикалық тұрлерінің дамуын алдын ала өзірлейді. Мәдениеттің өзі құндылықтарды жасау, өсіру, орнықты өту механизмі және оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы көрінеді. Қоғамдық цивильдің (азаматтылықтың) жағдайы бұл механизмнің орнықтырылуына байланысты жақсара түседі. Бұдан маглұм болды: базис үстінділігі идеясы цивильдік тарихында тек тәртіпсіздік, берекетсіздік бағытына үндейді. Іс-әрекеттің практикалық тұрлерінің әсерімен өмір сұру оргасы жанарады, ал іс-әрекеттің рухани тұрлерінің әсерімен гуманитарлық сала түлейді және құндылықтың тұрғыдан өсу басталады. Ең бастысы ұжымдық ұйымдағы тірліктің нәтижесінде үздіксіз жасампаздық, өңдеу, өсу бой қөтереді. Неолиттегі өмір сұру - өсіру, тарату, өндірумен сәйкестенеді, өндіруші шаруашылықтың құнделікті әдеттегі тірлік салтына айналуы табиғат стихиялары құштерінің адамзат ұжымының тарихи тағдырын анықтауын азайтып, олардың екінші – табиғи-мәдени бастауын көбейтіп, өмірдің әлеуметтік компонентін күрделендіріп жібереді. Аз санды қандастуистас алғашқы қауымдық тоштардың орнында этностық жағынан араласқан (территориялық қауымдағы иерархиялық, бір-біріне бағынатын) ірі әлеуметтік қауымдар пайда болады. Мұнда қауымдық тоштардың биогенетикалық салмағы сақталып қала береді. Бірақ ендігі жерде олардың ішкі құрылымы да қоршаған органдың факторларына тәуелді болмай қалады.

Европалық және орыс авторларының жазуынша, Нордистік нәсіл бүгіндері үлкен алғашқы европеоидтық-кроманьондық нәсілден ажыралып шығып, Поляр шеңберінен онтүстікке, Евразияның солтүтігіне қарай қоныс аударған (солтүтікегілердің бәрі жататын) барлық этностарды қамтитын – тұр ұғымы. Олардың дәл ажыраған мезгілін ешкім де дөп басып айта алмайды. Бірақ қас-қағым сәтте кроманьондықтар өздері өмір сүріп жатқан

## Әбушәріп С. Тіршіліктің, түрлердің, нәсілдердің, этностардың...

Евразияның аса үлкен платформасымен бірге мұздықтың жаңынан (кейбіреулері астында қалған) бір-ақ шыққан. Мұның барлық ақиқаты мен құшиялары мұзды мұқиттың түбінде жатыр. В.В. Бунактың жазуынша («К вопросу о происхождении северной расы // Антропологический журнал, 1, 1934), Еуропада палеолит дәуірінде солтүстік нәсілдің кроманьондық және оринъяктік типтері өмір сүрген. Олар Франция территориясындағы Шанселадтан табылып, бойының ұзындығы 155 см, аяқ-қолдары үлкен емес. Сондай-ақ, олар Италия мен Чехиядан да табылған.

И. Е. Деникер нордистік нәсіл өкілдері, көбінесе Солтүстік Еуропада шоғырланған еді: соңақ бет, сұңғақ бойлы, ақ-сары шашты, ақ тәнді, көздері көгілдір, бастары сопактау (76-79), қыр мұрынды (Человеческие расы. 1900) деп жазған. Кештеген антропологтар нордистік нәсіл өкілдері жаштай долихокефалдықтар (ұзынбастылар), ал олардың арасында кездесетін брахицефальдықтар (келте басты немесе дөңгелек жүзді) кейінгі кезеңдердегі басқа этностармен болған қан араласудың нәтижесі деп түсіндіреді. Неміс расологі К. Штрац солтүстік тайшага скандинавиялықтардан басқа солтүстік немістер, голландықтар, ағылшындардың бірсышырасы және солтүстік ресейліктер жатады деп біледі. Норвегиялық ғалым Х. Брюнн «Нордический человек» (1929) деген кітабында Норвегияда еркектердің 100 %-і ақ тәнді, 98,5 %-і кеккөз, 99 %-і ақ сары шашты болыш келетін тұргындары тұрган аймақтар сақталынған. Демек, Скандинавия жартыаралы нордистік нәсілдің алғашқы отаны болған деп көрсетті. Д. Рис те 1836 ж. арийлер артикалық шенбер шегінен, өсіресе Финляндияның солтүстігінен шыққан деп болжамдаса, Д.Х. Рендалл 1889 ж. арийлерге берген анықтамасында «Блондиндердің долихокефальдық нәсілі Балтық жағалауынан шыққан деп тұжырымдаған. В. Демин ақ адамның алғашқы отаны мұздың астына кеткен Гиперборея еді деген болжамын айтқан. Кештеген археологиялық экспедицияға қатысқан антрополог Л. Криживицкий Ладога көлінен көрсеткіші 72,1 болған бас сүйектерді ташты. Бұл ерекшелік кейінректе батыс, шығыс славяндар құрамына кірген тайпалардан көрінді. Бұлар «Солтүстіктиң иегерлері» еді. Олар Киев пен Москвадан Польшага дейінгі жерлерде өмір сүрген ұзынбасты, ақшыл сары адамдар еken деген қорытындыға келген. Неміс антропологиялық қоғамының негізін қалаушысы Р. Вирхов (1821-1902) Еуропада жүргізген қазба жұмыстарының нәтижелерін жүйелей келе «германдықтар да, славяндар да алғашқыда блондиндер болған (ақсары шашты), бірақ кельттермен араласып, қоңырқай типтес элементтерді қабылдаған деген қорытындыға келген. Неміс антропологі И. Ранке былай дейді: алғашқыда германдықтар мен славяндардың бас сүйектері ұзынбасты болыш, кейінректе брюнеттер мен (қысқабастылармен) араласқан, Қазіргі Финляндияда неолит дәуірінде блондиндер тұрган. Солтүстікегі славяндар да блондиндер болған. Шотландиядағы германдықтар блондиндер еді дейді. А.Л. Монгайттың шікірінше (Археология

Западной Европы. Каменный век. М., 1973), Еуропада долихоcefальдар мен брахиcefальдардың арақатынасы бірдей болған. Батыс Еуропада неолиттік долихоcefальдар 3-ке ажыралды: 1) кроманьондық тип; 2) жерортатеніздік; 3) нордистік тип. Қазіргі скандинавиялықтар жергілікті неолиттік тұрғындардың тікелей ұрпақтары. Нордистік типтегілер Скандинавия елдерін, Швейцария мен Германияны мекендеген. Солтүстіктен Оңтүстікке қарай қоныс аударған нордистер Шығысқа, Оңтүстік-Шығысқа, қазіргі Пекинге дейін жеткен. Г. Е. Грумм-Грижимайло («Белокурая раса в Средней Азии». СПб., 1909) мен Г.Ф. Дебец («Еще раз о белокурой расе в Центральной Азии» // Советская Азия, 1931, номер 5-6) Алтай-Саян маңындағы жүргізілген қазба жұмыстары бұл жерлерде европеоидтық нәсілге жататын ұзынбастылар өмір сүрген, олардың бет шілпіні таза европалық екендігін көрсетеді деген болжам жасаған еді. Г.Ф. Дебец қытайтанушы Г. Е. Грумм-Грижимайлоның шікірін қуаттай отырыш, б.э.д. I мыңжылдықтың ақырында және б. э. I мыңжылдығының басында қытай деректерінің көрсеткеніндей, Минусинск өлкесі төңірегінде солтүстік нәсілге жататын европеоидтық тұрғындар өмір сүрген дейді [5].

Нордистік нәсілдің ядросына 3 этностық топ жатады: германдықтар (скандинавиялықтар, голландықтар, бельгиялықтар, ішінәра ағылшындар мен француздар), финдер мен славяндар. Мұны, дейді А.Н. Севастьянов, орыс-фин тайпаларының одағы көрсетеді. Олардың Рюрикті ағаларымен бірге мемлекетті бірлесіп басқаруға шақыргандығы мұның дәлелі болыш табылады. Нордистік нәсіл ұрпақтары уақыт өтісімен физикалық жағынан қарайды. Сонымен бірге олардың этникалық идеалы да қарайды. Александр Македонскийдің, одан кейін Рим Республикасының және империялардың жаулаш алуларының биологиялық нәтижесі осындағы болды [3, 40].

Бұл ретте шешімін ташпаған мәселенің барын айта кеткен жөн: егер де Орталық Азия, оның ішінде Қазақстан жерлерін атам заманынан нордистік-арийлік нәсіл өкілдері мекендеген болса, Қазақстанның ежелгі тұрғындары өзел бастан нордистік нәсілге жатқан ба немесе өз алдына дербес европеоидтық сипатты этности құраған жергілікті қауым еді ме? О. Смағұловтың айтуынша, Қазақстанның энеолит және қола дәуірлеріндегі тұрғындарының физикалық әлшеті европеоидтық болыш, қазіргі уакытта монгол тиітес тайпалардың келіш қосылуының нәтижесінде қазақтардың популяциясында 30 % европеоидтық, 70 % монголоидтық қоспа болыш өзгерген екен. Мұның анық-қанығына жету – аса маңызды ұлттық-этностық және идеологиялық мәселе болыш қала береді.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Қасымбаева Т., Аманжолова Л. ... Тіршіліктану. – Алматы: Мектеп, 2003. с.319.
2. Дарвин Ч. Происхождение видов. – М.-Л., 1937.
3. Севастьянов А.Н. Дарвинизм и расология. Раса и этнос // Авдеев В.Б. Расология. – М: Белые альвы, 2005.

## **Әбүшәріп С. Тіршіліктің, тұрлардің, национальностей...**

4. Алексеев В.П. Становление человечества. – М., 1984.
5. Дебец Г. Ф. Еще раз о белокурой расе в Центральной Азии // Советская Азия, 1931, №№ 5-6.

### **РЕЗЮМЕ**

*В статье рассматривается эволюция жизни вообще, видов, рас и этносов, а также вопрос о том, как оказывается кровное смешение представителей различных рас и этносов, имеющих резкие отличительные признаки на их психо-генетическом состоянии. В ней освещается возникновение родовой общины, в особенности так называемой нордической расы и их места расселения.*

*(Әбүшәріп С. Эволюция жизни, видов, рас, этносов)*

### **SUMMARY**

*The paper describes the evolution of life in general, species, races and ethnic groups, as well as the question of how to effect a blood mixing of different races and ethnicities, with sharp features on their psycho-genetic condition. It highlights the emergence of the tribal community, especially the so-called Nordic race and their place of settlement.*

*(Abusharip S. The evolution of life, species, races, ethnic groups).*

### **ÖZET**

*Kağıt genel yaşam evrimi, tür, ırk ve etnik gruplar, yanı sıra psiko-genetik hastalık keskin özelliklere sahip, farklı ırklar ve etnik karışımı bir kan etkisi nasıl soru açıklar. Bu aşiret topluluğu, özellikle sözde Kuzey ırk ve onların yerine yerleşim ortaya çıkması vurgulanmaktadır.*

*(Abuşarıp S. Hayatın evrimi, tür, ırk, etnik gruplar).*

**Ясин ҚҰМАРҰЛЫ**

**“БИ” СӨЗІНІҢ ТӨРКІНІ**

*Автор мақалада «би» сөзінің шығу тегіне ғылыми талдау жасайды. «Би» сөзінің тегі бір қарағанда қарашайым мәселе болғанымен, оның ішкі мәні теренде жатады. Ол бидің төркіні қайдан келген, биді қалай тусіну керек, қазақта би болған ба, қашаннан болған деген мәселелерге барыш саяды. Би билеу мен биліктің байланысына назар аударады. Би сөзінің этимологиясын талдайды.*

**Кітп қөздер:** Би, билік, шаман, этимология, би билеу, бақсы, бақсылық ойын.

Қазақта ән болмаған, би, күй болмаған дәүспі мәңгүрттер бүгінгі күнің тұмалары ғана емес. Оның алдыңғыларын сонау XIX ғасырдан да жолықтыруға болады. XIX ғасырда қазақ жеріне келген К. Дужан: “Көкпекті округі қазақтарының үйлену әдет-ғұрыштары” атты естелігінде: “Қазақтарда, шынына келгенде, тікелей үйленуге ғана тән болатын ән, музыка немесе би жок; көшпілік жағдайда олардың өлеңдері бірнеше сөздердің мағынасыз қосындыларына тұрады; бір қуаныштысы - сөздер үйқасып аяқталады. Осы жерде өлеңді құрастыруданы шеберлік көрінеді және ол кез келгеннің қолынан келе бермейді”, – деп жазады [1].

Автордың сөзінде қисын бар дейін десек, қазақта үйленуге тән би мен күй болмай-ақ қойсын, ән мен ән ырғағы жоқ деу барып тұрган сорақылық болмас па?! Қазақта үйлену мұрасымдарына байланысты ән мен ән ырғағы жеткілікті екендігі кімге болса да белгілі жай. “Сыңсыма”, “аужар”, “көріс”, “беташар” сияқтылардың үйленуге қатысты ән-жырлар емей не болмақ? Тіпті қазақтың анадан шыр етіп жарық дүниеге келгеннен, қайта қара жердің құшағына кіргенге дейін әнмен қарсы алыныш, әнмен ұзатылып салынатындығын қазақты түсінетін барлық жан біледі. Қазақта үйленуге қатысты ән-күй жоқ деп отырған жаңнан, қазақ биі туралы дерек дәметудің өзі де сорақылық болар еді.

Қазақта би болған ба, “би” сөзі қазақта қайдан келген деген мәселеге мәдениеттанушылар ертеден назар аудара бастағаны байқалады. 1892-1938 жылдар аралығында өмір сүрген режиссер, драматург, актер, қазақ ұлттық профессионалды театр өнерінің негізін салушылардың бірі Жұмат Шанин: «Қазақта би болмаса, онда “би билеу” деген сез қайдан шыққан?» деген екен. Ендеше, шыңдығында “би” сөзі қайдан келген? Оның арғы мағынасы не? Бұл – кімді болса да толғандыратын мәселе.

Қазақтың сөздік қорында “би” сөзінің екі түрлі мағынасы бар: 1. Би - дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық

## Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

біліктің иесі. 2. Би - саз ыргағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін көне өнер түрі.

Билік иесін білдіретін “би” сөзі орхон-енисей түрк мәтіндерінде “бек”, “беклік” түрінде жолығады. Құлтегін құльштасының шығыс бетінде “беклік” сөзі бар. Ол кәдімгі бек, бектік мағынасында.

Галымдардың, олардың ішінде В.В. Бартольдтің пайымдауыша, билікті білдіретін “би” сөзі шамамен 14-15 ғасырларда ежелгі түркі тіліндегі “бек” атауының бір нұсқасы ретінде пайда болған. Сейтің, ол басқарушы, ел билеуші мағынасын білдіреді. Уақыт өте келе би сөзі бастапқы семантикалық - тілдік реңінен ажырады, негізінен, дау-жанжалды шешептің, кесімді төрелік айтатын, әділ үкім шыгаратын адамды бейнелесу, атау үшін қолданыла бастады.

Шындығында IX–X ғасырлардағы түркі тілдерінде сөз соңындағы *r, r' < и-ға* алмасу заңдылығы болған. Мәлімет тым ташы болса да Шығыс Еуропадағы оғыз тайпаларының тілінен осындағы мысалдар байқалады: *бәг>бай* (сұру күлбай), *қатағ>қатай* [2].

Қазақтардың дәстүрлі түсінігінде кейінгі би мынандай төрт түрлі мағынаға ие атау болған: 1. Ел билеушісі, иелік етуші; 2. Сот, төрепші; 3. Батагей, шешен; 4. Бітістіруші, дипломат, елші.

Саз ыргағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін көне өнер түрі “би” туралы түркі жазбаларында ұшырайды.

Онда: “Тәңірлердің жырың, ойнын жырлап билеп... Алыстан тәңір бүрханды мадақтарап отырды” / «tänrlär iřin ojuň irlaju büdijü .... īraqtan tänri bıtxanıg öğä jīva turdılار»;

“Гүлін алып билеп барып” / «Kuasın alıp büdijü barıp»;

“Сүйініп көрсе онда ойын не би” / «sevinē körsä tus'tä ojuň ja büdik» деген сияқты мәтіндер жолығады.

Бұдан да, жоғарыдағыдан көне түркі тілдеріндегі дыбыстардың алмасу заңдылығы бойынша қазақ тіліндегі би билеу дегендегі “би” дәл осы көне түркі тіліндегі “бүдік” сөзінен келген дең қорытынды жасауға болар.

Алайда, бізді одан басқа да, бидің ең басты келіп шығу негіздерінің бірі болған шаманизмге қатысты ұғымдар мен түсініктер қазақ тіліндегі “би” сөзінің тегін бұдан да кең аумақта қарастыруға жетелейді. Эрі ол жоғарыдағы біз айтқан екі “би” сөзің, яғни билікті білдіретін “би” мен би билеу дегендегі “би”-ді төркіндестіруге жебейді.

Әрине, билікті білдіретін “би” мен би билеу дегендегі “бидің” байланыстылығын қарастыру үшін, әуелі бақсылық пен би билеудің, бақсылық пен биліктің, сондай-ақ би билеу мен биліктің иендей байланысы барлығына назар аударуға тұра келеді.

**Бақсылық пен би билеу:** Бақсылық шаманизмның басты белгілерінің бірі. Шаман бақсылары шамандық нағымға сай, адам мен тәнірдің немесе

адам мен ие-киелердің арасын жалғаушы, шамандық рәсімдерді басқарушы, атқарушы, үйымдастырушы, шамандық балшы, сөуегейлік айтушы, болжагыш, шамандық үкімдерді, қорытындыларды шығарушы, шамандық билік айтушы, т.б. Бақсылық пен би билеудің етенелілігі ертеден белгілі, яғни би билеу – бақсының бақсылық рәсімдеріндегі кем болса болмайтын басты өнердің бірі.

Мамандар шаман дінінің пайда болған және өрбіген ортасы ең әуелі Терістікте Евразия даласы екендігін алға тартады. Егер бидің шынайы көркемөнерлік өнерге айналуы шаман дінімен байланысты болса, онда бидің ең алдымен жетілген орнының да Терістік даласы екендігін мөлшерлей аламыз.

Қазірге дейін адамдардың көбі ән мен жырдың, күйдің тарихы және тарихи деректері ең көне, ең мол молса керек деп ойлауы мүмкін. Іс жүзінде адамдар ең ерте қалдырыған мәдениет іздерінде ән мен күй емес, би басты орында тұрады. Евразия көшпелілерінің ең байыргы жазба деректері саналатын жартас суреттерінен әнді де, күйді де байқауға болмайды, қайта осыларға салыстырмалы түрде би көріністері молынан жолығады. Евразия даласындағы арғы заман жартас суреттерінде адамдардың би билеген көріністері жи үшпүрайды. Солардың арасында, шаман бақсыларының басына үкі тағыщ, денелеріне түрлі шашақты киім киіш, биге басқан көріністері Азияның терістігіндегі, әсіресе қазақ даласындағы жартас суреттерінде жолығады. Қазақстанның Баянжүрек жартас суреттері мен Шинжияның Бардақұл жартас суреттеріндегі осындаш шамандық бейнелер осыдан 3500 жылдың алдындағы туындылар деп бағаланған [3]. Осындаш жартас суреттерінде бейнеленген бақсы образы тек бақсылық киім киіш, жын шақырумен ғана тынбайды. Олар дабылын соғып немесе басқа күй аспаптарын шертіш, би билейді. Сонымен қоса әнге басады немесе тақдақташ атын атап, түсін түстеп иесі мен киесін шақырады, жын-шайтандарды қуады. Міне, біз бұлардан біздің арғы ата-бабаларымыздың әнінің, биінің, күйінің және әдебиетінің бастау көзінің тым арыда жатқандығын біле аламыз. Шығыс дүниесіндегі шаман бақсыларының қимылы туралы ең алғашқы жазба деректер Қытайдың Шаң (Қытайдың орга жазығында ең алғаш салтанат құрған патшалықтардың бірі) дәуіріндегі сүйек жазуынан (б.з.б. XIV ғ-дың ортасы- б.з.б. XI ғ-дың ортасы) жолығады. Шаңдардың тегінің өзі Орта жазықта Терістіктен келген көшшелі, малыш тайпа. Сүйек жазуларында шаң бақсыларының бал ашып жауын-шашынды, аңшылықты және жорықтар мен соғыстарды болжағандығы молынан жазылған [4]. Онда шаңдардың биге басың, жаңбыр тілегендігі, түс жорығандығы жазылған. Бұндай әдет Шаң дәуіріндегі Шаң өулеттерінде ғана емес, Шаң дәуіріндегі немесе одан да бұрынғы Терістік Азияның көшшелі ру-тайпаларында жалшы бар құбылыс екендігі даусыз. Америка үндістерінің ру басыларының басына таққан құс қауырсындары дәл осы Азиядан ала кеткен шаманизмың алғашқы

### **Күмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.**

туындыларынан екендігі белгілі. Америкалық қытай археологы Жаң Гуанджы мырза Қытайдың шаманизмның аргы сорабын 5000 жылдың аргы жағынан басталатын Терістік Қытай жауырыншылығы мен түрлі хайуанат бет суреттеріне дейін апарады [5].

Бірқыдыру ғалымдар ән, күй, билердің төркіні - адамдардың ең алғашқы дінни салттары, яғни ән, күй, билерді шаманизмдік ресімдердің туындысы деп беледі [6]. Жаратылыстан тысқары құдіретті күшпен байланыс жасаушы ерекше адамдар (бақсылар, сөүегейлер, білгірлер, т.б.) үстеріне әлем-жәлем күмдерді киіш, қолдарына күй аспаптарын алып, би билеп, ән айтып, құдіретті күшпен байланыс жасайды, иесін шақырады, жын-шайтандарды қуалайды. Тілеу тілеп, болашақты болжайды, т. б.

Шаман дініндегі пайда болған және өрбіген оргасы ең әуелі Терістіктегі Евразия даласы. Бидің шынайы көркеменерлік өнерге айналуы шаман дінімен байланысты десек, онда бидің ең алдымен жетілген орнының да Терістік даласы екендігін мөлшерлей аламыз. Шындығында, түркі тілді халықтарда би өнерінің жетілу себебін, оларда шаманизмнің барынша дамығандығынан іздейтін мамандар да баршылық.

Шаңдардың сүйек-сауыт бейнелі жазуында (алғашқы қытай иероглифи) биді білдіретін 舞 иероглифінің алғашқы бейнесі екі қолына сиырдың құйыршығын ұстап биге басқан адамның бейнесі болған. Бұндай шамандық ие-киеге нану салты кейіндеу эстетикалық түске көшкендігі туралы мысалдарды, қытай жазуындағы көркем дегенді білдіретін 舞 иероглифиңен де байқауға болады. Осы иероглифтің сүйек-сауыт жазуындағы алғашқы көрінісі басына үкі тақсан адамның бейнесі болған. Демек, басына үкі тағудай шамандық құбылыс кейін эстетикалық мәнге ауысқан. Ал, қос қолына шашақ (құйыршық) ұстап биге басқан шамандық қимыл кейін сауықтық би болған.

Қытай жазуында бақсы дегенді де, би дегенді де “у” деп дыбысталайды. Алғашқы сүйек-сауыт бейнелі жазуындағы мәтіндерде би дегендегі 舞 (у) сөзі бақсылардың жаңбыр тілеп, тасаттық бергендердегі қимылына (билеген биіне) қаратылған. 舞 иероглифи қытай тілінде бақсы және ару, бикеш мағынасында беріледі. Бұл би мен бикештің жақындығын үғындырмай ма? “Бикеш” бәлкім аргы заманда билейтін қызыңшынаш (бақсы) болар. Ал “бике” әйел қышынаш болуы мүмкін. Ол заманда құшынаштың орнының жоғарылығына сай бұлар ерекше сыйлы атау болған. Соңдықтан да кейінгі қазақ тілінде “бикеш”, “бике” сыйлы атау болып қалған да шығар. Қытай тілінде де би дегендегі у (舞) мен бақсы дегендегі у (舞)-дың аргы ерте замандағы дыбысталуы (miwag) мен қазіргі дыбысталуы да бірдей.

«尹训», «书经», «墨子非乐» сияқты жазба деректерге негізделгенде, Жаң Чиянның Батыс Терістікке жасаған алыс сапарынан ілгері Хан патшалығы негізінен атақты ақын Чүй Юанның мекені - чулардың ән-бийн өзіне өрнек еткен [7]. Бұның себебі де осы өңірде Орта жазыққа қарағанда шаманизмдік

дала мәдениеті ұзакқа дейін дамыш, дәурендегендігінде болса керек [8]. Эн, би, күйдің байырғы замандағы ең негізгі қоздырушы құші - шаманизм Орга жазық жерінде тым ерте шектеуге ұшырай бастаған. Мамандар бұны Қытайдың орта жазығындағы қытай ұлтында ән, би және күйдің басқа ұлттарға қарағанда артта қалуының басты себебі деп қарайды [9]. Айтуларға қарағанда Чүй Юан өзінің арғы атасы санаған Жуан Шүй бақсылыққа тиым салған [10]. Мозы, Шия патшалығын аударған алғашқы Шияң патшасы Шияң Яңың бақсылыққа тиым салғандығын жазады [11].

Қазірге дейінгі Қытай тарихындағы тарихы ең ұзақ саналатын әдеби туынды Күңзы құрастырган “Жырнама” (诗经). Ол – халық арасынан жиналған өлеңдер жинағы. Ал, Чу еліндегі (Чу елі: Қытайдың Жоу патшалығы тарихында Чаңжиянның орта төменгі ағарында әкімият құрган ірі ел) әйгілі ақын Чүй Юанның (屈原) өлеңдері, яғни “Чу өлеңдері” (楚诗) бірден-бір ең ертедегі авторлық әдеби туынды саналады [12]. Оның қытай әдебиет тарихындағы орнын басқа әрқандай туынды баса алмайды. Біздің Чу өлеңдерін алға тартуымыздың мынадай бірнеше түрлі себебі бар:

Біріншіден, қытай әдебиетінің қайнар көзі, ең басты тұнық бұлағы саналатын “Чу өлеңдерін” оқысадыз, оны қазіргі көзқарасшен қарағанда Чаңжиянның орта-төменгі ағарындағы отырықшы, егінші елдің ақ сүйегі жазған өлең емес, қайта, терістіктері Хуаңхы бойы немесе оның терістігіндегі дала мәдениетіндік шаман мұритінің “бақсылық сарыны” деп қалуыңыз да мүмкін. “Чу өлеңдерінің” тұла бойынан шаманизмның ісі аңқыш тұрады. Тіпті, оның кей өлеңдерін шының түрдегі шаман бақсыларының “жын шақыруы” деуге болады. Чүй Юанның өлеңдерінде, “бақсы менен калшелер, жұпар иіс себінің, әлем-жәлем киінің, күймен бірге еліріп, биге баса желігіп, иелерін шақырады” [13]. Лин Хы мырза өзінің “Қытай бақсылық тарихы” атты еңбегінде, Чүй Юанды чу елінің бақсысы (巫官) деп жазады [14]. Ол оның әдеби жасампаздығын түгелімен діни әдебиетке жатқызады [15]. Чүй Юанның “Тәңірден сұрау”, “Тогыз жыр” атты өлеңдерін бір белім мамандар, ертедегі Вавилон ергегілері негізінде жазылған десе, енді бір тобы, байырғы батыс терістіктері көшшелілердің халық жырлары негізінде жазылған деп қарайды [16].

Әйгілі тарихшы Сын Жонмиян мырза дәл осы Чүй Юанның өлеңі “Айырылысудағы” (离骚) бірқыдыру жеке сөздердің төркінің терістіктері түркі тілдерімен төркіндестіріш және басқа да тарихи деректер негізінде чуларды Орга Азиадағы Медия жерінен Қыыр Шығыстағы Аңжияң өзенінің орта ағарына ауып барған түркі тілділер деп тұжырымдайды [17].

Әйгілі тарихшы профессор Фан Уынлан Қытай байырғы заман мәдениетін Орта жазықтың орда тарихшыларының мәдениеті және Чу елінің орда бақсыларының мәдениеті деп екіге бөледі [18]. Міне бұлардан шаманизм мен және оның басты уәкілдерінен болған бақсылықтың,

## Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

шығыстың әнін, күйін, биін және әдебиеттің дамытудағы рөлшінің қаншалық зор болғандығын аңғаруға болады.

Оғыздар мен түріктер бақсыны қам дейді. Ол “қозғалу”, “шұғыл қозғалу”, “дірілдеу”, жоғары өрмелеуші мағыналарында, биші, секіріп билеуші дейтіндер бар. Ал, түрлі тарихи жазбаларында қазақтың арғы аталары танылатын сақтар, ғұндар, қаңлы, түріктер, кейінгі керейлер, наймандар, т.б. ұлыстар мен тайшаларда бақсылардың жын шақырыш биге басатындығы туралы деректерді молынан кездестіруге болады. Бұның көбі барпаға аян. Бақсы өзінің барлық бақсылық қимылын бақсылық ойнау арқылы орындаиды.

Биді жаратушылар мен таратушылардың басында бақсылар, абыз, дәруаштер тұрады. “Қорқыт ата кітабы” атты жырда:

Қара бір таудың төрінде,  
Оғыз-қышпақ жерінде,  
Қоныс еткең қабыргалы ұлыстан,  
Қара бақсы шығышты,...  
Жорға жыны бұлкілдең,  
Бура жыны зіркілдең,  
Айғыр жыны азына...

Міне бұдан да Қорқыттың жыны ұстағанда, бақсылық оянғанда, жорға болыш билеп, айғыр болыш азынаң, бура болыш зіркілдейтіні көрінеді. Осылай жалғасып келген бақсылық ойын қазақтар арасында жуық жылдарға дейін сақталыш келгені мәлім. Қазақта “бақсы ойнау”, “бақсы ойнату”, “бақсы ойнады” деген тіркестер үнемі кезінеді. Бұл жердегі “ойнау” деген сөзден онда белгілі өнер туындысы ретіндегі қасиет барлығына қаратылған.

Би билеу дегендегі “би” монғұлаша бұжиг; “би билеу” монғұлаша бұжиг бұжигләх; “бақсы” монғұлаша бөө, зайдан. Бұл түркі тіліндегіден мұлде бөтен, ал “бақсы ойнау” монғұлаша бөө буух немесе бұжиглүүләх. Бұдан ұғарымыз, бірі, “бақсы” сөзі таза түркілік сөз; енді бірі, монғұлашада би билеу дегендегі “билиеу” (бұжигләх) сөзі мен “бақсы ойнау” (бұжиглүүләх) деген сөзі бірдей. Бұдан бақсының ойнының да би билеу екендігін білеміз.

**Бақсылық пен биліктің байланысы:** Ертеде ақ аулау, саят құру, жорыққа аттану, соғысқа шығу, жолаушы, жортуылға шығу, бала босану, күда болу, той тілеу, тасаттық өткізу сияқты кез келген маңызды істердің барлығына бақсылар сәуегейлік айтып, пешім шығарып отырган.

Арғы замандардан тартыш, тіпті шаманизм пайда бола бастағаннан-ақ, бақсылықтың билікке араласа бастағандығы, яғни билікпен етене болғаны байқалады. Бұнда, бірі – бақсының өзі білік иесі; енді бірі – бақсы билік (кесім) айтушы немесе оған мұрындық болушы.

Бақсылық би арғы заманда бастысы аруақ, ие-кие шақыруға, пәле-қазаны қууга қолданылған. Ол кезде адамдар жауын-шашын тілегенде, жорыққа аттанып, соғысқа қатынасқанда, тағы сол сияқты барлық келелі

## **ТУРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2013**

жұмыстарды бастарда, арақттан, ие-киеден жәрдем тілеген, бал ашып, сөүегейлік жасаған, жамандықты аластаған. Осы кезде күй (дабыл-даңғара, қобыз, т.б.), биге басып, бақсылық жасаған. Алда болар істерді болжаған.

Бақсылықтың билікке араласуы екі түрлі болған: бірі - елдің, ұлыстың басы өзі бақсы болған; енді бірі – ел басы бақсылардан кеңес алыш отырған немесе соларға ерекше құқық берген. Сонымен бақсылық билікпен етене байланысқан.

Жоғарда айтқанымыздай, байыргы Қытайда Шаң патшалары бақсылыққа тиым салғанымен, олардың патша немесе патша өuletі бақсылыққа ие болған, сондай-ақ бал ашып, болжам айтып, бақсылық ойнау құқығын патша өuletі мәңгерген. Тіпті бал ашып, болжал айту құқығы тек шаңдардың патшасындаған болған. Сүйек жазуларында Шаң патшасының бал ашып, жауын-шашынды, аңшылықты және жорықтар мен соғыстарды болжағандығы жазылған [19]. Шаң патшалары ерекше құқыққа ие азын-аулақ адамдардыңған бақсылықпен айналысұына жол қойған. Кейде, шиян патшалары бақсылардың басы (群巫之长) аталыш отырған [20]. Олар қараша халықтың бақсылық етуіне, бал ашып сөүегейлік айтуына тиым салған.

Бұл шаңдардың шаманизмнен, оның бақсы-балгерлерінен жерігендігінен емес, қайта оны жоғары билік жүйесіне енгізгендігін, ерекше қастерлеп, тек патша өuletінің уысындаған ұстауды, халықты шаманизм арқылы басқаруды көздегендігінен екендігі белгілі.

“Ханимада”: “Бөн Чау батысқа сапарға аттанатын болған соң, алдымен Үдүнға барды. Гуәндік хан елшілерін төтенище салқын қарсы алды. Оның үстініне олар бақсы-дуақандарға сенетін. Дуақан: “Хандіктеге неге бейімсіздер деп тәңірім шамырқанулы. Хан елшілерінің бірінің қаракер аты бар, тездеп соны сұрап әкеліш, маған атап сойындар”, – деді” деген мәтін жолығады, және “Гүн елінде бір жылдан артық тұрган Нейс санғұнының әтуерленіп кеткеніне Уй Лүйдің қызғанышы қозды. Бұл кезде Тәңіркүттің шешесі дертке шалдықсан еді. Уй Лүй марқұм болған Тәңіркүттің (Фалұкғанің) ренжігенін гүн бақсыларына болжаттырып: “Біз бұрын жасақтарымызға құрбандық атап тұрушы едік, Нейс санғұнын тірі ұстап құрбандыққа атаңдар деп көп айтқан едім, бұл өліге дейін неге орындалмады?” деген сөзді айтқызды. Содан кейін Нейс санғұны қамауға алынды. Ол: “Мен өлсем де ғұнның тұқымы құриды” деп лағнат айтты. Сонан Нейс санғұны құрбандыққа шалынды” дедінеді.

Міне ғұндардың бақсылары, өз еліне елшілікпен келген Хан елінің елшісінің мінген көлігін, тіпті ғұндарда тұрган Нейс санғұнының өзін құрбандыққа шалдырған. Бұдан ғұндарда бақсының орнының қаншалық жоғарылығын, олардың билікке қаншалық араласқанын білеміз.

Ғұндар жорыққа аттанғанда, тағы басқа келелі істерге шешпім жасағанда бақсыға жүгінші отырғандығы деректерден байқалады. “Сонау үйсін, қаңды дәуірлерінде арнаулы тасаттықтарды басқаратын шаман пайда болды...

## Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.

Шаман – арнаулы діни қимылдарды жүргізетін баксы. Адам мен әулие арасындағы елші. Барлық дәстүрлі салттардың айнымас қорғаушысы. Олар адамдар арасында аса жоғары беделге ие” [21].

“Жоунамада ” түріктер және олардың бақсыштылығы, бишілігі туралы мынадай баян жолығады: “Түріктердің арғы аталары ғұндардың солтүстігіндегі сақ (索国) елінен шықты. Олардың ұлыс абасы Абам бек деп аталды. Олар он жеті ағайынды еді. Оның бірі Іді Нышпида еді, ол қасқырдан туды. Абам бектер тумысынан өте ақымақ болды да, мемлекеттері жойылып кетті. Ал Нышиданың табигаттың өзгеше құбылысын сезетін қасиеті бар еді. Ол құнді жауғызып, жел соқтыра алатын еді. Ол екі әйел алды. Оларды жаз бер қыс тәңірінің қыздары дейді. (Оның бірі) бір құрсақ көтеріп төрт ұл тапты. Оның бірі акқуға (白鴻) айналды; біреуі Абасу мен Кем өзендері (剑) арасынан Қырғұр деген мемлекет құрды; енді бірі Чатша судың бойынан мемлекет құрды; тағы бірі Бас чатшаш тауында мекендейді. Бұл - оның ұлken ұлы еді. Бұл тауда Абам бектің ұрпақтары да болды. Олар көбіне аш-жалаңаш жүрүші еді. Ұлken ұлы от шығарыш олардың бойын жылытты, асырады және барлығына қолғабысын тигізді. Осылайша олар ұлken ұлды қопаметтец, өздерінің билеупісі етіп сайлады. Бұған түрік деген атақ берілді. Оның өз аты - Нағыд түрік шад еді. Нағыд түріктің он әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің әuletінің есімімен аталды. Аппа - оның кіші әйелінің баласы еді. Нағыд түрік өлгеннен кейін он әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды үйгарды. Олар бір бәйтеректің түбіне жиналды. Олар: “Қайсымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады” деп уәделесті. Аппа жасының кішілігіне қарамай бәрінен биік секірді. Соңан бауырлары оны Ағын шад деген лауазыммен қопаметтеп таққа отырғызды”.

Демек, біріншіден, түріктің ең алғашқы түрік атанған көсемі Нағыд әуелі бақсы болған; екіншіден, ағашқа секіру өнерін сынау арқылы мұрагерлік таққа ие болатын болған. Алтайда мекендейген татарлардың бақсылық қимылында ағашқа шығу (өрмелей) әдеті болған. Бұл ағашқа секіру іс жүзінде бақсылық бидің бір түрі; үшіншіден, Жапон оқымыстысы白鸟库吉 зергтеулерінде, түріктердің Аппа әuletінің аты дәл түрік тіліндегі ashina сөзінің баспа-бас алынуы дейді. Ол көне қытай тілінің дыбысталу заңдылығына сай, үйсін (鸟孙) ұлысының атын да “секіру” мағынасындағы ashina, ashina сөздерінен келген деп қарайды.

Юан хандығының Шиянзұң патшаның (Мөңкенің) туа біткен бір мінезі – саятшылықты жақсы көрді. Өзі мұнысын ата-бабамнан келе жатқан салтқа құрмет етуім, басқа елдердің патшаларын өнеге тұтқаным емес деуші еді. Бірақ ол бақсы-балгерлерге айрықшпа сенупі еді. Қандай іс істесе де, соларды құрмет тұтыш, солардан жөн сұрап отыратын еді. Бұлай іstemеген бірде-бір

күні жоқ десе де болады, ол өзінің бұл ісінен өмірі бой тартыш көрмеген еді [22].

Батыс түріктер арасына VI ғасырда келген рим монағы Zemarchus, 598-жылдар айналасында келген француз монағы Theophylacte Simocatta, одан да кейінгі керей, наимандардың арасына келген батыс монахтары түгелдей шаман бақсылары және олардың бақсылық ойындары (бителі) туралы жазады.

Шаман бақсыларының түріктер ішіндегі орны ерекше зор болған. Шамандар - көк тәңірдің өзі ұнатып қолдайтын, “тәңір иелерімен тілдесуші, кей иелерге тілін алғызуши” кісіci [23]. Олар тәңір ие мен адамдардың арасын жағастыруши, аруақтармен, ие, киелермен жолыбыш түратын “перісі” бар ерекше жаратылған, сөуегей жандар есептеледі.

Ірі өскери қымылдарды түгелдей шаман бақсылары бақсылық ойнау (бителі), бал ашы, сөуегейлік айту арқылы белгілең отырған. “Шаман - сиқыры бар және басқалардан білімі артық адам. Ол - ақын, құйші, сөуегей, сонымен қатар ол - дәрігер” [24]. Олар жын шақырыш, бақсы ойынын ойнайды; көкпен, иелермен тілдеседі; ел кезін сөуегейлік, балгерлік істейді - бал ашып ғайышты болжайды, алақанға қарап немесе құмалақ салып, адамдардың тағдырын сөйлейді. Адамдардың (аурулардың) тамырын ұстап, оларды ұшықтайтын. Дәрі-дәрмекпен емдел, тәуілтік істейді. Жын шақырыш ойнағанда әр бақсының айтатын арнаулы сарыны (әуені), домбыра, қобызда ойнайтын қүйі болған. Қазақ бақсылары барлық бақсылардың аргы атасы, шірі дең Қорқытқа (Дада Қорқұдқа) сиыныш, Қорқыт қүйін орындағатын болған. Олардың кейбіреуі басына аққу терісін жамыльш, мойнына әлем байлаң, аса таяқ асынған дуана болды. Олар атқа мініш, зікір айтыш, ел кезін жүретін. Бұрынғы кезде бақсылардың беделі жоғары болды. Қазақ қауымы оларға сенетін және оларды құрметтейтін, әсіресе, ауру-сырқауга таш болғанда, бақсы шақырып немесе оларды іздең барыш емделетін. Бақсы-балгер, құпшынаш, тәуілтердің емшілтік өнері атадан балаға мұра болыш жағасқан. Қазақтар ислам дінін қабылдаганнан кейін де бақсы-балгерлер ел ішінде көп болды. Бірақ олар дәуір өте келе беделді орнынан айрырылып ислам дініне бейімделді. Есік шамандық сарынға “алла хақ” деген сияқты исламдық мазмұнды қосып айтатын болды. Ондай бақсы-балгерлер, құпшынаштар қазақта әлі қүнге дейін аздаң кезігеді [25].

**Би билеу мен биліктің немесе билік айтудың байланысы:** Былай қарағанда би билеу мен биліктің еш қатысы жоқтай көрінеді. Іс жүзінде ертеде бұларда белгілі байланыс болған. Ел басы болған немесе ел басының ең жақын ақылшысы болған шаман бақсылары қоғамдық мәселелердің сан-саласына болжам жасаң, уағыз қойып, билік айтатын болған. Осындағы басты тәсіл тағы да бақсылық ойнаш, би билеп тәнірмен, ие-киелермен, аруақпен тілдесетін, солардың берген “аянына” сай билік айтатын болған.

### **Күмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.**

XVII ғасырда тірлік кешкен Махмұд Ибн Уәли өзінің “Баҳр әл-әсрәр фи манақиб әл-әхияр” атты едебегінде “Жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендөй тірліктен азат адамдардың” барлығы би деп аталғанын жазып кетті.

Ал «би» сөзінің мағынасына келсек, қазақ тілінде ол бірнеше мағына беретіні белгілі. Егер бұған дейін би сөзі әлеуметтік категорияны білдіретін бек сөзінен туындаш, сол мағынада ұғынылса, алғашқы ұлттық мемлекет құрылған сәттен бастап би сөзінің мән-мағынасы кеңейді. Біріншіден, ол хан кеңесшісі деген мағынаны берді. Екіншіден, қазақ хандығының басқа елдермен дипломатиялық қарым-қатынасының нәтижесінде елші болыш баратын ресми өкілдер билерден құралатын болды. Үшіншіден, би сот билігін жүзеге асырушы адам болыш есептелінді. Төртіншіден, бидің алдыңғы міндеттін атқаруға қажетті қасиеттердің негізінде оның сөзге ұста, шешен деген лексикалық мағынасы қалыптасты.

Жоғарыда ауызға алғанмыздай, В.В.Бартольд “бек” сөзінің сонау орхон-енисей жазбаларынан бастап кездесетінін, осы орайда терминнің таза түркі сөзі ретінде кейіннен би сөзіне айналғанын айтады. В.В. Бартольд би термині XV ғасырдан бері қарай ғана кездесе бастайды дей келе, зерттеушілердің арасында тұнғыш рет қазактың биі мен қыргыздың манабы ұғымдарының өзара тығыз байланыстылығына көніл аударады. Іс жүзінде қазақ қоғамындағы ақсүйек, қарасүйек, төре, қараша ұғымдары мен сұлтан, би, батыр, бай, төлеңгіт тәрізді әлеуметтік категорияларды алғаш рет талдаған ғалым Е.Бекмахановтың шікірінше, қазақ қоғамындағы билер – айрықша құқықтық және экономикалық артықшылықтарға ие болушы топ өкілдері. Ақсүйек тұқымы болыш есептелеңтін сұлтандармен салыстырылғанда көшшелі қауымның өз арасынан шыққан ру-тайшаның иігі-жақсылары. Аумалы-төкпелі, алмағайыш замандарды бастап кешкен халықтың өзіндік басқару жүйесі болды, ел қамын жеген ерлері, күн сайын дерлік бетпе-бет келіп отырған жер дауын, жесір дауын, барымта-сырымта дауларын шешіп беретін би-шешендері болған. Қазақ қоғамындағы билерге жүктелген міндет аса жауапты болған - бұзылған құқықты қалыпта келпіру, дау-таластарды шешу, әділдік орнату, қылмыстың алдын алып, қоғамда тыныштықты қамтамасыз ету, әдет-ғұрыш, салт-дәстүрді уағыздаушы, жауласқан рулар мен қауымдарды елдестіру. Билер неғұрлым көп болса, соғұрлым ел ішіндегі тәртіш берік болады деп есептелген. Көнеден қалған “би көп болса елдің құты” деген сөз осыны мәдзейді. Би атағына әркім де терең парасатты ақыл-ой, қыыннан қыстырыар ташқырылқ, елдің тарихын, әдет-ғұрыш, салт-дәстүр, атабаба жолын білгендей, асқан шешендей кеп қара қылды қақ жарған әділдік тәрізді ізгі қасиеттері арқылы ие болады. Билик кесу кезінде олқылықтар жіберу, би үшін бедел, атақ-абыройдан айрылу - ең ұлкен жаза. Қазақ халқы қай кезде де орақ тілді, от ауызды, қара қылды қақ жарған әділ билерін, шешендері мен ақындарын ел билеген хандарынан бетер қадір тұтқан. Олар

айтқан кесімді сөздер ұрпақтан-ұрпаққа жетіш, тұтас бір халықтың даналық мектебіне айналған. “Билер кім?” деген сұраққа мынандай тұжырымдалармен жауап беруге болады: Би - көсем, шешен, ақын, заңгер, елші, мәмілегер, жүрек жұтқан батыр, саясаткер, қоғам қайраткері, ойшыл ғалым, психолог, әртіс, тәрбиепші. Соңдықтан да халықтың билерді өзінше сипаттауы да жиі ұшырасады.

Сайып келгенде, арғы заманның билері шаман бақсылары болған. Ол кезде бүкіл елдің ең білімдісі де, ең тылсым, сәуегей абызы да, кез келген қоғамдық мәселеге болжам жасап, билік айту салауатына иесі де дәл осы бақсылар болған. Тіпті байыргы Қытайды Шандардың патшалары бақсы болған, тұріктер бақсылық әнер көрсету (би билеу) арқылы ізбасар таңдаған, т.б. Билік иесі бақсылар билік айту алдында биге басып бақсылық ойнайтын болған. Сонымен, билік, би билеу, билік айту бір түйінге айналған немесе бір түйіннен таралған. Бұл биліктегі “би” мен би билеу дегендегі “би” бидің төркіндес болуының себебі.

Би билеу мен билікті білдіретін еki “би” сөзінің этимологиясын жоғардағыдан талдауда Бартольдтың билікті білдіретін “би” сөзі түрік бітік тастарында жолығатын “бек”, “беклік” сөзінен өзгеріп келген деген тұжырымын терістеуден аулақсыз.

Біздің бұл мақаламызда, Бартольдтың шікірін құптаі отырып, дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің иесін білдіретін “би” мен саз ыргағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін көне әнер түрі “би” екеуі байланысты, яғни бір түбірден тараған дегенді ұсынбақсыз. Яғни, түрік бітік тастарындағы мәтіндерде жолығатын билікті білдіретін “би” сөзінің арғы тегі “бек” сөзі болсын, соңғы көне түркі жазбаларында жолығатын би билеу дегенді “бидің” арғы төркіні деп қарауға болатын “бұдік” сөзі болсын, осының барлығының арғы тегі бақсылыққа барыш тірелетіндігін, әрі бұл еki сөздің де (бәк мен бұдік) өзара текстес екендігін көрсету.

Ең соңғы бір мәселе, қазақ тіліндегі “бидің” арғы төркіні би билеудегі би ме, әлде биліктегі би ме? Бұл екеуінің қай бірінің де болу мүмкіндігі бар. Шаманның бақсылық ойнаш (би билеп) барып шығарған билігі, оның құқығы сол би атымен аталған болуы да немесе шаман өзі би болғандықтан оның ойнаған ойныны да солай би аталған болуы мүмкін. Тағы бір жағынан, монғұл тілінде би билеу дегендегі “би”: бұжиг (бұл көне түрік тіліндегі “бұдікшен” төркіндес әрі монғұл тіліне түркі тілі арқылы барған болуы мүмкін); билік сияқтылар бүкілдей басқаша, ноёрхол, захираж т.б. бес деген сез язгууртан. Бұлардан білеріміз, “би” сөзінің әсілгі төркіні би билеу дегендегі би. Ал биліктегі осы би билеудегі “би” сөзінен барған деп қарауға болады. Қазақ тіліндегі би билеудегі “би” көне түрік тіліндегі “бұдікшен”, биліктегі “би” “бекшен” өзгеріп келген деген күнде де жоғарыдағы қорытынды құрыла береді.

### **Құмарұлы Я. «Би» сөзінің төркіні.**

Бұл арада билікті білдіретін “бек” сөзі мен би билеудегі “бұдік” сөзінің төркіндестігін ішкерілей зерттеуге тұра келеді. Қазақ тілінде “бек”, “бектік” сөздері сақталып қалған. Ол, өзін емес басқа осы атты үстанғандар арқылы жетіп тұрган болар. Кейінгі қазақ хандығы құрылғаннан кейін қазақта бек лауазымы да, бектік те болған емес. Қайта ол “білік”, “би” түрінде сақталған.

Көне түрік тіліндегі билікті көрсететін “бек” пен би билеу деген мағынасындағы “бұдік” те дыбыстық жақтан тым жақын, бірі-бірінен өзгерген деп қарауға болады. Тіпті, бір жағынан түркі тілдеріндегі “бақсы” сөзі де осы “бек” (бекші) сөзімен төркіндес болуы мүмкін. Бұл ішкерілей зерттеуді қажет етеді. Осылай болса, бақсы, би (би билеу), би (билік) үшеуі бір түйіннен таралған деп қарауға болады да, бақсы не биші, не билік иесі мағынасын береді.

Тіпті бұл арада, егер қазақтағы “би” сөзі көне түркінің би мағынасын беретін “бұдік” сөзінен келген деген күннің өзінде және осы “би” сөзіне қазақ, қырғыз, татар, тывалардың мұрагерлік еткені байқалады. Бұл сөз үйғұр, өзбектерде “ұсұл”, түрік, өзерилерде батыстықтарша “таңсы” болып қалыптасады.

Би билеудегі “би” сөзі үйғұр, өзбек тілдерінде ұсұл (usul); қазақ, қырғыз, татар, тыва тілдерінде би (bij); өзери, түрік тілдерінде таңсы; сібеше mahsin; парсыша: رقص; арабша: الراقص (дәрекүс).

Біз жоғарыда, жапон оқымыстысы 白鸟库吉 тың, түріктердің апна әулетінің аты дәл түрік тіліндегі ashina сөзінің баспа-бас алынуы, ол көне қытай тілінің дыбысталу заңдылығына сай, үйсін (乌孙) ұлысының атын да “секіру” (билиеу) мағынасындағы ashina, ashina сөздерінен келген деп қарайтындығын айтқан едік. Бәлкім, үйғұр, өзбек тілдеріндегі биді білдіретін “ұсұл” сөзі осымен байланысты болар.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Дужан К. “Кекпекті округі қазақтарының үйлену әдет-ғұрыптары”, 1885 ж. 28-ақпан.
2. Басқаков Н. «Түркі тілдері» (үйғұрта), Бейжин, Үлттар баспасы, 1986 ж.
3. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。Жан Гуанжы. «Әсеменер, миф және тасаттық». 2002 ж. ақпан.
4. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。
5. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。
6. 张光直：《美术、神话与祭祀》，沈阳，辽宁教育出版社，2002年2月。
7. “Он екі мұхам жөнінде” (үйғұрша басылым), 34-бет, Үлттар баспасы, 1981 ж. Бейжин.
8. Құмарұлы Я. “Алыстағы ата мұра”, Үлттар баспасы, 2003 ж. Бейжин.
9. 林河：《中国巫傩史》，花城出版社，2001年。Лин Хы: «Қытай баксылық тарихы», 2001.
10. 林河：《中国巫傩史》，花城出版社，2001年。
11. 张光直：《美术、神话与祭祀》，辽宁教育出版社，2002年。
12. 林河：《中国巫傩史》，543页，广州，花城出版社，2001年。
13. 《楚辞》(Чу өлеңдері)»

14. 林河：《中国巫史》，广州，花城出版社，2001 年。
15. 林河：《中国巫史》，广州，花城出版社，2001 年。
16. «郭沫若全集»，考古版第一卷，84 页，科学出版社，1982 年版。«Го Моро шығармалары». Археология. 1 том, Ғылым баспасы, 1982.
17. 岑仲勉：《楚辞注要翻案的有几十条》，中山大学学报，1961 年，第 2 期。Сын Жонмиян: «Чу өлеңдеріндегі Гүманды түйіндер», Жоншан университеті ғылыми журналы, 1961. №2.
18. 林河：《中国巫史》，广州，花城出版社，2001 年。
19. 张光直：《美术、神话与祭祀》，辽宁教育出版社，2002 年。
20. 张光直：《美术、神话与祭祀》，辽宁教育出版社，2002 年。
21. Юань тарихы 3-бума, Билік баян-3, Шиянзұң (мөнке).
22. 苏北海：《哈萨克文化史》，新疆大学出版社，1989 年，168 页。Су Бейхай: «Қазақ мәдениет тарихы», 1989.
23. Сәкен Сайфуллин. “Шығармалар” 6-том, 56-б.
24. Қытайдың будда тарихы (қытайша), 83-б.
25. Мырзақанұлы Ж. «Қазақ мәдениетінің айдыны», Шинжияң жастар-өрендер баспасы, 2006 ж. мамыр.

#### **РЕЗЮМЕ**

*На первый взгляд происхождение слово «Би» кажется банальным, но его истинное значение находится в глубине. Все это сходится к вопросам от куда происходит суть этого слова. Как его нужно понимать, было ли у казахов это «Би» (танец) если было, то с каких времен. Обращается внимание на взаимосвязь между танцами (би билеу) и властью (билик). Автор в своей статье научно анализирует происхождение слова.*

*(Кумарулы Я. Происхождение слово «Би»)*

#### **SUMMARY**

*At first glance, the origin of the word "Be" seems trite, but its true value lies in the depths. All this converges to questions from where comes the essence of this word. As it is necessary to understand whether the Kazakhs is the "Be" (dance), if so, what times. Draws attention to the relationship between these dances (bi Bileu) and power (Bilik). Author in his article analyzes the origin of the word science.*

*(Kumaruly Ya. Origin of the word "Bi")*

#### **ÖZET**

*“Biy” kelimesinin anlamı çok eski ve derindir. Onu açıklamak için, biy söyü nereden, ne zaman çıktı? Onu nasıl anlamalıyız? Kazaklıarda eskiden biy kelimesi var mıydı? Yazar Bu ve Bunun gibi birkaç soru yu cevaplardırmaya çalışmaktadır.*

*(Kumarulu Y. “Biy” kelimesinin kökü)*

---

---

## АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

---

ӘОЖ 902

### М.М.БАХТЫБАЕВ

*Археологияғының қызыметкери  
Қ.А.Ясауди атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті*

### АРХЕОЛОГИЯ ӘУЕСҚОЙЛАРЫ ТҮРКІСТАН ҮЙІРМЕСІНІҢ ХАТТАМАЛАРЫ

*Мақалада Археология әуесқойлары Туркістан үйірмесінің 20 жыл бойы атқарған іздеп көзінде жұмыстарының нәтижелері, жыл сайын жарық көрген үйірме жинақтары сарапаныш, қазақ жерінде орналасқан ескерткіштері және оларға арналған мақалалар саны жайлы сөз болады.*

**Кітп қөзделер:** Үйірме, хаттама, археология әуесқойлары, ескерткіш, сәулет.

Оңтүстік Қазақстан өңірінің археологиялық және сәулет өнері ескерткіштерін зерттеуде Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің атқарған қызыметі ауқымды болыш, үйірме жергілікті жерде құрылған алғашқы ғылыми өлкетану үйімі ретінде танылды.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі 1895 жылы Таңкент қаласында құрылып, 1917 жылға дейін жұмысын атқарып келді. Үйірменің белсенді мүшелері В.В.Бартольд, С.М.Граменицкий, Н.П.Остроумов, П.Н.Ахмеров, А.А.Диваев, И.Г.Пославский, Н.С.Лыкопин, С.Г.Малицкий, А.А.Калинин, Е.Г.Смирнов, В.А.Каллаур, В.П.Лаврентьев, А.К.Кларе, А.А.Черкасов, В.П.Панков, Н.Н.Пантусов, И.В.Аничков, В.П.Колосовский және т.б. болды.

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелері өз отырыстарында археологиялық ескерткіштерде жүргізген зерттеулердің нәтижелерін баяндап отырды. 1896-1917 жылдар аралығындағы баяндамалар, айтылған пікірлер, мәжіліс қорытындылары «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» деген атпен 21 жинақ болып жарияланды. «Хаттамалардың» алғашқы жинағы 1896 жылы (I жыл), ал соңғысы 1917 жылы (XXI жыл) жарық көрді. «Хаттамалардың» тек 1910-1912 (XV-XVII) жылдары аралығында үйірме мүшелері жасаған баяндамалар мен мәжіліс хаттамалары И.Т. Пославскийге арналған арнайы жинақ шығуына дейінгі уақытқа шегерілді [1], алайда бұл жинақ жарық көрмеді.

«Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндама хаттамаларының» алғашқы сандары Е.Т. Смирновтың Таңкент қаласында шығарып келген «Средне-Азиятский вестник» журналында басылып шықты [2]. Үйірме мүшелерінің 1897 жылдың 17 ақпанында өткен

отырысында вице-тәрага Н.П. Остроумов «Средне-Азиатский вестник» журналы жабылуына байланысты, «хаттамалар» бұдан былай үйірме қаржысымен жеке жинақ ретінде басып шығарылатынын ескертті [3]. Бастапқы кезде «хаттамалар» таралымы 150 дана болды [4]. Ал, келесі 1898 жылы шығарылған «хаттамалар» 160 дана болып шықты. Тек соңғы жылдары «хаттамалар» жинағы (1914 ж.) 275 дана болып шыға бастады [5].

Алғашқы екі жылда (1896-1897 ж.) әр мәжіліс отырысының хаттамалары жеке-жеке шығарылған болса, ал, үшінші жылдан бастап бір жылдың барлық мәжіліс отырыстарының хаттамалары және олардың қосымшалары топтастырылып, жинақ ретінде шығарыла бастады. Бұл туралы белгілі шығыстанушы С.Ф. Ольденбург өз рецензиясында былай дейді: «Туркестанский кружок впервые решился объединить в одну брошюру свои интересные протоколы, нельзя не поблагодарить его за это... Туркестанский кружок определенно поставил себе свои задачи и с большим рвением и умением преследует их» [6].

В.В. Бартольд 1900 жылы жарық көрген «хаттамаға» (V жыл) берген рецензиясында былай дейді: «...настолько разнообразно и ценно в научном отношении содержание нового выпуска Протоколов» [7]. Сонымен қатар, ол 1913-1915 жылдар аралығында жарық көрген бес «хаттамалар» жинағында (XVIII-XX жылдар) көптеген қызықты мәліметтер барын атап өтіп: «Кружком были достигнуты успехи, признанные специалистами и дающие ему полное право оглядываться на пройденный путь с чувством нравственного удовлетворения», -дейді [8]. Ал, барон В.Р. Розен үйрменің құрметті төрғасына жазған хатында: «Мы здесь следим с большим интересом за деятельностью Туркестанского кружка любителей археологии и глубоко убеждены в том, что ему предстоит блестящее будущество в деле изучения истории и древностей Туркестанской окраины. Протоколы Кружка уже теперь представляют не мало полезных важных сведений и сообщений, и без сомнений, будут бывать таковыми и впредь», -деп жазды [9].

«Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамаларына» мақалалармен қатар, үйірме отырыстарының хаттамалары, үйірме атқарған жұмыстардың жылдық есебі және жергілікті «Түркістан ведомосі» газетінде және т.б. баспалардан басылып шыққан мақалалар да еніп отырған.

1896-1916 жылдар аралығында, үйірменің баспадан шығарған барлық жинақтарының жалпы көлемі - 2200 бет болды және оларға қоса 170-тен аса кесте, сурет пен жобалар жарияланды [10]. Төменде 1896-1917 ж. аралығында жарық көрген «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамалары» жинағына енген мақала мен баяндамалардың саны, шыққан жылы, отырыстар өткен күндері және т.б. мәліметтер келтірілген (кесте 1).

## Бахтыбаев М.М. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің...

*Кесте 1 - «Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі мушелерінің отырыстары мен баяндамаларының хаттамаларына» енген мақалалар мен баяндамалардың саны, шыншын жылы, отырыстар өткен күндер.*

Баспадан шыққан «Хаттамалардың» реттік саны	Баспадан шыққан жылы	Жинаққа енген үйірме мүшелеңінің отырыстары, хаттамаларының өткен күні мен жылы	В.Миловановтың көрсеткіші бойынша жинаққа енген мақалалар саны	Баспадан шыққан мақала-лар мән баяндама-лар саны	Қазақстанда жүргізілген зерттеулерге арналған мақалалар мен баяндамалар саны
1	2	3	4	5	6
I жыл	1896	1895 ж. 11 желтоқсан, 1896 ж. 22 қантар, 26 ақпан, 1 сәуір, 3 маусым, 26 тамыз, 28 казан	17	18	6
II жыл	1897	1896 ж. 11 желтоқсан, 1897 ж. 17 ақпан, 5 мамыр, 29 тамыз, 16 казан, 10 қараша	27	30	18
III жыл	1898	1897 ж. 11 желтоқсан, 1898 ж. 12 қантар, 21 сәуір, 16 қараша, 11 желтоқсан	19	23	14
IV жыл	1899	1899 ж. 5 наурыз, 13 наурыз, 25 қыркүйек, 9 қараша, 11 желтоқсан	15	31	22
V жыл	1900	1900 ж. 7 ақпан, 27 наурыз, 11 қыркүйек, 11 желтоқсан	30	34	11
VI жыл	1901	1901 ж. 19 наурыз, 18 қыркүйек, 11 желтоқсан	18	21	11
VII жыл	1902	1902 ж. 1 мамыр, 16 тамыз, 1903 ж. 15 қантар	7	9	2
VIII жыл	1903	1903 ж. 22 қыркүйек, 17 желтоқсан	11	14	7
IX жыл	1904	1904 ж. 12 қараша	7	8	5
X жыл	1905	1905 ж. 28 наурыз, 23 желтоқсан	8	10	5
XI жыл	1906	1906 ж. 5 мамыр, 20 казан, 11 желтоқсан	8	10	4
XII жыл	1908	1907 ж. 27 ақпан, 11 сәуір, 12 желтоқсан	10	11	3
XIII жыл	1909	1908 ж. 23 наурыз, 26 мамыр, 17 желтоқсан	9	9	4

**ТҮРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2013**

1	2	3	4	5	6
XIV жыл	1910	1909 ж. 31 наурыз, 14 қазан, 14 желтоқсан	6	7	-
XV жыл		бұл жылдар аралығында - үйірме мүшелері жасаған баяндамалар мен мәжіліс хаттамалары - И.Т.Пославскийге арналаган жинақ шығуына дейінгі уақытқа шегерілді			
XVI жыл					
XVII жыл					
XVIII жыл (XVII жыл)	I бөлім- 1913 II бөлім -1913	1912 ж. 11 желтоқсан, 1913 ж. 29 қантар, 4 наурыз, 30 сәуір, 9 қыркүйек, 28 қыркүйек, 15 қазан	11	14	-
XIX жыл	I бөлім- 1915 II бөлім -1915	1913 ж. 11 желтоқсан, 1914 ж. 12 ақпан, 17 наурыз, 19 мамыр, 8 қыркүйек	8	8	-
XX жыл	I бөлім- 1915 II бөлім -1916	1914 ж. 30 желтоқсан, 1915 ж. 14 ақпан, 15 сәуір, 14 маусым, 5 тамыз, 11 қараша	8	11	-
XXI жыл	1917	1916 ж. 2 маусым, 5 қазан, 30 желтоқсан, 1917 ж. 2 наурыз	-	11	3
Барлығы: I-XXI			230	279	115

В. Миловановтың дайындаған «За двадцать лет. Указатели хронологический и предметный к «Протоколам заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии» с 11.12. 1895 г. до 11.12. 1915 г.» атты хронологиялық көрсеткішінде 230 ғылыми мақала басылып шыққанын көрсетеді [11]. Бірақ біз бұл мақала санын шартты түрде алдыңбырыз. Себебі, В. Милованов бір автордың бірнеше мақалаларын топтастырып жазғанын және бірқатар мақалаларды өз көрсеткішіне енгізбегені анықталды [12].

Б.В. Луниннің көрсеткішінде I-XXI жинақта жалпы басылып шыққан 279 мақала мен баяндамалардың саны көрсетілген [13]. Бірақ В. Миловановтың «За двадцать лет. Указатели хронологический и предметный к «Протоколам заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии» с 11.12. 1895 г. до 11.12. 1915 г.» атты көрсеткішінде және Б.В. Луниннің «Библиографический. Именной и географический указатели к протоколам и сообщениям Туркестанского кружка любителей археологии (1895-1917 гг.)» атты мақаласында үйірме мүшелерінің «ПГКЛА за второй год его деятельности» атты бөлімінде көлтірілген мақала мен баяндамалар тізімінде: В.А. Каллаурдың баяндамасы «О Каракане и мазарах Аулиесата и Айша биби» деп берілген [14]. Ал, В.А. Каллаурдың баяндамасынан кейін оқылған В.В. Панковтің «Мазар Аулие ата» (баспаның

жіберген қателігінен «Мазар Аулие ата» дегенінің орнына «Мазар Айша бибі» деп басылып кеткен) баяндамасы ескерілмеген [15]. Бізше, В. Милованов оның соңынан Б.В. Лунин да В.А. Каллаур мен В.В. Панковтің баяндамаларын біріктіріп жіберген. Сол себептен, В.В. Панковтің баяндамасы жеке баяндама ретінде танылып, оны жалпы баяндамалар санына енгіздік.

Б.В. Лунин библиографиялық көрсеткіштің «ПТКЛА год третий» атты белімінде «Легенда о Джанкенте...» атты мақаланың авторы Е. Александров деп береді [16], бірақ үйірме мүшелерінің баяндамаларын саралай отырып «Легенда о Джанкенте...» атты тақырып бойынша И.И. Гейер баяндама жасағанын анықтадық [17]. Мүмкін Б.В. Лунин мақалада И.И. Гейер Е. Александровтың Қаркент жайлы жазып алған ақызын және онда жүргізген қазба жұмысы жайлы баяндағандықтан бұл мақала авторы Е.Александров деп көрсеткіште көрсеткен болар.

Сонымен қатар, XXI жинаққа енген №1-ші (02.06.1916 ж.) және №4-ші (02.03.1917 ж.) хаттамаларда да Түркістанда орналасқан Ахмет Ясауи мешітінен (ханакасынан) қола шырағдан ұрланғаны туралы және мешітте қалған көне жәдігерлерді сақтау мәселелері қаралды. Ал №3-ші (30.12.1916 ж.) хаттамада үйірме мүшесі И.А. Кастаньєнің Темір станциясынан 45 верст жерде, Бөген өзенінің бойында орналасқан Бұзық қалашығы туралы қысқаша баяндамасы келтірілген [18].

Үйірме хаттамаларында қала, елді мекен орындарын авторлар әр түрлі атаулармен берген, солардың ішінде «төбе», «қорған», «төбе тәрізді қорғандар», «төбе тәрізді үйме», «қалашық», «ірі молалар» және т.б аталуы ертекті болып кездеседі. Ері осы терминдермен басқа да ескерткіштерді атайды.

Қорыта келгенде, Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесі 20 жыл бойы атқарған ізденіс жұмыстарының нәтижелерін жыл сайын жарық көрген үйірме жинақтарында баяндац отырды. Алғашқы екі саны (1896-1897 жж.), әр мәжіліс отырысының хаттамалары жеке-жеке «Средне-Азиатский вестник» журналының ай сайын жарық көрген сандарында шығарылған болса, ал үшінші жылдан бастап бір жылдың барлық мәжіліс отырыстарының хаттамалары мен оның қосымшалары топтастырылып, жинақ ретінде шығарыла бастады. Хаттамаларда жалпы шыққан мақала мен баяндамалар саны 279, оның ішінде Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштеріне арналған 115 ғылыми мақала мен баяндамалар жарияланған. Оның 91 мақала, 1 рапорт және 23 хаттамалар мәтінің ішінде басылып шыққан баяндамалар. Түркістан генерал-губернаторлығының жалпы жер көлемінің басым көшілігін қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірлері альш жатса да онда орналасқан ескерткіштерге үйірме тараҧынан аз көзіл бөлінгені байқалады.

Үйірме мұшелері хаттамаларда жариялаган мақалалар мен баяндамалардың 6 Лепсі, 3 Жаркент, 10 Қапал, 3 Верный, 36 Әулиеата, 22 Шымкент, 16 Перовск, 8 Қазалы, 2 Қостанай уездерінің, 1 Семей және 2 Шығыс Түркістан өңірлерінің ескерткіштеріне арналған.

**ӘДЕБІЕТТЕР**

1. За двадцать лет. Указатели хронологический и предметный к «Протоколам заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии» с 11.XII. 1895 г. до 11.XII. 1915 г. / Составиль В. Милованов // ПТКЛА (1914-1915), год XX. - Вып. 1. – Ташкент, 1915. – С. XVI. прил.
2. ӨР ОММ, И.71-кор, 1-тізбे, 1-іс, 54-55-п.
3. Протокол заседания общего собрания членов Туркестанского кружка любителей археологии, состоявшегося 17 февраля 1897 года, в зале генерал-губернаторского дома // ПТКЛА (1896-1897), II. – Ташкент, 1897. – С. 15.
4. ӨР ОММ, И.71-кор, 1-тізбे, 5-іс, 3-п.
5. ӨР ОММ, И.71-кор, 1-тізбе, 21-іс, 83-п.
6. ЗВОРАО. - Т. XII. - Вып. 1. - 1900. - С.27-28.
7. ЗВОРАО. - Т. XIII. - 1901. – 114.
8. Бартольд В.В. Протоколы ТКЛА, годы восемнадцатый, девятнадцатый, двадцатый // ЗВОРАО. - Т. XXIII. - 1915. -С.217-226.
9. Отчет о деятельности Туркестанского кружка любителей археологии с 11 декабря 1896 года по 11 декабря 1897 года. (Год второй) // ПТКЛА (1896-1897), II. – Ташкент, 1897. – С. 1-5.
10. За двадцать лет. Указатели хронологический и предметный к «Протоколам заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии» с 11.XII. 1895 г. до 11.XII. 1915 г. / Составиль В. Милованов // ПТКЛА (1914-1915), год XX. - Вып. 1. – Ташкент, 1915. – С. V. прил.
11. Баҳтибаев М.М. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мақсаты мен міндеттері // Алаш. - Тарихи-этнографиялық ғылыми журнал. - № 3 (24). - 2009. - 132 - бб.
12. ПТКЛА (1914-1915), XX. - Вып. 2. – Ташкент, 1915. – С. 158-169; ПТКЛА (1915-1916), XXI. – Ташкент, 1917. – С. 105-111; Очерк деятельности Туркестанского кружка любителей археологии за первое десятилетие его существования (1895-1905 гг.) // ПТКЛА (1904-1905), X. – Ташкент, 1905. – С. 3-22. прил.
13. Лунин Б.В. Библиографический. Именной и географический указатели к протоколам и сообщениям Туркестанского кружка любителей археологии (1895-1917 гг.) // История материальной культуры Узбекистана. - Вып. 1. – Ташкент: изд. Академии наук Узбекской ССР, 1959. - С. 235-252.
14. За двадцать лет. Указатели хронологический и предметный к «Протоколам заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии» с 11.XII. 1895 г. до 11.XII. 1915 г. / Составиль В. Милованов // ПТКЛА (1914-1915), год XX. - Вып. 1. – Ташкент: типогр. при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1915. – С. VIII. прил.
15. Протокол заседания общего собрания членов Туркестанского кружка любителей археологии, состоявшагося 5 мая 1897 года в зале генерал-губернаторского дома // ПТКЛА (1896-1897), II. – Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1897. – С. 7.

## **Бахтыбаев М.М. Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің...**

16. Лунин Б.В. Библиографический. Именной и географический указатели к протоколам и сообщениям Туркестанского кружка любителей археологии (1895-1917 гг.) //
17. История материальной культуры Узбекистана. - Вып. 1. - Ташкент: изд. Академии наук Узбекской ССР, 1959. - С. 238.
18. Отчет о деятельности Туркестанского кружка любителей археологии с 11 декабря 1897 года по 11 декабря 1898 года (Год третий) // ПТКЛА (1897-1898), III. – Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские, 1898. - С. 2.
19. ПТКЛА (1915-1916), XXI. – Ташкент: типогр. «Туркестанские ведомости», 1917. – С. 105-111.

### **РЕЗЮМЕ**

*В статье анализируются протоколы Туркестанского кружка любителей археологии на основе которых определены число статей посвященных памятникам Казахстана.*

*(Бахтыбаев М. Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии)*

### **ÖZET**

*Makalede Türkistan arheolojik grubu 20 yıldan beri Kazakistan'daki tarihi eserlerin kazısını yapmakta, buradan eserlerin analizini yapmakta ve bu eserlerin Kazakistan'da diğer yerlerde yapılan arkeolojik kazılarda ele geçen buluntularda bağlantısına açıklamakta ve bunlarla ilgili makaler çıkartmaktadır.*

*(Bahtbayev M. Türkistan Arheolojik grubunun Protokoller)*

### **SUMMARY**

*The article analyzes the protocols Turkestan fans of archeology which are defined on the basis of the number of articles devoted to the monuments of Kazakhstan.*

*(Bakhtbayev M. Protocols of Turkestan circle of Archeology fans)*

---

---

## ЯСАУИТАНУ

---

ӘОЖ 818.992.71  
К 32

### Ә.КЕРІМҰЛЫ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

### ЙАСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Данышпан бабамыз Йасаудің өмірі мен шыгармашылығын зерттеу *ici erteden қолға алынганы белгілі жайт*. Өмірі мен хикметтері туралы қысқаша түрде айтылған мағлұматтар Ә.Науаи еңбектеріндеге де кездеседі. Бірақ өкінішке орай, ондай құнды деректердің бәрі бірдей бізге жеткен жоқ. Оның бірнеше себептері бар. Соның бірі – Кеңестік дәуірдегі солақай саясаттың салдары екені көпшілікке мәлім.

Соңғы 15-20 жыл көлемінде Йасауи хикметтері Ташкентте, Қазанда, Туркіменстанда жеке кітап болып басылып, зерттеу жұмыстары да жүргізіліп келеді.

Біздең 1990 жылдардан бері қарай жаңдана бастады. Үлкендер-кішілі зерттеу жұмыстары жасауды. Ол жұмыстар, негізінен, Йасаудің өмірбаяны, діни қызметі, діни-идеологиялық жолы туралы болып келеді. Мақалада осы еңбектерге қысқаша шолу жасалды.

Кілт сөздер: Дін, ислам діні, тариқат, хикмет, сопылық, түпнұсқа, көшірме.

Ұлы ойпыл, данышпан ақын Қожа Ахмет Йасауи бабамыздың діни уағыз, ғибрат өлеңдер жинағы «Диуани Хикмет» деп аталады (Еңбек қазақ тіліне «Данаңық кітабы», «Данаңық сөздер», «Ақыл кітабы», «Данышшандық жинағы», «Парасат жинағы» деп әр түрлі аталып жүр). Бұлай аталуы 16-ғасырдан беріде ғана екен. Әуелде «Құдай жолының әдебі» деп аталышты [1, 10].

Қ.А.Йасаудің өміріне, қызметіне қатысты деректер мен ауызша жеткен мәліметтер, аңыздар көп. «Осындағы қат-қабат мәліметтер арасынан ақиқатын табудың өзі қиын», – дейді белгілі йасауитанушы Намық Кемал Зейбек [2, 82].

Қ.А.Йасауи Оңтүстік Қазақстандағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында дүниеге келді. Сайрам қаласы өте ертеден аса маңызды ислам орталығы болатын.

«Қ.А.Йасауи – шыққан тегі жағынан түрік. Әкесі Исфиджабта атақ-даңққа бөлениген әулие Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибрахим екендігі белгілі. Анасы – Мұса шейхтің қызы Айша (қазақтар Қарашаш ана дейді). Мұса шейх та Исфиджабта әулиелік кереметімен танылған адам болған. Тарихи деректерде Ибрахим шейхтің Ахмет және Гайнар атты екі перзенті болғандығы туралы мәліметтер басым» [3, 425].

## Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

Қ.А.Йасаудің туылған жылы белгісіз. Көшілік зерттеушілер 1166-1667 жылдары қайтыс болған деген болжам айтады. Бір аңыз бойынша жуз жиырма, басқа бір аңыз бойынша жуз отыз үш. Яссыда тараап жүрген аңыз бойынша жуз жиырма бес жыл өмір сүрген [4, 53]. Қ.А.Йасауи кесенесінің оңтүстік батыс жағында жуз, жуз елу метрдей жерде өзінің көзі тірі кезінде жер астынан салынған үлкен бөлме бар. Бөлменің терезесі жоқ. Бұл бөлменің кейбір еңбектерде «діншілдердің қырық құндік ораза ұстауына және құдайға құлшылық етуіне арналған жер асты мінажатхана»сы, – деп атаса [3, 430], енді бірінде «қылуетхана» деп атайды [5, 83]. Қылуетханада бір адам ғана сиятын кішкене бөлме бар. Құні бүгінге дейін сақталған. Оған баспалдақпен түседі. Ә.Дербісөлиевтің көрсетуінше, бөлменің кеңдігі 2x2, биіктігі бір жарым метрдей. Бөлменің екі қабыргасына шам қоятын текшелер де істелген [6, 156].

Қ.А.Йасауи Мұхаммед пайғамбардың (ғалейни-с-салам) сұндеттерін парыз деп біліш, ол сұндеттерді өмір бойы мұлтіксіз орындал өткен ғұлама. Жасы 63-ке толып, пайғамбар жасына жеткеннен кейін, жарық дүниені тәрк етіп, қылуетханаға түсіп кетеді. 1897 жылы Істамбулда басылған нұсқаның 22-хикметінде мынадай шумақ бар:

Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,  
Алшыс үште сұндет деді, естіп білдім.

Жер астында [бар] жаңыммен құлдық қылдым,  
Естіп, үғып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.

«Диуани Хикметте» «сол себептен алшыс үште кірдім жерге» деген елең жолдары бірнеше рет кездеседі. Осы деректерге сүйенген кейбір зерттеушілер оның 63 жастан кейін жер астына түскен кезін өлгенте санайды.

Қазақстандық йасауитанушы Мұхамедрахым Жармұхамедұлы «1166-67 жылдар ақынның қайтыс болған жылы емес, жер астына түскен 63 жасы болса керек. Жер бетінде қашпа жыл жасаса, жер астында соңша жыл жасады. Ұлы ақын 1103 жылы туыш, 1228 жылы қайтыс болады. Хикметінде айтылғандай, 125 жыл өмір сүрді» деп, оған дәлел ретінде «Хикметтең» мына жолдарды көлтіреді:

Ерәнлөрдан файз уа футух алалмадым,  
Йұз үйірмә бешкә кірдім білалмадым.  
Хақ тағала тағаттарын қылалмадым,  
Естіп, үғып жерге кірді Құл Қожа Ахмет [7, 10].

Аудармасы:

Ерендерден шабыт шен сыр ала алмадым,  
Жуз жиырма бес жасқа келдім, біле алмадым.  
Хақ тағала тағаттарын қыла алмадым,  
Естіп, үғып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.

Тарихпры Зікірия Жандарбек «Насаб-нама» шежіресіндегі дерекке сүйене отырып: «Қожа Ахмет Йасауи ұзақ ғұмыр кепіш, 1080 жылдар шамасында дүниеге келіп, 1200 жылдар шамасында қайтыс болған болу керек», – дейді [8, 141].

Соңғы екі болжам бір-бірінен онша алыс кетпейді. Қалай болғанда да Йасауи бабамыздың ұзақ өмір сүріш, келер ұрпаққа мол мұра қалдырыш кеткені аян.

Қ.А.Йасаудің неше хикмет жазғаны да белгісіз. Бір хикметінде 4400 екені айтылған:

Құл Ҳожа Ахмад һәр бір сөзің дәрдгә дәрман,  
Талибларга байан қылсам қалмас арман.  
Төрт мың төрт йүз хикметтің айдым Хақын фарман,  
Фарман болса өлгүнчө сөзләсем мен.

(Қазан, 1896, 209-б.)

Аудармасы:

Құл Қожа Ахмет әрбір сөзің дертке дәрмен,  
Тәлштерге байан қылсам қалмас арман.  
Төрт мың төрт жүз хикметтің айдым Хақын пәрмен,  
Пәрмен болса өлгениңе сөйлесем мен.

Тұрік ғалымы Кемал Ераслан бұған күмән келтіреді. Шындықтан гөрі аңызға жақын. Қ.А.Йасаудің өзі емес, ізбасарларының бірі айтқан болу керек дегенді айтады. Өзбек ғалымы Ибраһим Хаққулов та осы шікірді қуаттайды [9, 40].

К.Ерасланның көрсетуінше, Қ.А.Йасаудің қазіргі қолда бар қолжазба нұсқалары мен басылымдарындағы хикметтерінің саны 250-ден аспайды екен («Дивани хикметтең» сечмелер, 1983, 42-б.). Сондықтан хикметтердің саны туралы бұндай болжам айту заңды да. «Диуани Хикметтің» әзірге белгісіз қолжазбалары, тіпті түшнұсқасы да келешекте табылыш қалуы мүмкін деген үміт те жоқ емес. Ондай мүмкіндік болып жатса, хикметтердің саны толыға түсері сөзсіз. Өлеңдер жинағында:

Менің хикметімнің саны йоқдур,  
Йамма талиблар оқыр имкани йоқдур, – деген жолдар бар екен [10, 129]. Бір хикметінде 99 мың хикметтің айдым деген дерек те кездеседі:

Құл Қожа Ахмад гауһар йаңлығ хикметтің айды.  
Ерәнләргे қызмет қылыш назар тапты.

Тоқсан тоғызы мың хикметтің дастан қылды.

Дастан қылыш, бустан ічрә (ішінде) йүрмәк үчүн.

(Қазан, 1893, 114-хикмет)

Қ.А.Йасаудің ұстаздарының көп басында Арыстан баб тұр. Әкешшесі қайтыс болғаннан кейін Қ.А.Йасауи әпкесі Гауһар екеуі Йасы

## Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

қаласына келеді. Осында Арыстан бабпен кездесіп, одан тәлім-тәрбие алады. Бұл жөніндегі «Диуани Хикметте» айтылған. Арыстан баб қайтыс болғаннан кейін Қ.А.Йасауи Бұқараға барып, білімін жалғастырады. Білімімен, өнегесімен, көрсеткен көрмектерімен сол заманғы ислам әлеміне атақ-дақы қеңінен жайылған Йусуф Хамаданиге шәкірт болады.

«Диуани хикметтің» маңызы жайында Фуад Көпргұлу: «Диуани хикмет» – ислам түркі әдебиетінің «Құтадғу білгітен» кейінгі ең ескі ескерткіші. Араб және парсы тілдерінің дәуірлеп тұрған шақтарында әдебиет, тіл үлгілерінің аз болғанына қарамастан жазылған бұл еңбектің бағасы өте жоғары. Көне әдебиетіміздің ислам дініндегі үлгілерінің ең үздігі. Диуани хикметтің үршактарға берері мол қазына, ұпсы-қыры жоқ білім көзі», деп жазды (Türk edebiyatında ilk mutasavvıflar, Ankara, 1991, s. 119-120).

Қ.А. Йасауи поэзиясы сегіз ғасырга жуық уақыт ішінде түркі тайпалары арасына ауызша да, жазбаша түрде де тараң, бізге жетіш отыр. Қазан төңкерісіне дейін Ыстамбулда, Қазанда, Ташкентте бірнеше рет басылды. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, көшірмелері мен басылымдарының арасында тіл жағынан да, хикметтердің саны жағынан да айырмашылықтар бар көрінеді.

Зерттелу тарихына келетін болсақ, «Хикметтер» діни мазмұнда жазылған шығарма ретінде қаралғандықтан, Кеңес дәуірінде елімізде басылмады, соған сәйкес әдеби тұрғыдан да, тілдік мәні жағынан да зерттелмәді.

Аты куллі әлемге белгілі академик Мехмет Фуат Көпргұлу «Түрік әдебиетіндегі алғашқы мутасаввифтар (сошылар)» деген көлемді еңбек жазып, 1918 жылы Ыстамбулда бастырган екен. Бұғынға дейін бірнеше рет жарық көрді. 1993 жылы Анкарада оның 9-басылымы шықты. Еңбек еki бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі А.Йасауиге, екінші бөлімі Жұніс Әміреке арналған. Бұл еңбек кейін бірнеше рет қайта басылды. А.Йасауиге арналған бірінші бөлімі «Кожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы» деген атпен қазақ тіліне аударылып, 1999 жылы Шымкентте жарық көрді. «Бұл кітапты қазақ тіліне аударып жариялаган түрік ғалымы Кенан Коңтың қыруар еңбегін ризашылықпен атап, әріптесімізге алғысымызды білдіреміз», – дейді академик Рәбиға Сыздық. Ғалымның бұл алғысына біз де қосыламыз. Енбекте Қ.А.Ясаудің ата-тегі, балалық шағы, ұстаздары мен шәкірттері туралы көштеген мағлұматтар, азыз-әңгімелер берілген. «Дивани Хикметтің» маңызы түсіндіріліп, тілдік, әдеби мәні талданған.

Түркітің екінші бір белгілі ғалымы Кемал Ераслан «Хикметтің» Ыстамбул нұсқасын «Диуани хикметтен» таңдамалылар» деген атпен 1983 жылы Анкара қаласында басып шығарды.

Бұл еңбек те бұғынға дейін 3 рет қайта басылды. «Ахмад Яссави. Хикматлар» деген атпен 1991 жылы Ташкентте бір басылым жарық көрді. Мұны Түркияда шыққан кітап негізінде баспаға даярлаған әдебиетші ғалым

Ибраһим Хаққулов. «Девани хикмат» деген атпен 1992 жылы Таңкентте тағы бір кітап шықты. Мұны Қазан нұсқасы негізінде баспаға даярлаған Р.А.Абдушукуров. Осы жылдар ішінде «Хикметтер» көп таралыммен Түркіменстанда да басылды.

Міржақып Дулатовтың «Хазіреті Сұлтан» деп аталатын мақаласы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16-санында жарияланған екен. Жазушы ол мақаласында Түркістан шаһары жайында мынадай мағлұмат қалдырған: «XV ғасырдың аяғына шейін Түркістанның аты Ясы екен. Кішкене ғана Ясы деген қышилақ XII ғасырда Қожа Ахмет Ясауи хазірет Сұлтан келген соң даңқы шығыш кетіпті. 1166 жылы Ясауи опат болып, одан кейін оның бейтін түркі түқымы, әсіресе қазак халқы әр уақыт зиярат етегін болыпты. Зияратқа әр жерден халық көп келетін болған соң, ол жерде сауда ашылып, кішкене қышилақ бірге-бірге зорайып, шаһарға айналды».

«Біздегі Йасауитану 1990 жылдардан бермен қарай жандана бастады», – деп жазды Р.Сыздық [11, 106]. Осы жылы қазан айында Түркістанда «Йасауи әлемі» атты халықаралық жиын – «Дөңгелек үстел» өткізілді. Оған Түркіядан, Америка Құрама Штаттарынан, Франциядан, Италиядан, Польшадан, Мәскеуден, Санкт-Петербургтен, түркі тілдес республикалардан көрнекті түркітанушы ғалымдар қатысты. Бұл жиынға Қазақстан Республикасынан белгілі ғалымдарымыз Ш.Сәтбаева, Р.Сыздықова, Р.Бердібаев, Е.Қажыбеков, М.Жармұхамедов қатысып, өз ойларын оргаға салды. Бұл ғалымдардың газет тілшісіне берген сұхбаттары «Даналықта тағзым» деген тақырыптен «Ана тілі» газетінің 1990 жылғы 41-санында жарияланды. 1996 жылы «Ясауи тағыльымы» деген жинақ Түркістан қаласында басылды. Жинаққа философтардың, археологтардың, тарихшы, әдебиетші, тілші ғалымдардың мақалалары енген. Онда Қ.А.Йасауидің философиялық ойлары, көзқарастары, тариқатының (жолының) тарихы туралы мағлұматтар берілген. Йасауи «Хикметтерінің» тілі, сөздігі, тайқазанға байланысты деректер, сондай-ақ Йасауи мен оның шәкірттері жайлы айтылған ақызы-әңгімелер де бар. «Түркістан тарихы мен мәдениеті» атты жинаққа енген бірқатар мақалалар топтамасы Қ.А.Йасауидің өміріне, туын ескен ортасына және йасауийа ілімінің шығу негіздеріне арналған. Оқырмандар жинақтан Йасауи хикметтерінің қазақ әдебиетімен байланысы, қазақ ақындарының шығармаларындағы Йасауи ықпалы, әулиелі жерлерге қатысты деректермен де таныса алады. З.Жандарбектің «Йасауи жолы және қазақ қоғамы» деп аталатын 256 беттік көлемді монографиясында йасауийа тариқатының қазақ қоғамындағы қызметі мен орны жөнінде жан-жақты сез болады [12].

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі Өкілетті Кеңестің бұрынғы төрағасы Намық Кемал Зейбектің «Йасауи жолы» (Анкара, 1998), «Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер» (Анкара, 2003) деп аталатын екі еңбегі қазақ тілінде жарық көрді (Аударған –

## Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

философия ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай Тұрыснбайұлы). Бұл кітаптарда түрк халықтарының басын біріктіріп, тұтастығын нығайтуға ислам дінінің, А.Йасаудің сонылық ілімінің баға жетпес қызмет еткені туралы тамаша айтылған. «А.Йасауи дүние жүзіндегі екі жұз миллионнан астам халқымыздың ортақ атасы... А.Йасауи біздің тарихымыздың өткені және болашағы. А.Йасауи жолы адамзатты адасудан құтқаратын асыл ойлардың қазынасы...», – деп жазады автор «Йасауи жолы» деп аталатын еңбегінің 8-бетінде. «Бұл кітап Йасаутанудың окулығы десе де болады», – дейді Р.Бердібай ағамыз. Десе дегендей. «Мен бұл кітапты жазған жоқын. Тек қана дайындалдым. Бақша өте үлкен... Сол бақшадан азды-көпті терген гүлдерімді сіздерге ұсынып отырмын. Бұлар – мәңгі солмайтын гүлдер. Егер бұл кітап көңлілізге қонып, ұнап жатса, сан қайтара оқуларыңызды суранамын», – дейді автор [13, 252].

Қ.А.Йасаудің «Диуани хикметі» 1993 жылы тұнғыш рет қазақ тіліне жолма-жол аударылып, «Мұраттас» орталығынан жарық көрді (Аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шағиғи). Аударма 1897 жылы (ескіше 1315 ж.) Істамбул қаласында басылған нұсқадан жасалған. Барлығы 69 хикмет, сонында мінәжат берілген. Бұл басылымның құндылығы сол: кітаптың бірінші белімінде аудармасы, екінші белімінде түшнұска берілген. Сонында сөздік және түсінік бар.

1993 жылы Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар белімінен «Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауи» деп аталатын бір қолжазба табылды. Йасаутанушы М.Жармұхамедұлы бұл қолжазбада кездескен хикметтерді де қазақ тіліне аударып, 2002 жылы «Жалын» баспасынан жеке кітап етіп шығарды. Йасаутанушылар үшін бұл екі еңбек те жақсы дерек көзі бола алады. Өйткені соңғы кітапта да қазақша аудармамен қатар түшнұска да берілген. 1893 жылы Қазан университетінде басылған «Диуани хикмет» жинағы да қазақ тіліне аударылып, 2000 жылы Тегерандарғы «Әл-Хұда» баспасынан жарық көрді. Аударғандар: Қуанышбек Қари, Фалия Қамбарбекова.

А.Йасауи хикметтерін талантты ақын Әбдірап Жәмішұлы да қазақ тіліне аударып, 1995 жылы «Өнер» баспасынан жариялаған еді. Бұдан басқа да қазақ тілінде бірнеше аудармалары бар. 1904 жылы Қазан қаласында басылған түшнұска мәтіні «Арыс» қоры баспасынан жарық көрді.

2010 жылы Түркістан қаласындағы «Тұран» баспаханасынан Қ.А.Йасаудің рухани мұрасына арналған тағы бір кітап жарық көрді [14]. Кітаптың алдында құрастырушыдан деген тақырыштан екі жарым беттік кіріспе берілген. Мұнда «Хикметтерді» аударған он төрт аудармашының есімдері аталып, еңбектері көрсетілген. «Бұл аудармалардың бәрін сәтті шыққан деуге болмайды. Себебі тәржімалардың бәрі түшнұскаға барған деуге келмейді. Ал ғылыми аударма жасағандар түшнұскаға жүгінгенімен де Йасауи шығармасының түскі діни-соғылық мазмұнын мейлінше түсінбеген

сияқты», – дейді. Десе дегендегі, кейбір аудармалар мұлде сын көтермейді. Осы саланың білікті мамандарының бірі профессор Ә.Құрышжанов сондай сәтсіз аударманың бірін сыншып, арнайы мақала да жазды [15, 24-33]. Ясауи ілімі мен мұрасын қоштеп бері үздіксіз зергітеп келе жатқан ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Д.Кенжетай «Ясауді түсіну үшін шығармаларын оку жеткіліксіз. Алдымен Ясауи кім? Оның ішкі әлемі, өскен оргасы, сенімі, ойлау жүйесі, танымы мен болмысының мәні – міне, осыларды тануға тырысуымыз керек» дей келе: «Әрбір сонылық жолындағылар өзара арнайы тіл қалыптастырыған, нәтижеде сонылық терминология пайда болды. Ясауді түсіну үшін соныша тіл білу керек», – дейді [16, 292-293]. Сонылық ілімдегі терминдік мағынаның мазмұны терең, астарлы болыш келеді. Сондықтан соны шайырлардың басым белгі «лисанул гайб» (жұмбақ тіл) аталған еken. «Хикметтердің» қазақша аудармаларындағы ақаулар суфизм терминдерінің мағыналарын дұрыс таныш-білмегендіктен болса керек. Мысалы, Қазан басылымындағы 27-хикметте «Ерәнләрдің фәйзу футух аламадым» деген өлең жолы бар. Осы тармақты бір аудармашы «жарандардан пайда, көмек ала алмадым» деп аударса, екінші аудармашы «жарандардан күш-куат ала алмадым» деп аударған. Енді бір еңбекте «Жарандардан тәлім, береке ала алмадым» деп, ал төргінші бір еңбекте «Ерендерден шабыт пен сыр ала алмадым» деп аударылыпты. Бұл кітапта аудармашыларға қойылар мынадай талаптар санамалап көрсетілген: Араб жазу емлесін білу; араб-шарсы тілдерін, сол сияқты көне түркі мен ескі түркі тілдерін білу; шығармада кеңінен қолданылатын діни тасаууфтық (сонылық) ұғымдар мен түсініктердің түшкі мағынасын толық ұғу (3-б.).

«Диуани Хикмет» жазылғаннан берінде шәкірттері тарарапынан толықтырылып, өзгеріліп отырған. Сондықтан даналық сөздердің қаншасы автордың өзіне тиесілі екендігі күні бүгінге дейін басы ашық мәселе болыш отыр. Сондықтан да, иасауитанудағы ең негізгі мәселенің бірі – «Диуани Хикметтің» канондық мәтінін жасау. Сондағана бұл саланың ары қарай дамитындығы дау тудырмайды», – деп жазады құрастырушылар (4-б.)

«Диуани Хикметтің» қолжазбалары көп. Басылымдар да барышылық.

Бұл еңбекті баспаға дайындауда 1904 жылы Қазанда басылған кітапты (5-басылым) пайдаланған. Өйткені «Диуанның» басылымдарының ішіндегі толығы да, кең тараптанды да осы басылым еken. Кітаптағы араб әрпімен жазылған мәтін осы графикада компьютермен, қайта теріліп, транскрипциясымен қоса берілген. Терілген мәтін кітап параграфының оң жағына, ал транскрипциясы осы беттің сол жағына әрбір шумақтың түсінін жазылған. Жазу тайға таңба басқандай анық, айқын. Пайдалануға өте ыңғайлыш. Мәтінді берудегі осы әдіс бізге қатты ұнады, өзгелерге де ұнау керек. Өйткені бұдан 7-8 ғасыр бұрын араб әршімен жазылған қолжазбаны оку – қызынның қызыны болса, компьютермен терілген мәтін әріптегі жілке

## Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

тізілген маржандай сайрап жатыр. Зерттеушілерге де, оқырмандарға да жүгіртіш оқу қиындық көлпірмейді. Тек ынта болса болғаны.

Еңбекте Қазан басылымындағы 153 хикметтің аудармасы да берілген. Бұл аударманың бұрынғы аудармалардан өзгешелігі сол: мұнда мәтіндегі барлық сөздер жолма-жол аударылмаған. Тек мәтін ішіндегі сөздер мен сөз тіркестеріндең мағыналарын талдаш, сол беттің астына беріп отырган. Сондықтан құрастыруыштар мұны аударма демей, «бүгінгі тілге жақыннатылған мағына» дейді. Мысалы:

Жаһил кіші намаз кадрін качан білур!?  
hәр намазда иман башқын таза болур.  
«Саләт» (намаз) десе ғафыл башын бүркеп үйүр  
Ғафыл құллар умрын елге сатар ермиш.

Аудармасы:

Жахіл кісі намаз қадірін қашпан білер?  
Әр намазда иман бастан таза болар.  
«Саләт» десе ғашыл басын бүркеп үйықтар,  
Ғашыл құлдар өмірін елге сатар екен.

Әрине, мәтіндегі барлық түркі сөздері қазіргі қазақ тіліндегі айтылуымен дәлме-дәл сәйкесе бермейді. Әйттесе де түсінікті. Ондай сөздер қазақ тіліндегі вариантында беріліп отырган тағ-тау, сарығ-сары, тірік-тірі, оғұл-ұл, ығла-жыла, тегді-тиді, татлы-тәтті, түрлүк-түрлі, гүлдек-гүлдей, ермиш-екен т.б.

Фылыми жұмыстар жүргізу үшін аударманың осы түрі тиімді сиякты. Өйткені мұнда өлең құрылсы, өлшемі, сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, ақынның стилі де өзгеріске түспей, сол қалшында сақталған.

Кітап соңында «Диуани хикметтегі» адам аттары мен жер-су аттарына да түсінік берілген. Бұл түсініктерден оқырмандар Мұхаммед (F.C.) пайғамбардың кейбір сақабаларының, сондай-ақ Құранда аттары аталағын бірнеше пайғамбарлар мен әйгілі сопылардың өмірінен қысқаша мағлұматтар ала алады. жер-су аттарының да «Хикметтерді» түсініп оқуға септің тиері сөзсіз.

«Диуанда» бірнеше жерде қасиетті Құран аяттары мен хадистер кездеседі. Кітап соңында олардың да мағыналарын аптыш, талдаш береді.

Ясауи тілінің негізі туралы әр түрлі шікірлер айтылып келеді. Атақты түркітанушы Әмір Нәжіптің шікірінше, қышшак-оғызы әдеби тілінде жазылған [17, 9].

Ә.Нәжіптің бұл шікірін Ясауи «Хикметтеріндең» тілін Самарқанд қолжазбасы бойынша жан-жақты зергтеп, монографиялық жұмыс жазған Үлттық ғылым академиясының академигі Рәбига Сыздық та қуаттайды [18, 192]. Осы іргелі еңбегіндеғалым Самарқанд қолжазбасының факсимиесін (фотонұсқасын) және ол қолжазбаның ескі араб жазуынан қазіргі графикаға

жолма-жол дәл көшірілп транскрипцияланған мәтінін де берді. Автордың айтуышта, бұл ең әріден сақталған және қазіргі кезде белгілі болып отырған көптеген қолжазбалардың ішіндегі ең толығы да екен. міне, Ясауи шығармаларының ең толық қолжазбасы да, басылымы да қолымызда. Олардың әрқайсысын жеке-жеке немесе өзара салыстыра зерттеуге де мүмкіндік туыш отыр.

«Хикметтердің тілі жеңіл, стилі көркем», – дейді Ә.Нәжіп [17, 9]. Шынында, «Хикметтердің» басым көшпілігі жеңіл, қарапайым тілмен жазылған. Сөздіксіз-ақ түсініп оқуға болады. Бір-екі мысал келтіре кетейік:

8-хикмет

Бишект (шүбесіз) біліш бұ дүнийә,  
барча халықтың өтәр-ә,  
Инанмағыл малыңа бір күн қолдың кетәр-ә.

Ата-ана, қарындаш қайан (қайды)  
кетті фікр қыл,  
Төрт аяғлығ чубин (ағаш) ат,  
бір күн саңа йетер-ә.

Дүнийә үчүн ғам үлеме, Хақдың өзгені деме,  
Кіші малыны үлеме, Сират үзра тұтар-ә.  
Әhlі ғайал (әйел), қарындаш, неч кім  
болмайдұр йолдаш,  
Мәрдана (батыл) бол ғаріб йаш,  
ұмрың үелдек өтәр-ә.

Құл Қожа Ахмәд та'ет қыл,  
‘умрың білмәм нечә йыл,  
Әслің білсөң аб-у гел (су және тонырақ),  
Йана гелге кетәр-ә.

Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын әр қырынан алып зерттеу, сөз еткен мақалалар топтамы «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының 2011 жылғы 15-санында басылды. Мақалалардың мазмұнына қарай мынадай тақырыптарға белініп берілген: Өміrbаян, ясауитану, Ясауи дәрістері, сауалнама, таным, Ясауи кесенесі, зерде, Ясауи университеті, Ясауи мұражайы, Ясауи ұстазы, театрдағы бейнеле, Ясауи журналы.

Қ.А.Ясауи мұраларын зерттеу ісімен үзбей айналысын келе жатқан Мекемтас Мырзахметұлы, Досай Кенжетаев, Сәрсенбі Дәуітұлы, Зікірия Жандарбек, Әшірбек Мұминов сынды ғалымдардың мақалалары Ясауитану айдарында берілген.

## Керімұлы Э. Йасауи мұрасының зерттелуі.

Міне, сөйтіш 70 жыл бойына айтылмай, оқылмай, жазба түрде басылмай келген А.Йасауи бабамыздың асыл мұраларын игеруге, зерттеуге өз елімізде де мол мүмкіндіктер жасалыныш жатқанының куәсі болыш отырымыз.

Әмір Темір пәрменімен А.Йасауи зиратының басына орнатылған ғажайыщ, қасиетті ғимарат-кесене Түркістан қаласында. Бұл ғажайып кесене туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Кемеңгер ғұламаның қабірі басына Әмір Темір тұргызыған кесене Орта Азия мен Қазакстандағы ең қастерлі мінәжат орнына айналды. Еділден Ауғанға дейінгі, Қашарға дейінгі ұлан-гайыр кеңістіктең мұсылмандар Қожа Ахмет Ясауи қабіріне тарап етіп қайтуды дәстүр тұтты». Осы жерде академик М.Е.Массонның мына сөзін келтіре кетуді жөн көрдік: «Салынған алыш кесенеге орта Азияда қай жағынан болсын тең келетін күрүліс жоқ. Ол – қайталанбас бітімді дара ғимарат» [19, 3]. 1991 жылдың 6 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен ашылған Түркістан Мемлекеттік университеті де Түркістан қаласында орналасқан. Бұл университет 1992 жылы қазан айының 31-інде Қазақстан Республикасы мен Түркия Укіметтерінің арасындағы келісім нәтижесінде Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болыш қайта күрүлді. Қазір мұнда 10 мыңға жуық студент білім алуда. Оларға «Йасауитану» деген арнайы пән етіледі. Мұның барлығы – қасиетті бабамыздың қалдырыш кеткен асыл ойлары мен маржан сөздерін жас ұрпақтың санасына сіңіру үшін істелініп жатқан иғі істер. Ұлы ойшылдың даналық сөздерін үйренуге деген жастарадың ықыласының күннен күнге артыш келе жатқаны бізді қуантады.

2003 жылғы қазан айында Қ.А.Йасауи мұрасы бүкілөлемдік деп танылып, ЮНЕСКО-ның құрамына енді. Бұл – үлкен қуаныш. Өйткені 1864 жылы шатшалық Россия әскерінің полковнигі Веревкиннің кесенені зеңбірекшеп атыш, 11 жерін зақымдағанын, тайқазанды 1935 жылы Санкт-Петербургтегі Эрмитажға алыш кеткенін және оның 1989 жылы қайтарылғанын тарихтан білеміз.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Қ.А.Йасауи. Диуани Хикмет (Даналық кітабы). Дайындағандар: Қ.Қарі, Ф.Қамбарбекова, Р.Исмаилзәде. Тегеран, «Әл хұда», 2000.
2. Намық Кемал Зейбек. Қожа Ахмет Ясауи жолы және таңдамалы хикметтер. Анкара, 2003.
3. Нысанбаев Ә., Кенжетаев Д. Қожа Ахмет Ясауи // Түркістан. Халықаралық энциклопедия. Алматы, 2000.
4. Қөпргұлу М.Ф. Қожа Ахмет Ясауи танымы мен тағылымы. Шымкент, 1999.
5. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Сочинения, т. Ү, М., 1968.
6. Дербісалиев Ә. Шыңырау бұлақтар. Алматы, 1982.
7. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). Қазақшага аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Деуітұлы, М.Шағиғи. Алматы, 1993.

## **ТҮРКОЛОГИЯ, № 3-4, 2013**

---

8. Қожа Ахмет Яссуи және Яссуийа ілімінің дүниеге келуі // Түркістан тарихы мен мәдениеті. Түркістан, 2000.
9. А.Ясавий. Хикматлар. Ташкент, 1991.
10. Сүйіншөлиев Х. Фасырлар поэзиясы. Алматы, 1987.
11. Сыздық Р. Ясауи тілінің қыпшақтық-оғұздық негізі// «Түркология» журналы, Түркістан, 2002, № 2. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазак қоғамы. Алматы, «Елшежіре», 2006.
12. Намық Кемал Зейбек. Қожа Ахмет Йасауи жолы және таңдамалы хикметтер. Анкара, 2003.
13. Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). (Баспаға дайындағандар: ф.ғ.к. Т.Қыдыр, К.Мұстафаева). Түркістан, «Тұран» баспасы, 2010.
14. Ә.Күршіжанов. Қ.А.Йассуи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // КР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1994, № 5.
15. Қенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Алматы, 2008.
16. Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века, автореф. докт. дисс., М., 1965.
17. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің тілі», Алматы, 2004.
18. «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналы. № 15(27), тамыз, 2011 ж.

### **РЕЗЮМЕ**

*Известно, что работы по исследованию жизни и творчества Ахмеда Йасауи проводились и ранее. В трудах А Навоя встречаются краткие сведения о жизни и «Хикметах». К сожалению, все ценные сведения до нас не доходили. Этому есть несколько причин. Например, в советский период строго запрещали читать, хранить и исследовать источники, написанные арабскими шрифтами. Труды А Йасауи не дооценивались. О его «Хикметах» писали так: «По содержанию стихов Ахмеда Йасауи интереса не представляли. Представлял интерес лишь как документированный материал по истории языка».*

*За последние 15-20 лет «Хикметы» А Йасауи печатались в виде отдельных книг в Ташкенте, Казани, Туркменистане, а также проводились исследовательские работы.*

*У нас исследования «Хикметов» начались развиваться. С 1990-х годов были написаны статья, монографии. Эти работы, в основном, касались автобиографии, религиозной деятельности, религиозно-идеологическом пути Йасауи.*

*В данной статье приводится краткий обзор этих работ.*

*(Керимуллы А. Из истории исследования наследия Йасауи)*

### **SUMMARY**

*It is known that the work on the study of life and creativity Ahmed Yasaui conducted earlier. The writings Navoi A found brief information about the life and "Hikme". Unfortunately, all the valuable information did not reach us . There are several reasons . For example, in the Soviet period is strictly forbidden to read, store and explore the sources written in Arabic fonts. Proceedings A.Yasaui underestimate . About his "Hikmet" wrote as follows: "The content of the verses Ahmed Yasaui representative. Representative interest not only of interest as documented material on the history of language".*

*Over the past 15-20 years, "Hikmat" A.Yasaui published as separate books in Tashkent, Kazan, Turkmenistan, and also conducted research.*

*We study "Hikmet" began to develop. Since the 1990s, were written articles and monographs. These works, mainly related to autobiography, religious activities, religious-ideological way Yasaui .*

*This article provides a brief overview of these works.*

*(Kerimuly A. History of Heritage Research Yasaui )*

### **Керімұлы Ә. Йасауи мұрасының зерттелуі.**

---

*A.Yesevi'nin hayatı ve hikmetleri hakkında A.Nevai'nin eserlerinde de kısaca yazılır. Ama bunun gibi kaynakların birçoğu maalesef elimizde bulunmaktadır. Son 15-20 yıl içinde Yesevi hikmetleri Taşkent, Kazan ve Türkmenstanda kitabı halinde yayınlanmıştır. Kazakistan'da ise Yesevi Tanı ilmi 1990 yıldan itibaren gelişmeye başlamıştır. Yazar iş bu makalesinde sözkonusu çalışmalarını değerlendirmektedir.*

*(Kerimoğlu A. Yesevi mirasını araştırma tarihinden)*

**Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ**

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

**Қ.А.ЯСАУИ ІЛМІ - ҮЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТІМІЗДІҢ АСЫЛ ЖЕЛІСІ**

Мақалада Қ.А.Ясаудің сопылық ілімі немесе адам санасын тәрбиелейтін хал ілімінің бүкіл қазақ әдебиетіне еткен әсері және оның маңызы туралы айтылады. Қ.А.Ясау заманында жаңалық болып енген сопылық ілім негіздері біртінде, көркемдік дәстүрге айналды. Ясау ілімі құргақ насхаттен емес, көркемдік ойлау жүйесіне түсіріліп, сол арқылы жастан көріге дейін түсінікті түрде халық санасына сіңірлгенін автор әдебиеттің түрлі жанрлары арқылы түсіндіреді. Қазақ мақалдарындағы, аңыздары мен ертегілеріндегі, халық әндері мен ғұрыптық жырлардан Ясау ілімінің көріністерін нақты мысалдармен дәлелдейді. Халық ауыз әдебиетін кейінгі толқынга жеткізген айтуышлар өздері терең түсінген Ясау ілімін бұрыннан келе жасқан оқиға астарына шебер үйлестірген. Сол арқылы үлттың рухани тірегі болған ілімді түсінікті және жеңіл мәңгеруге мүмкіндік жасағанын сөз етеді. Ясау ілімін халық санасына қайтадан бұрынғыдан сіңіру үшін автор әдебиет нұсқаларын балабақшадан бастап оқу орындарында дұрыс оқытуды жөнде қоюды ең тиімді әдіс деп көрсетеді.

**Кілт сөздер:** көркемдік дәстүр жалғастығы, көркемдік жаңашылдық, жүрек тазалығы, сопылық таным, діндар дәүірдегі жанрлық өзгерістер, дәруіш, хикмет, ертегі, мақал, аңыз, жыр.

Әдебиеттегі рухани сабактастық сол елдің көркемдік ойлау жүйесіне әсер етіп отырады. Жалпы көпшілкітің сенген сенімі әдебиетте негізгі желі болып тартылып жатады. «Үнемі өзгеріс үстінде болатын дәстүр мен жаңашылдық – әдебиет пен өнердегі дамудың қайнар көзі. Сондай-ақ дәстүрлік байланыстар мен жаңашылдықтың сабактастық ықпалы өнердің тарихи үздікіз эволюциясын ғана емес, адам баласының көркем ой мәдениетінің өсу жолын да бейнелейтін эстетикалық қазына болмаға» [1, 19], - дейді ғалым Б.Әбдіғазиұлы. Бір дәүірде жаңалық болып көрінген көркемдік ойлау жүйесіндегі ерекшеліктер біртінде уақыт өте келе дәстүрге айналары анық. Осылай алдыңғы толқын мен соңғы толқынның рухани байланысы жалғасып жататыны өмір заңдылығы.

Ғалым Н.Келімбетов «Көркемдік дәстүр жалғастығы» деген еңбегінде әдебиеттегі дәстүрді әр қырынан қарастыруға болатынын көрсетеді. Өлең құрылыштары жағынан, тілдегі көркемдегіш құралдардың пайдалану әдістерінің дәстүрге айналуы т.б. [2]. Түрік, оның ішінде қазақ әдебиетіндегі көркемдік ойлау жүйесіндегі үлкен дәстүр ислам моралі негізіне сүйеніп, ар

## Камалқызы Ж. Қ.А.Ясауи ілімі – ұлттық әдебиетіндің асыл...

тазалығын, жүрек тазалығын насихаттаған сопылық танымның дәстүрге айналуы болып табылады екен. Және осы желі біздің исламнан кейінгі көркемдік ойлау жүйеміздің негізі екені белгілі. «Қазақ даласында жаңадан пайда болған кезде сопылық поэзия, ең алдымен, өзінің сонылығымен танылғаны дау туғызбайды. Оның тың мазмұны өзінен кейінгі халық поэзиясына ықпал жасады» [3, 4], - дейді ғалым Б.Қорғанбеков. Алдымен жаңалық болып басталып, кейіннен дәстүрге айналатыны, ол біртінде сол уақыттағы елдің рухына сіңісетін түсінікті. «Елде жоқ рух ақын сөзінде де болмайды. Елде бар рухты ақын ықтимал дәріпте, қүштіп, көптіріп, көркейтіп айтуды. Бірақ жұртта жоқ рухты ақын өзінен шыгарып айта алмайды. Ақын сөзінде жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» [4, 416], - дейді Ахмет Байтұрсынов. Демек, елде, елдің көркемдік ойлау жүйесінде орнықкан мәселе ақын шығармашылығына арқау болады. Соны дамытады, түрлендіреді, жаңартады. Сонау он бірінші ғасырда жаңалық болып енген сопылық таным негіздері қазақтың көркемдік ойлау жүйесіне қалай әсер еткені жөнінде соңғы кездері жақсы еңбектер жазылыпты. Р.Бердібаевтың «Ғасырлар толғауы», М.Жармұхамедовтің «Қожа Ахмет Ясауи және Түркістан», М.Мырзахметұлының «Суфизм және қазақ әдебиеті», А.Абуовтың «Мировоззрение Ходжа Ахмеда Яссави», Б.Қорғанбековтің «Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикметі» және қазақ фольклоры» деген еңбектерінде сөз болады. Ғалым Б.Қорғанбеков өз зерттеуінде Ясауи хикметтерінің қазақ көркемдік ойлау жүйесіне еткен әсерін тереңірек түсіндіреді. «Ясауи хикметтерінің әсерімен қазақ фольклорында көркемдік дәстүрлер мен кейбір жанрлық түрлер қалыптасты. Бұл қатарда айтыс үлгісіндегі өлең-жырларды, мысал айтыстарды, ғұмырнамалық суреттеулерді айтпақ ләзім. Қазақ фольклорындағы жанр деуге келмейтін, бірақ кейбір жанрлық сипаттарға да ие бола бастаған, тақырыптық түрғыда топтасатын мақтау, даттау, өсіет, болқау, насиҳат сөздерінің мазмұны мен көркемдік тәсілдері «Диуани хикметпен» тікелей қабысып жатады. Олардың дәстүрге айналуында да «Диуани хикметтің» орны үлкен екені осыдан байқалады. Қисса-дастан, терме, жанрларының өркендеуіне хикметтердің өте күшті ықпал еткенін аңғару да киын емес. Кейбір хикметтердің мазмұны мен бейнелеген әрекет түрлері фольклорлық эпостардағы жекелеген образдардың қалыптасуына септігі тиген» [3, 125-126]. Осы айтылғандарды жеке-жеке саралай зерттеу қажеттігі көрінеді. Ясауи хикметтерінің әсері біріншіден, жанрлық түрдің қалыптасуына әсер еткен. Бұны А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышында» нақтылады Ясауи әсері демесе де, «Діндар дәуір әдебиетіндегі жанрлық түрлер ретінде көрсетеді. «Діндар жағының басымдығымен айрылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насиҳат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме» [4, 435]. Ғалым жоғарыдағы жанр діндар дәуірінде пайда болған жанрлар деп көрсетеді. Демек, бұл жанрлар Ясаудің хикметтерінің ықпалымен енген. Жаңалық

біртіндеп дәстүрге айналған, жаңр болып қалыптасқан. Бұл жаңрлардың «Диуани хикметтен» бастау алғандығын болашақта тереңірек зерттеуге болады деп есептейміз. Өсіресе, жыраулар поэзиясындағы алдағыны көріпкелдікпен болқау дәстүріне де хикмет негіз болғандығын ғалымдар мойындаиды екен. Белгілі фольклортанушы ғалым Ю.Лотманның мына сөзін ғалым Б.Қорғанбеков өз пікіріне тірек етіп алады: «Осы арада тағы да бір ескерер жайт – егерде жазба мәдениет өткендегіге бағышталса, ауызша мәдениеттің бағыт-бағдары – болашақ. Сондықтан да соңғысында болжаудың, көріпкелдіктің, әулиеліктің атқарап ролі ерекше» [3, 27]. Бұны С.Мұқанов та айтып кеткен екен. «С.Мұқанов айтқандай, тариқаттың, атап айтқанда, Ясауи тариқатының өкілдері болды. Олардың барлығы шығарма мәніндегі Ясауи хикметтерін үздіксіз оқу, жаттау арқылы ілім ретіндегі хикметке қол жеткізген. Ал хикмет ілімі олардың болашақта не болатынын көрсетіп кеткен және кейінгі ұрпақтың адаспауы үшін қалдырыған шешендейдік болқау сөз, ақыл-нақыл, есінет, насиҳат термелері мен нақыл сөздерін тудыруға себеп болды» [3, 27]. Асан, Бұқар бабаларымыздың болашақты болжаған ғажайып толғауларының, ондағы көріпкелдіктің түп негізі осы Ясауи хикметтері арқылы қол жеткізген хал ілімінің нәтижесі дегенді айтады ғалым. Олай болса, жыраулардың барлық ғалымдар толық мойындаған әулиелік, көріпкелдік сипаты олардың Ясауи ілімін менгерген жандар болғандығынан деп түсінген де артық болмас. Тек сондай ілімді терең менгеруімен қатар өздері де адаптациялық, таза жандардаған әулиелік, болжағыштық қасиет болатыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомалық шындық десек болады. Атақты Асан қайғы бабаның: «Құлы-құлы заман болар, Қарағай басын шортан шалар», - деген жұмбакты толғауын шешетін Бұқар жырау толғауының өзі жыраулардың көріпкелдік қасиетін танытады. Абылай хан жанында отырып, жайғана кеңесші емес, алдағыны болжайтын ерекше қасиеті болғандықтан абыз жырау Бұқар «көмекей әулие» атанғаны осы Ясауи баба іліміне сүйенген ерекше жан болғандығына дәлел болады деп ойлаймыз.

Осындай көріпкелдік қасиет билерде де болған. Бұган солардан қалған шешендейдік сөздерден дәлел табуга болады. Мысалы Майқы бидің келешек заманды болжағанын мысалға келтірсек те болады. «...Әлі заман өзгерер, Өзгергенін көз көрер. Мінгенің арба болар, Бар құс қарға болар, Жансыз арба ат болар. Өз балаң өзіңе жат болар. Темірден құс болады, Ұрпағының көргені сұс болады. Ерек жасып и болар, Қатын тұлданып би болар. Сары судан ас болар, Жұрт пақыр болар, жер тақыр болар, Осындай құлы заман болар». Би сөзінде айтылған заман құбылысы дәл келгеніне ешкім дау айта алмайды. Бұл қасиет кез келген адам бойында болмайтынын да дәлелдеудің қажеті болмас. Жүргегі таза, сенімі қеміл, пенделіктен жоғары тұрган жандарғаған заман Алла сыйлаған ерекше сый екенін түсінген дұрыс.

## Камалқызы Ж. Қ.А.Ясауи ілімі – ұлттық әдебиетіндегі асыл...

Ясауи хикметтеріндегі сопылық таным қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрларында анық көрінеді. Мақал-мәтел, жұмбақтардан бастап, барлық ұлкенді-кішілі жанр түрлерінен бұны анық көргөте болады. Мақалдарды алайық. Мақалдардың шығу тарихынан әңгімелейтін көптеген аңыз әңгімелер кездеседі. Мысалы: «Көп ауыз жиылса, бір ауызды жоқ қылар» деген мақалдың шығуы туралы әңгімені еске түсірейік. ...Ертеде жастары алпыстан асқан үлкен кісілер жиналыш, бір мәмлеке келіпті. Енді біз күш пен қайрат көрсете алмасыз, бірақ көргеніміз бен білгенімізді жиган-терген ақылдарымызды кейінгілерге беріп отыратын уақытқа келдік. Енді өр жұма сайын осынау төбөгө жиналыш, әрқайсысымыз бір өсiet айтып кетеміз. Егер кейінгілерге өсiet боларлық ақыл айта алмаған қарт болса, оның әрі қарай өмір сұруінің қажеті болмас, дарға асамыз деп бәтуәласыпты. Уәделі уақытта тағы жиналышты. Барлығы бір ауыз сөзбен тұшымды ойлар айтыпты да, ішінде бір қарт еш сөз таба алмай келіпті. Уәдені құдай аты деп білетін ұлттымыздың қасиетті қарттары өз сөздерінде тұру үшін, әлгі қартты дарға асуға әкеліпті. Дар жібі мойнына ілінген сэтте, әлгі қарт қолын көтеріп, сөз сұрапты. Сонда әлгі қарт: «Көп ауыз жиылса, бір ауызды жоқ қылар», - деген еken. Мақал жай уақытта шықпайды. Ойдың мәйегі, сөздің қаймағы болатын себебі, бүкіл ұлттың сенімі, дүниетанымы, білімі жиналыш, қорытындыланатынын осы әңгіме дәлелдейді. Қазақ мақалдарына таңданбайтын адам жоқ. Небір философтар айтты деп таңдай қағып жазғандарын біздің ұлт онша таңданбай қабылдайды. Өйткені олардың айтқандарын біздің мақалдарымыз бен мәтелдеріміз түйіндең қойған.

«Көп қорқытады, терең батырады» деген мақалдың шығуы туралы әңгімede де осындағы қызықты дерек бар. Аппақ сақалы беліне түскен қартты кездестірген ханзада, ұлттымыздың дәстүрі бойынша, атынан түсеп қалып, қарттан бата беруін сұрайды. Қарт бір ауыз дұрыс ой айта алмай, қиналыш қалады. Бұған ханзада қатты ашуланады. Осынша жасқа келгенише, жастарға өнеге боларлық дұрыс сөз айта алмағанына қаһарланады. Өнегесіз қартты суга лақтырып жіберуді бұйырады. Суга ағып бара жатқан карт қолын көтеріп: - Даt! – дейді. Ашулы ханзада қартты судан шығартады. Қарт: «Көп қорқытады, терең батырады», - дейді. Бұдан шығатын қорытынды: өте бір сын сэтте осылай мақал болп кеткен қорытындылар жарыққа шығады. Мақалды да шығаратын - ұлт рухындағы бар сананы бойына сіңірген жандарғана. Галым Б.Қорғанбеков бұл мақалдың шығу тегі туралы әңгіменің Ясауи дәрүiштері туралы аңыздар арасында кездесетінін айтады. Ясауи шәкірттері айтқан қорытындылар халық арасында мақал болып жүр деген пікір айтады. Бұның шындыққа жақындығын мақалдардың терең мазмұны дәлелдейді. Және сол мақалдардың дені Ясауи ілімін бойына терең сіңіргендігі. Біраз мақалдардан осы ілімнің көрінісін іздең көрейік. «Үй өзімдікі деме, үй артында кісі бар», - деген мақалды әрбір адам біледі. Бірақ осында Ясауи ілімі жатқанын көпшілік біле бермейді. Ясауи туралы аңыздың бірінде

ұстазы жас Ахметке және оның қасындағы барлық шәкірттерге бір-бірден тауық береді де: - Құдай көрмейтін жерде бауыздап әкеліңдер! - деп тапсырады. Ертеңіне барлық бала бауыздалған тауықты әкеледі. Бірі: «қараңғы жерде бауыздадым», бірі: «үйдің тәбесіне шығып бауыздадым», бірі: «көрпенің астында бауыздадым», - деп мақтанышпен баяндап жатыпты. Тек жас Ахмет шәкірт қана тірі тауықты қайтарып әкеліпті. Неге бауыздамағанын сұраған ұстазына: «Құдайдың көзі түспейтін жерді таба алмадым», - деп жауап беріпти. Берген білімінің текке кетпегенін керген ұстазы: «Мениң бір-ақ шәкіртім бар еken», - деген еken. Осы аныздың тағы бір нұсқасын «Қожа Ахмет Ясауи есімімен байланысты аңыз, әпсана, хикаялар» (құр. Б.Қорғанбеков. Алматы. «Эффект». 2009. 152 б.) деген кітапта былай береді: «Ақ ата шәкірттерін сынау үшін: «Шырақтарым, әрбіріңіз үйге барған соң, Алла тағаланың көзі түспейтін бір жайды тауып, сонда тауықтың тұмсығын сүйіп аларсындар», - депті. Бала біткен Ақ атаниң айтқанын бұлжытпай орындаиды. Тек Ахмет қана үйіндегі тауығын бір дорбага салған күйі ұстазына қайтып келеді. – Ата, қайда жасырынсам да, Құдайдың көзі мені көріп тұргандай, сондықтан тапсырмаңызы орындаі алмадым, кешіріңіз..., - депті. Сол кезде Ақ ата Ахметті бауырына басып: - Бәрекелді балам, Алланың сүйген құлы сен болармысың» - депті қуаныштан тебірене көзіне жас алып» [5, 33]. Аллаға шын сенген жандар Алланы еш уақыт есінен шығармайды, Алладан ешбір ісін де, ойын да жасыра алмайтынын біледі. Жоғарыдағы аңыз осыны қарапайым ғана түсіндіреді. Ал, «Үй өзімдікі деме, үй артында кісі бар», - деген мақалды көпшілік тек үй сыртында қонақ бар болуы мүмкін деп түсіндіреді. Бұл қонақ емес, үнемі бізді бақылауда ұстайтын ақылға сыймас құдіретті құшті айтқаны деп түсінуіміз керек. Яғни, Ахмет Ясауи сонау жас бала кезінде, Ақ атаниң шәкірті болып жүрген кезде таба алмаған «құдайдың көзінен таса жердің жоқ» екендігін айттып отырғаны деп түсінгеніміз дұрыс болар деп ойлаймыз. Тағы біраз мақалдардан Ясауи ілімінің сайрап жатқан ізін іздел көрейік. «Қырық жыл қыргын болса да, ажалды өледі», «Сабырлы жетер мұратқа, асықкан қалар ұятқа», «Ата-анаң жынды болса, байлан бак», «Кағба анаңың аяғының астында», «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Әке қарғысы – оқ», «Жаңбырменен жер көгерер, батаменен ер көгерер», «Алтын алма, бата ал», т.б. мақалдар Ясауи ілімінен суарылған қорытындалар екені көрініл тұрады. Қарғыстың қатерлі екені талай заманнан бергі түрлі елдер әдеби мұраларында кездесетіні шындық. Бірақ бұл, өсіресе, біздің аңыздар мен ертегілерде өте көп сақталған. Ел қарғысина ұшыраған саудагердің тасбақаға айналуы, пітір бермеген Қарынбайдың өзінің көртүшқанға, қимаған малы жабайы аңға айналып кетуі, қанағатсыз қыздың әке қарғысынан тасқа айналып кеткенін әңгімелейтін «Келіншек тау» аңызы, т.б. көркем мәтіндер қатты сілкінген ойдан туатын нала мен қарғыстың қасіретті нәтижесі туралы ой салатын ұлағатты танытады. Бұндай оқиғалар Ясауи туралы аңыздарда өте көп

Камалқызы Ж. Қ.А.Ясауи ілімі – үлттық әдебиетіміздің асыл...

ұшырасады. Мысалы: Ясауиге жала жапқан ағайынды ұрылар Ақман мен Қараманның итке айналып кетуі сияқты толып жатқан әңгімелер бар. Халық аузында ең ауыр қарғыс түрі делінетін: «Өзің білме, білгеннің тілін алма», - дейтін сөз бар. Бұл да тікелей Ясауи ілімінің нәтижесі деуге болады. Алла туралы ақиқатты өзі білмесе, білгеннің тілін алмаса, мәңгі тамүқ отында жататын жандар азабын түсінген жандар ғана бұның ауыр салмағын ұғынады. Бүкіл қазақ мақалдарын екшеп, мағынасына терең үніле қараган жанға Ясаудің қасиетті ілімінің халық санасына соншалықты сіңгенін де көре алар едік.

Балалар ойындарына арналған сөздерде де, балаларға арналған қысқа әңгімелерде де Ясауи ілімі анық көрінеді. Мысалы, «Бес саусақ бірдей емес» деген мәтел бар. Осыған лайық шығарылған қысқа әңгіме бар. «Бас бармақ ұрлық қылайық», - депті. Сүк саусақ: «Қылсақ қылайық», - депті. Ортан қол: «Құдайды қайтеміз», - депті. Аты жоқ саусақ: «Құдайды да сойып жейміз», - депті. Шынашақ: «Иә, құдайды сойып, қан-жынына бір тоямыз», - депті. Содан саусақтар осылай (саусақты жайып көрсетеді): бас бармақ ұрлық қылайық дегені үшін өзгелерден бөлеқ, тарбыппа бітіпті, ұрлық қылуга келіскеңі үшін сүк қол да қысқа болып қалыпты. Құдайды ойлаған ортан қол ерекше әдемі, бәрінен биік болды. Құдайды да союоды ойлаған аты жоқ саусақ қисайып, соны қолдаған шынашақ әрі жінішке, әрі әлсіз болып қалыпты». Әжелердің осы әңгімесін тыңдаған бала саусағына қарап отырып, көп ғибрат алары анық. Жайғана өсіет емес, Ясаудің қасиетті ілімінен берілетін алғашқы сабак алады. Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше құнды саласы – ғұрыптық жырлар, соның ішінде жоқтау жырлары. Бұл жырларда қазақ ұлтының бар тыныс-тіршілігі, мәдениеті мен тарихы сол қалпында сақталған. Әсіресе, жоқтау жырларының маңызы ерекше. Ұлы ғұлама М.Әуезов жоқтау жырлар қаһармандық эпостарға негіз болғандығы туралы ғылыми қорытынды айтады. Өлім үстінде тек шындық айтылатынын ескерсек, бұл жырларда еш жерде жазылмаған тарихи шындық сақталғанын да ерекше атап көрсетеді. «Алаштың Аханы» атанған А.Байтұрсынов қазақ арасындағы атақты адамдардың өлімі үстінде айтылған 23 жоқтауды арнайы кітап етіп бастыруында да ғұламаның сөзбен айтпаған ерекше бағасы жатыр деуге болады. Біз тақырыбымызга сәйкес, жоқтау жырларының бұл ерекшеліктеріне тоқталмаймыз. Жоқтау жырлары да Ясауи ілімі сінірілген гажап және аса құнды әдеби туынды екеніне сәл тоқталмақтыз. Бұны академик Р.Бердібай біраз жақсы түсіндіргенін де оқырмандардың есіне салмақтыз. «Жоқтау жырлары», «Бісміллә сөздің басы еді» деген арнаулы мақалаларында бұл жырлардың құндылықтарына терең талдаулар жасайды [6]. А.Байтұрсынов жинаған жоқтаулардан «Төлебай» деп аталатын жоқтаудан сөзімізге дәлел іздел көрелік. Себебі бұны айтқан сол Төлебайдың он екі жасар қызы екен. Жоқтау сөздерінен шығарушы да сол қызы баланың өзі сияқты болып көрінеді. Демек, Ясауи ілімі арқылы ислам дініне деген

сенім жас пен көрігे бірдей түсінікті болғанына да дәлел бола алады. Жанын жеген қайғының өзін басатын, ерекше қуат беретін, жылап отырып әнге салдыратын не құдірет? Осыны іздегендеге тапқанымыз – бүкіл қазақ қоғамының негізгі тірері болған Қ.А.Ясауи ілімі екені. Жоқтауды бастағанинан, қайғылы жанды сабырға шақыратын – Аллаға деген сенім. Біз сөз етіп отырған жоқтауда жас қыздың өзі алдымен өзін сабырға шақыратын сенімді көңіліне орнықтырып алады.

«Әуелі Адам пайғамбар,  
Екінші сөзім Мұхамбет.  
Дүниеге шықсан - бар өлім,  
Мұхамбетке болса үмбет» [4, 164].

«Өзекті жанға бір өлім» деп бабалар қорытқан ой керініс береді. Қадірлі жанның бар жақсы қасиеттерін айттып, зар төккен автор, қазақ жоқтауларындағы белгілі тәртіп бойынша, тек қана өлген жанның о дүниеде жақсылық көруін ғана тілек етеді.

«Жаннагаттан болып орының,  
Ұжмақтың ашқын шарабын.  
Қысқартайын қош енді,  
Мұқтасар-айлас тамамын» [4, 168].

Әсіресе, жоқтаудың соны осындағы ізгі тілекпен аяқталады.

«Жаннагаттан болгай талабың,  
Ашық та болгай жауабың.  
Нұрга толғай қабірің,  
Жоғары үшқай сауабың.  
Үмбетім деп Мұхамбет,  
Шапағат еткей назарын.  
Әулиелер жар болып,  
Ұжмақтың ашқай шарабын.  
Он екі имам, шадияр  
Артылдырғай қадамын.  
Дұгасын қабыл алғайсың  
Артында ізгі баланың.  
Айта берсем, сөз көпті,  
Дүниеден қайтпай кім кетті?  
Дұғадан жоқтаң, жақсылар,  
Бағышта аят көламын»» [4, 170].

Өлім үстіндегі қайғылы жандарға ерекше байыппен сөйлеп, ерекше сабыр сақтауга бағыт берген сопылық ілім екенін көреміз. «Сендер жылайсындар, құдайға қарсы боласындар, жаратушы Аллаға шерік қосасындар», - деп өздерінше шаригат айтатын шала молдалар осы жоқтаулардан Ясауи ілімін үйренулеріне болады. Жоқтау айту арқылы қайғылы жан қайғысын беліседі, айналасымен диалогқа түсіп, ауыр қайғыдан серпіледі. Өлген жанның жақсы

## Камалқызы Ж. Қ.А.Ясауи ілімі – ұлттық әдебиетіндің асыл...

істерін есіне алады. Ең соңында, сабырға келіп, о дүниедегі жақсылығын тілейді. Жоқтау жырларында тұтасымен ислам шарттары, ислам дінінің ережелері көрініс береді. Әсіресе, Қ.А.Ясауи негізделген сопылық ілім бұл жырлардың мағынасын арттырып, құлаққа сонша жағымды, көңілге қонымды етіп тұрады. Өлімнің артын күту мәдениетінің қазактарда соншалықты жоғары көтерілген себебін де ұқтырады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі эпикалық прозаның ең көркем түрі – ертегілер. Қазақ ертегілерінің керемет тілі мен терең мазмұны бүкіл әлем халықтары ертегілерінен әлдеқайда әрі көркем, әрі қысынды қыстырылған. Соның сырын да енді ұққандаймыз. Ертегілеріміздің де негізінде Ясауи ілімі сінірілген екен. Ертегішілер де осы ілімді меңгерген жандар екеніне анық көз жеткендей. Мектепте оқыған «Аяз би» ертегісін алайық. Сондагы Жаман, біздің ойымызша, Ясауи шәкірті немесе Ясауи ілімін менгерген жан деуге әбден болады деп ойлаймыз. Жаманның сыртқы кейпін ертегіде былай береді: «Таудың етегінде үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, ұсқынсыз бір адам бес-он қойды бағып жүр екен» [7, 55]. Жаманның өзін Мадан хан алдында жаман екенін дәлелдейтін сөздеріне де мән бере қарайық. «Мениң жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алым, бала көрді, келін жұмсан, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі қүнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлышылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба?» [7, 57]. Жасы елуге келгенінше, сонша ақылды бола тұра, неге ел аралап жүр деген сұрап кімнің де болса ойында тұрары анық. Ертегі ғой деп кейбір мәселелерге онша мән бермейтініміз анық. Міне, мән бере қарасақ, Жаман өзінің дәруіш екенін өз аузымен айттып береді емес пе? Дәруіштер туралы Қ.А.Ясауи хикметтерінде былай дейді:

«Кіймдері мың шоқпыт, көңілінде бір Алла,  
Қызмет қылар әр күні тыным таппас, дәруіштер.  
Иінінде кір шапан, көкірегінде жұз мың арман,  
Бұл дұние опасыз, көзіне ілмес дәруіштер.

Иығында шапаны, қолға ұстаған асасы,  
Ізгі мұрат жанында, Алла дейді дәруіштер.  
Арғы тегі пақырлар, көңіл шаһарын кезгендер,  
Жан сарайы нұрланып, бақыт кешкен дәруіштер» [8, 83].

Жоғарыда ертегі мәтініндегі Жаман туралы берілген мәліметтер, хикметтегі дәруіштерге берілген сипаттамаға сәйкес келіп тұрганын ешкім жоққа шығара қоймас. Ертегідегі Менлі сұлу мен Жаманның арасындағы символдық диалог та Ясауи іліміне негізделген баяндау. Ясаудің өзі де, Ясауи ілімін менгерген жандар да осылай ақылы мен білімдерін сынасатын болғандығы туралы көптеген аңыздар сыр шертеді. Тіпті, бойындағы ерекше хикметті таныту үшін де осындаі ішкі тартыс символдық диалогтар арқылы жүзеге асып отырған. Ең қысқа мысал Мұхаммет с.ғ.с. пайғамбарымыз өзінен

кейін төрт жұз жыл өткенде дүниеге келетін үмбетіне аманат етіп құрма қалдырыпты дейді аңыз. Сол құрманы Арыстан баб өзінің аузында сақтап, Ясауиге жеткізіпті делінеді. Осындағы құрма символдық түсінік деуге болады. Құрма алғанын Ясау бабамыз өз хикметтерінде де айтады.

«Жеті жаста Арыстан бабам іздеп тапты»,  
«Жеті жаста Арыстан Бабқа қылым салам,  
Мұстапаның аманатын бер деп маған».  
«Құрма беріп, басым сипап, назар салды».

